

А. Қ. Қалиев

ҚАЗІРГІ ТҮРІК ТІЛІНІҢ
ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫ

Оқу құралы

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

ӘОЖ 81'373 (075.8)
КБЖ 81.2 Түрік я 73
Қ 26

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
шығыстану факультетінің Ғылыми кеңесі
және Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған
(№2 хаттама 12 ақпан 2016 жыл)*

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы, профессор **Р.А. Авакова**
филология ғылымдарының кандидаты, доцент **А.Ә. Тұрғанбаев**
филология ғылымдарының кандидаты, доцент **Б. Қапалбеков**

Қалиев А.Қ.

Қ 26 Қазіргі түрік тілінің лексикологиясы: оқу құралы /
А.Қ. Қалиев. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 238 б.
ISBN 978-601-04-1874-5

Оқу құралында қазіргі түрік тілі лексикологиясы және оның семасиология, фразеология, этимология сияқты тарауларының зерттеу нысандары мен қазіргі қазақ тілі лексикологиясының байланысы нақты мысалдар арқылы тиянақталып талданады.

Аталған оқу құралы студенттер мен магистранттарға, түріктанушы мамандарға, жалпы түрік тілін үйренушілерге арналады.

ӘОЖ 81'373 (075.8)
КБЖ 81.2 Түрік я 73

МАЗМҰНЫ

Кейбір қысқартулар мен шартты белгілер	7
Кіріспе.....	9
I модуль: 1-3 лекция. ТҮРІК ТІЛІНІҢ ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫ (TÜRK DİLİNİN KELİME HAZİNESİ)	12
1.1. Түрік тілінің лексикологиясы туралы жалпы түсінік (Türk Dilinin Kelime Hazinesi Hakkında Genel Bilgi)	12
1.2. Қазіргі түрік тілінің негізгі сөздік қоры мен сөздік құрамы және кірме сөздер. (Çağdaş Türkçenin Temel Ve Genel Söz Varlığı Ve Yabancı Kelimeler)	15
1.2.1. Қазіргі түрік тілінің негізгі сөздік қоры (Çağdaş Türkçenin Temel Söz Varlığı)	15
1.2.2. Қазіргі түрік тілінің сөздік құрамы (Çağdaş Türkçenin Genel Söz Varlığı).....	18
1.2.3. Қазіргі түрік тіліндегі кірме сөздер (Çağdaş Türkçedeki Yabancı Kelimeler).....	24
II модуль: 4-7 лекция. ТҮРІК ТІЛІНІҢ СЕМАСИОЛОГИЯ (TÜRK DİLİNİN ANLAM BİLGİSİ)	37
2.1. Семасиологиясы туралы жалпы түсінік (Anlam Bilgisi Hakkında Genel Malûmat).....	38
2.2. Сөз, ұғым, мағына және мағына түрлері. (Kelime, Kavram, Anlam Ve Anlam Türleri).....	39
2.3. Жалпы және жалқы мағыналылық (Genel Ve Özel Anlamlılık).....	42
2.4. Тура мағына, туынды мағына және ауыспалы мағына (Gerçek Anlam, Yan Anlam Ve Mecaz Anlam).....	42

2.5. Сөздерде ауыспалы мағына туғызудың кейбір әдіс-тәсілдері (Sözcüklere Mecaz Anlam Kazandırmanın Bazı Yolları)	45
2.5.1. Теңеу немесе ұқсату заңы (Benzetme veya Aktarma)	45
2.5.2. Метонимия (Ad Aktarması, Düz Değişmece, Mecaz-i Mürsel).....	47
2.5.3. Синекдоха (Ad Aktarmasının Bir Türü).....	49
2.5.4. Тұрақты метафора немесе парафраз (Dolaylama)	50
2.5.5. Шенеу, мысқылдау, сарказм (Tariz, Dokundurma).....	51
2.5.6. Табу, эвфемизм және дисфемизм (Tabu, Güzel ve Kötü Adlandırma)	51
2.6. Бір және көп мағыналылық (Tek Ve Çok Anlamlılık)	53
2.7. Омонимдер (Eş Sesli Kelimeler Veya Eş Adlılık, Eş Yazımlılık)	54
2.7.1. Лексика – семантикалық тәсіл немесе сөздердің мағыналық өзгерістері (Anlamsal ölçüt).....	55
2.7.2. Фонетикалық тәсіл немесе фонетикалық өзгерістер (Sesbilimsel ölçüt)	55
2.7.3. Морфологиялық тәсіл немесе морфологиялық өзгерістер (Biçimbilimsel ölçüt).....	56
2.7.4. Омонимге ұқсас лингвистикалық құбылыстың бірі – пароним (Söylenişi Benzer Kelimeler).....	57
2.7.5. Омонимге ұқсас лингвистикалық құбылыстың екінші бір түрі – каламбур (Ironi, Dolaylı Ve Alaylı Anlatım).....	58
2.8. Синонимдер (Yakın Anlamlı Kelimeler, Eş Anlamlı Kelimeler)	61
2.8.1. Мағыналары бір-біріне жақын сөздер (Yakın Anlamlı Kelimeler).....	61
2.8.2. Тең (бірдей) мағынада жұмсалатын сөздер (Eş Anlamlı Kelimeler).....	63
2.9. Антонимдер (Zıt Anlamlı Kelimeler, Karşıt Anlamlı Kelimeler)	66
III модуль: 8-11 лекция	
ТҮРІК ТІЛІНІҢ ФРАЗЕОЛОГИЯСЫ (TÜRK DİLİNİN DEYİM BİLGİSİ).....	72
3.1. Фразеология туралы жалпы түсінік (Deyim Bilgisi Hakkında Genel Malûmat).....	73

3.1.1. Түрік тілінің тұрақты сөз тіркестері (Türkçenin Deyimleri)	74
3.1.2. Тұрақты сөз тіркестерінің тұлғалық ерекшеліктері (Şekil Özellikleri Bakımından Deyimler)	76
3.1.3. Тұрақты сөз тіркесінің мағыналық ерекшеліктері (Kavram Özellikleri Bakımından Deyimler)	78
3.2. Түрік жазушысы Р.Н. Гүнтекиннің «Yaprak Dökümü» (Күзгі жапырақтар) атты романында қолданылған кейбір тұрақты сөз тіркестері (Türk Yazarı R.N.Güntekin'in «Yaprak Dökümü» Romanında Kullanılmış Bazı Deyimler).....	79
3.3. Қазіргі түрік тіліндегі мақал-мәтелдердің мағыналық сипаты (Çağdaş Türkçedeki Atasözlerinin Anlamsal Özellikleri).....	83
3.4. Қазіргі түрік және қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің мағыналық сипаты (Çağdaş Türk ve Kazak Dillerindeki Atasözlerinin Anlamsal Niteliği).....	84
3.5. Мақал-мәтелдердің тарихи лексикологияға қатысы	97
3.5.1. Махмұд Қашқаридың «Диуани луғат ат-түрк» енбегіндегі мақал-мәтелдердің лексика-грамматикалық сипаты (Kaşgarlı Mahmud'un «Divanü Lugati't-Türk» Adlı Eserindeki Atasözlerinin Anlamsal ve Dil Bilgisel Özellikleri)	97
3.5.2. Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу біліг» атты енбегінің тілі мен ондағы кейбір мақал-мәтелдердің сипаты (Yusuf Balasagunlu'nun «Kutadgu Bilig» Adlı Eserinin Dili ve Bazı Atasözlerinin Özellikleri)	103

IV модуль: 12-13 лекция

ТҮРІК ТІЛІНІҢ ЭТИМОЛОГИЯСЫ (TÜRK DİLİNİN KÖKEN BİLGİSİ).....	117
4.1. Этимология туралы жалпы түсінік (Köken Bilgisi Hakkında Genel Malûmat)	117
4.2. Фонетикалық принцип (Sesbilimsel ölçüt)	118
4.3. Морфологиялық принцип (Biçimbilimsel ölçüt)	121
4.4. Семантикалық принцип. (Anlambilimsel ölçüt)	122
4.5. Тарихи принцип (Tarihi Ölçüt).....	129
4.6. Этимологияның түрлері (Köken Bilgisi Türleri)	130

V модуль: 14-15 лекция	
ТҮРІК ТІЛІНІҢ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ (TÜRK DİLİNİN TERİM BİLGİSİ)	134
5.1. Терминология туралы жалпы түсінік (Terim Bilgisi Hakkında Genel Tanıtım).....	134
5.2. Түрік тіліндегі лингвистикалық терминдер мәселесі мен олардың жасалу тәсілдері (Türkçedeki Dil Bilgisel Terim Sorunları ve Terim Yapma Yolları)	138
5.2.1. Лингвистикалық терминдердің морфологиялық тәсіл арқылы жасалуы (Dil Bilgisel Terimlerin Yapı Bilimsel Metodu)	140
5.2.2. Лингвистикалық терминдердің синтаксистік тәсіл арқылы жасалуы (Dil Bilgisel Terimlerin Söz Dizimsel Metodu)	141
5.3. Хамза Зүлфикар: Түрік тілінің кірме терминдері және оларды түріктендіру туралы (Hamza Zülfikar: Türkçedeki Yabancı Terimler ve Onları Türkçeleştirme Hakkında).....	141
ҚАЗІРГІ ТҮРІК ТІЛІНІҢ ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫ ПӘНІ БОЙЫНША ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ МЕН ТАПСЫРМАЛАРЫ	150
ЛЕКСИКОЛОГИЯ ТЕРМИНДЕРІ СӨЗДІГІ	212
Қысқаша қазақша-түрікше	212
Қысқаша түрікше-қазақша	217
ҚОСЫМШАЛАР	223

КЕЙБІР ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:

Alm. < *Almanca* – неміс тілі

Ar. < *Arapça* – араб тілі

ET < *Eski Türkçe* – көне түрік тілі

Far. < *Farsça* – парсы тілі

Fr. < *Fransızca* – француз тілі

İng. < *İngilizce* – ағылшын тілі

İsp. < *İspanyolca* – испан тілі

İt. < *İtalyanca* – итальян тілі

KT < *Kazak Türkçesi* – қазақ тілі

Osm. < *Osmanlıca* – осман түрік тілі

T. < *Türkçe* – түрік тілі

Tat. < *Tatarca* – татар тілі

TDK < *Türk Dil Kurumu* – Түрік лингвистикалық қоғамы

TT < *Türkiye Türkçesi* – түрік тілі

Yun. < *Yunanca* – грек тілі

><сөздің қай сөзден немесе қай тілден шыққанын білдіреді:

Hakikî (<*Ar.*: ақиқат, шын), *vesile* (<*Ar.*: себеп, сылтау), *tarihî* (<*Ar.*: тарихи), *umumî* (<*Ar.*: жалпы), *dahilî* (<*Ar.*: ішкі) және т.б. немесе *dahilî* (ішкі) >*dahiliye* (ішкі істер), *umumî* (жалпы) > *umumilik* (жалпылық).

◊ мақал-мәтелге немесе сөз тіркесіне, т.б. анықтама берілгенде қолданылады: *Ne ot var ne de ocak.* (қаз.: От та жоқ, ошақ та жоқ < ас үйде қорек боларлық тағам түрінен ештеңе жоқ >)

+ *toplama işareti*, *artı* – қосу белгісі, морфемалардың арасына қойылады: *kitab+ım* (кітабым), *anne+si+n+e* (анасына), *hece+ler+de* (буындарда) және т.б.

= *eşitlik işareti* – теңдік белгісі.

→ (*ok işareti*) – жебе белгісі, бір дыбыстың басқа бір дыбысқа ауысуын көрсетеді.

alay: «кекесін, мысқыл» сөздерінің түрікшесі.

astr. < *astronomi* – астрономия термині

esk. < *Eski*: көнерген сөз деген ұғымды білдіреді.

() бір сөздің аудармасын бергенде немесе грамматикалық, семантикалық мағыналарын түсіндіруде қолданылады: *kішкене тіл* немесе *тілшілік (küçük dil)*.

bot. < *botanik* – ботаника термині

den. < *denizcilik* – теңізшілік термині

coğr. < *coğrafya* – география термині

gr. < *gramer* – грамматика термині

hlk. < Жалпы халықтық қолданыстағы сөз дегенді білдіретін «*halk*» сөзінен қысқартылған.

mat. < *matematik* – математика термині

mec. < «*mecazi*» сөзінің қысқарған түрі. Ауыспалы мағына деген ұғымды білдіреді.

psikol. < *psikoloji* – психология термині

tar. < *tarihi* – тарих термині

tic. < *ticaret* – сауда-саттық термині

zool. < *zooloji* – зоология термині

грамм. < грамматика термині

қаз. < қазақша

мед. < медицина термині

өс. < өсімдік атауы

экон. < экономика термині

ҚӘ: < қосымша әдебиет:

қар. < қараңыз

КІРІСПЕ

Студенттерді тіл туралы ғылымның, соның ішінде қазіргі түрік тілінің сөздік қоры мен сөздік құрамының қазіргі жағдайымен, оның тарихи кезеңдерін зерделейтін бөлімімен таныстыратын, сөз мағынасы және оның түрлерін анықтайтын, сондай-ақ сөз мағынасының өзгеруі мен даму жолдарына назар аударатын, сөздің қызметі мен құрылымын тұтастай және басқа деңгейлі бірліктермен қатынасына байланысты қарастыратын «Қазіргі түрік тілінің лексикологиясы» атты оқу құралының негізгі көздеген мақсаты мен міндеті:

- студенттерді қазіргі түрік тілі лексикологиясының зерттеу нысанымен таныстыру;
- қазіргі түрік тілінің сөз байлығы туралы жалпы мағлұмат беру;
- қазіргі түрік тілі сөз байлығының туыстас тілдердегі, соның ішінде қазіргі қазақ тіліндегі баламаларымен сәйкестік сипатына мән беру және оларды нақты мысалдар арқылы дәлелдеу;
- қазіргі түрік тілінің лексикологиясы туралы түркітанушылардың жеке көзқарастары мен пікір қайшылықтарын қорыту;
- студенттердің туыстас тілдер материалдарын бір-бірімен салыстыруына, оларды жеке-жеке талдай және жинақтай білуіне, одан өзіндік пікір қалыптастыруына дағдыландыру;
- лексикология, семасиология, фразеология мен этимологияның қалыптасқан жүйелі ережелерімен таныстыру;
- лексикологияның теориясы мен практикасына қатысты қазіргі ғылыми-теориялық, практикалық-зертханалық ең-

бектерді сыни көзқараспен қабылдау және ғылыми талдауды дамыту дағдыларын қалыптастыру;

- студенттердің негізгі лингвистикалық талдау мен сипаттау әдістерін және шет тілі мен ана тіліндегі тілдік тақырыптарды өз бетімен зерттеу жұмыстарында пайдалана білуге үйрету;

Оқылатын тілдің лексикологиясы курсының өту нәтижесінде студент білуі қажет:

- лексикология пәні мен оның зерттеу нысанын;
- лексикология пәнінің негізгі қағидалары мен ұғымдарын;
- оқылатын тіл лексикасы жайындағы ғылымның қазіргі жағдайын;
- тілдің сөздік қорының негізгі аспектілерін игеруді;
- сөз бірліктерін қолданудың әдеби нормаларын;
- оқылатын тіл сөздік қорының дамуы мен қалыптасуының заңдылықтарын;
- лексикалық бірліктердің типологиясын;
- фразеологиялық бірліктердің құрылымдық-семантикалық түрлерін;
- оқылатын тіл фразеологизмдері мен сөздің шығу төркінін және т.б.

Оқу құралы лексикологияның зерттеу нысанына сәйкес бес модульге бөлінді. Олар: түрік тілінің лексикологиясы, түрік тілінің семасиологиясы, түрік тілінің фразеологиясы, түрік тілінің этимологиясы, түрік тілінің терминологиясы. Жалпы алғанда, лексикология жоғарыдағы бөлімдердің барлығын қамтыса, ал әрбір бөлімнің өзіне тән мәселелері, тереңірек еніп саралай түсетін тақырыптары бар.

Аталған оқу құралында, алдымен, модульдің қарастыратын тақырыптары, әрбір тақырыптың беретін мағынасы мен атқаратын қызметі, тілші ғалымдардың тәжірибелері қорытындысында айтқан пікірлері және қарастырылып отырған мәселенің туыстас тіл ретінде қазақ тілімен кейбір байланысы сөз болады. Тақырыпты игеру мақсатында әрбір тақырыпқа тікелей қатысты тапсырмалар, мәтіндер, оларды талдау, аудару жұмыстары берілді. Тақырыптарды бекіту, пысықтау үшін тест

тапсырмалары мен қазақша-түрікше және түрікше-қазақша қысқаша лексикология терминдері сөздігін ұсындық.

Жеке модуль ретінде алуға жинақталған материалдың көлемі көтермегендіктен, олар (ономастика және т.б) лексикологияның жалпы мәселелерімен қоса қарастырылды. Мысалы:

Жер-су аттарының беретін мағынасы мен шығу төркіні: *Gaziantep* > *Gazi Antep* (Жеңімпаз Антеп), *Kahramanmaraş* > *Kahraman Maraş* (Қаһарман Мараш, Батыр Мараш), *Diyarbakir* > *Diyar Bekir* (Бәкір өлкесі, Бәкір аймағы немесе мыс, бақыр аймағы), *Tunceli* > *Tunç eli* (қола елі).

Ал *Стамбул* топонимі туралы «Мы говорим «Стамбул» про тот город, который по турецкий называется «Истанбул». А происходит это название, в свою очередь, от исковерканного греческого выражения «Eis ten polyn», то есть «в город» [11, 391] – десе, бұл пікірді басқа бір зерттеуші былайша толықтырады: «Несколько столетий тому назад турки захватили богатый греческий город Константинополь. Они редко слышали от греков название этого города. Но зато им очень часто приходилось слышать слова: eis ten poli (n) [ис тим боли] или eis tan poli (n) [ис там боли] – что по-гречески значит: «в город». Турки приняли эти слова за название города. Таким образом древний Константинополь стал называться Стамбулом (из *Истамболи*)» [10, 100] (қар.: 1.2.2).

Әрбір модульдің соңында пайдаланылған әдебиеттер тізімі берілген.

Аталған оқу құралы жоғары оқу орындарының студенттеріне, жалпы қазіргі түрік тілі, соның ішінде оның лексикологиясы, қазақ тілімен байланысы жайлы мағлұмат алғысы келетін көпшілікке арналады.

*«Türk Dili zengin, geniş bir dildir.
Bütün kavramları anlatma yeteneği vardır.
Yalnız, onun bütün varlıklarını aramak, bulmak,
toplamak, onlar üzerinde işlemek gereklidir.
Öyle istiyorum ki Türk Dili bilimsel
yöntemlerle kurallarını ortaya koysun.
Bütün dallarda yazı yazanlar bütün terimleriyle
çoğunluğun anlayabileceği, güzel,
uyumlu dilimizi kullansınlar».
Gazi Mustafa Kemal Atatürk*

I модуль: 1-3 лекция

ТҮРІК ТІЛІНІҢ ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫ (TÜRK DİLİNİN KELİME HAZİNESİ)

Модульде қаралатын тақырыптар:

1.1. Түрік тілінің лексикологиясы туралы жалпы түсінік (Türk Dilinin Kelime Hazinesi Hakkında Genel Bilgi).

1.2. Қазіргі түрік тілінің негізгі сөздік қоры мен сөздік құрамы және оның баю жолдары. (Çağdaş Türkçenin Temel Ve Genel Söz Varlığı Ve Zenginleşme Yolları).

1.2.1. Қазіргі түрік тілінің негізгі сөздік қоры (Çağdaş Türkçenin Temel Söz Varlığı).

1.2.2. Қазіргі түрік тілінің негізгі сөздік құрамы (Çağdaş Türkçenin Genel Söz Varlığı).

1.2.3. Қазіргі түрік тіліндегі кірме сөздер (Çağdaş Türkçedeki Yabancı Kelimeler).

1.1. Түрік тілінің лексикологиясы туралы жалпы түсінік (Türk Dilinin Kelime Hazinesi Hakkında Genel Bilgi)

Лексика тілдегі барлық сөз жиынтығын, сөздік құрамды қамтиды. Жалпы тіл білімінде лексиканы лексикология саласы талдап тексереді, зерттеп зерделейді.

Лексикология гректің *lexikos* – сөздік + *logos* – ілім сөздерінің бірігуінен жасалып, қандай да бір тілдегі сөздерді, сөздік құрамды, тілдің толығы, қорлану, баю жолдарын, олардың тұлғалық және мағыналық өзгерістерін, сөздердің лексикалық жүйеде алатын орнын, күнделікті қарым-қатынастағы көрінісін, шығу төркінін, дайын қалпында қалыптасып қолданылуын, жалпы халықтық қолданысқа ие болуын, жергілікті сипатқа сай жұмсалуды қарастырады.

Сонымен қатар лексикология тілдегі барлық сөздердің жиынтығын, сөз байлығын зерттейді, тілдің негізгі сөздік құрамының келелі мәселелерін түгел қамтып, оны егжей-тегжейлі түсіндіруді мақсат етеді. Сөзді саралап тексеріп, олардың ішкі заңдылықтарын, сыртқы (дыбыстық) көріністеріндегі ерекшеліктерін қарастырады, яғни сөзді негізгі екі тұрғыдан алып қарастырады. Олар: ішкі мағына мен сыртқы дыбыс [10: 83].

Түрік тілі – бай тіл, бір қалыпқа түскен тіл, ғылым мен білімнің барлық саласында қолданылу мүмкіндігі бар тіл, уақыт өткен сайын толығып, дамып, жетіліп отыратын тіл. Түрік тілінде лексикология терминінің баламасы ретінде *kelime hazinesi* (сөз байлығы), *kelime bilgisi*, *sözcük bilgisi*, *sözcükbilim* (сөзтану, сөз ғылымы) деген терминдер жарыса қолданылады.

Лексикология – тілдегі әрбір сөздің қыр-сырын, олардың мағыналық ерекшелігін, мағыналық ауысуларды, сөздің өсуі мен өнуін, түрлі қызмет атқаруын, заман ағымына, тарихи үдерістерге сай өзгеруін, жалпы сөз байлығын зерттейтін тілдің қызықты да күрделі саласы. Сөз тағдыры – адам тағдыры. Адам бүкіл көңіл-күйін, қуанышы мен ренішін, сүйініші мен күйінішін, барлығы мен байлығын тек тілі арқылы, тіліндегі сөзі арқылы білдіреді. Қай тілде де сөздің алатын орны ерекше, атқаратын қызметі зор, сөз құдіретіне еш нәрсе жетпейді. Өйткені халықтың жүріп өткен жолы, басынан кешкен өмірі, бүкіл болмыс-бітімі, құнарлы ойы, салиқалы санасы, тұрмыс-тіршілігі, қадір-қасиеті, тағдыр-талайы, өшпес тарихы, салт-дәстүрі, жан сұлулығы, сезім-серігі – бәрі-бәрі сол тілі арқылы беріледі, сол тілі арқылы жарыққа шығады.

Негізгі зерттеу нысаны, шұғылданатын құралы сөз бола тұра, лексикология тілдің басқа салаларымен, басқа деңгейлерімен, атап айтқанда, фонетикамен (*ses bilgisi, fonetik*) тығыз байланыста көрініс береді, өйткені сөз дыбыстан тұрады, сөздің ең кішкене бөлшегі – дыбыс, сөздің бір дыбысы өзгерсе, сөздің мағынасы да, тұлғасы да өзгеруі мүмкін (*Сөз басында дауыстының түсуі сирек құбылыс. Сонда да болса, бір дыбыстың түсіп қалуының өзі сөздің түбірінің өзгеруіне, ол түбірлерге сөз тудырушы қосымшалардың жалғануынан жаңа мағыналы сөздің жасалуына, яғни фоносемантикалық өзгерістерге себепші болады. Бұған мысал ретінде көне түркі тіліндегі «едгү»сөзінен туындаған қазіргі қазақ тіліндегі «игі»және «ізгі», қазіргі түрік тіліндегі «iyi» және ısıcak > sıcak «ыстық», ısıtma > sitma мед. «безгек»; utut «үміт» > tut сөздерін көрсетуге болады. Бұл сөз (tut) осы тұлғада ешқандай мағына бермейді, сөз тудырушы жұрнақтардың жалғануы арқылы ғана белгілі бір мағыналарға ие болады. Мысалы: tut + lu > tutlu «бақытты», tut + suz > mutsuz «бақытсыз»), морфологиямен (*biçim bilgisi, şekil bilgisi, morfoloji*) салалас, себебі тілдің қорлануының негізі – сөзжасам екі саланың да ортақ нысаны, фразеологиялық сөйлемшелердің кеңірек тараған түрлері тұрақты сөз тіркесі мен мақал-мәтелдерді қарастыратындықтан, синтаксиске (*cümle bilgisi, sentaks*) де қатысы бар.*

Бұл мәселені басқа қырынан ғылыми бағытта қарастырған ғалым Ә. Хасенов былай дейді: «Тіл деңгейі (уровень) бір-бірімен тығыз байланыста болатыны мәлім. Мәселен, әрбір морфема фонемадан құралады. Олай болса, фонема мен морфема – тіл деңгейінің екі жағы: бірі – тілдің фонемалық жағы. Бұл – тілдің «ең кіші» деңгейі. Екіншісі – тілдің морфемалық жағы. Бұл тілдің «жоғары» деңгейі.

Морфемалардан лексема құралады. Ал лексемалар тіркесі синтаксистік конструкцияларды құрайды. Бұдан келіп тіл деңгейінің тағы да екі түрі: лексика мен сөз тіркесі, яғни синтаксис атты түрлері келіп шығады. Қысқасы, кез келген текст фонемаға, морфемаға, лексемаға, синтаксистік конструкцияларға жіктеледі (бөлінеді). Бұлардың ішіндегі ең қысқа единицаның бірі – сөз; ал сөз мағынасын ажырататын бірлік – фонемалар.

Пікірімізді тағы да бір нақтыласақ, бұдан тілдің фонемалық (фонематикалық) деңгейі, тілдің сөз деңгейі деген ұғымдар, сондай-ақ, фонологиялық – лексика – морфология – синтаксис деңгейі дегендер келіп шығады. Бұлар, тұтасынан алғанда, тіл құрылымы мен жүйесін құрайды» [11: 87].

1.2. Қазіргі түрік тілінің негізгі сөздік қоры мен сөздік құрамы және оның баю жолдары (Çağdaş Türkçenin Temel Ve Genel Söz Varlığı Ve Yabancı Kelimeler)

1.2.1. Қазіргі түрік тілінің негізгі сөздік қоры (Çağdaş Türkçenin Temel Söz Varlığı)

Үрпақтан үрпаққа ауысып, атадан балаға мұра болып жалғасып отыратын, адам өмірінде бірінші дәрежеде қызмет атқаратын халықтың барлығына түсінікті, өте баяу өзгеріске ұшырайтын сөздер жиынтығы сол тілдің негізгі сөздік қоры (*temel söz varlığı*) дейді.

Түрік және қазақ тілдері тектес, туыстас болғандықтан, олар туралы айтылатын пікірлер де бір-бірін толықтырып жатады: «Қазақ тіліндегі барлық сөздердің жиынтығы сөздік құрам болса, негізгі сөздік қор оның негізгі ұйтқысы, қайнар бұлағы, шығу арналарының ең маңызды бөлігі болып табылады. Сөздік құрамға қарағанда негізгі сөздік қордың сан мөлшері, көлемі әлдеқайда шағын болады. Өйткені оған кез келген сөз кіре бермейді. Қоғам, адам өміріндегі ең қажетті ұғымдарды білдіретін жалпыхалықтық сөздер ғана кіреді» [4: 130].

Қазіргі түрік тілі сөздік қорының негізін, басқа да түркі тілдеріндегі сияқты, Талас, Орхон-Енисей ескерткіштерінде, ұйғыр, қараханит кезеңі шығармаларында қолданылған жалпы-түркілік ортақ байырғы төл сөздеріміз құрайды. Мысалы:

Орхон-Енисей ескерткішінен: *yi-* (yemek-жеу), *bir-* (vermek-беру), *ur-* (vurmak-үру), *korı-* (korumak-қорғау), *kün* (gün-күн),

yügerü (yukarı-жоғары), *ilgerü* (ileri-ілгері), *yir* (yer-жер), *köl* (göl-көл), *sub* (su-су), *yaşıl* (yeşil-жасыл), *sarıg* (sarı-сары);

Ұйғыр тіліндегі жазылған шығармалар лексикасынан: *adak* (аяк-аяқ), *agız* (ağız-ауыз), *men* (ben-мен), *tolı / tolu* (dolu-толы), *turmak* (durmak-тұру), *kelmek* (gelmek-келу), *tün / kiçe* (gece-түн), *kün / kuyaş* (gün / güneş-күн) және т.б [6: 188-189; 281-282].

Сондықтан қазіргі уақытта негізгі сөздік қордағы сөздердің басым бөлігі түркі тілдерінің бәріне ортақ, тура мағынасында көбіне түсінікті, әр тілдің ішкі фонетикалық заңдылықтарына сәйкес кейбір дыбыстық өзгерістерге ұшыраған ортақ сөздер (*Türk dillerine ortak söz varlığı veya yerel söz varlığı*) болып келеді. Мысалы:

1. Адамның дене мүшелеріне қатысты сөздер (*Organ isimleri*): *saç, baş, göz, kulak, boyun, ağız, diş, dil, damak, arka, koltuk, dirsek, kol, el, yumruk, avuç, bel, karın, diz, ayak, parmak, kirpik, kaş, turnak, tüy vb.*

2. Туысқандық, ағайындық және жекжат-жұрағаттықты білдіретін сөздер (*Akrabalık isimleri*): *ata, ana, baba, kadın, anne, oğul, kız, kardeş, yeğen, gelin, ağabey, abla, kaynana, kaynata, bebek, nine, dede, anneanne, babaanne, güvey, erkek, bacanak, baldız, kayın vb.*

3. Адамның өмірін, қадір-қасиетін және мінез-құлқын білдіретін сөздер (*İnsanın yaşı, nitelikleri ve karakteriyle ilgili kelimeler*): *sevinçli, hilekar, yaşlı, genç, bilgili, bilgisiz, yiğit, iyi, kötü, güçlü, kıskançlık vb.*

4. Ұй-жай, киім-кешек және өмір сүруге қатысты сөздер (*Ev bark, giysi ve yaşamayla ilgili kelimeler*): *gömlek, yelek, şalbar, ceket, yağmurluk, eldiven, ev, duvar, eşik, çadır, aş vb.*

5. Табиғат және табиғат құбылыстарына қатысты сөздер (*Tabiatla ilgili kelimeler*): *güneş, gök yüzü, bulut, ay, orman, ağaç, su, göl, toprak, bataklık, yer, deniz, tepe, bora, yıldız, kış, yaz, ilkbahar, sonbahar, güz, yağmur, kar, yel, yağış vb.*

6. Жан-жануар, аң-құс және құрт-құмырсқа атауларына қатысты сөздер (*Hayvanlar ile böceklerle ilgili kelimeler*): *koyun, boğa, tay, deve, keçi, sığır, at, aygır, kısırak, koç, geyik, eşek, tavşan, maymun, kurt, kuş, kaplan, tilki, buzağı, kuzu, karga, saksagan,*

kırlangıç, kedi, köpek, örümcek, yılan, karınca, domuz, ördek, kaz, tavuk, pire vb.

7. Сан атаулары (*Sayılar*): *bir, iki, üç, dört, beş, altı, yedi, sekiz, dokuz, on, yirmi, otuz, kırk, elli, altmış, yetmiş, seksen, doksan, yüz, bin, milyon, milyar, çeyrek vb.*

8. Сын-сипат, түр-түс, мөлшер атаулары (*Sıfatlar*): *küçük, büyük, iyi, kötü, yumuşak, sert, ince, kalın, ağır, sıcak, soğuk, koyu, açık, al, kırmızı, sarı, yeşil, ak, kara, boz, doru, kumral, yakın, uzak, az, çok, aç, tok vb.*

9. Қимыл атаулары (*Hareket isimleri*): *oturmak, gelmek, gitmek, almak, vermek, yatmak, yürümek, koymak, vurmak, inmek, binmek, yazmak, çizmek, girmek, çıkmak, sevmek, sunmak, boyamak, yıkamak, koymak, düşmek, atlamak, taramak vb.*

10. Есімдіктер (*Adıllar*): *ben, sen, o, biz, siz, onlar, bu, şu, bunlar, şunlar, onlar, kim, ne vb.*

Негізгі сөздік қорға тән екінші басты белгі – оның сөз тудыруға ұйтқы болатындығы. Негізгі сөздік қор болмаса, сөздік құрам молайып байымас еді [4: 131].

Dildeki herhangi bir sözcüğün temel söz varlığının bir üyesi olup olmadığı konusunda karar verebilmek için elde birtakım ölçütler vardır. Bu ölçütlerden biri, yukarıda değindiğimiz gibi sözcüğün, insanoglunun yaşamında birinci derecede önemli kavramları yansıtmakta olmasıdır (göz, et, vermek, beş, içmek... gibi örnekler). İkinci bir ölçüt olarak kimi dilbilimciler bir sözcüğün yeni öğeleri, birleşik sözcükleri türetme değeri, yeni sözcükleri türetme gücü üzerinde de durmaktadırlar. Türkçedeki dış ve alt sözcüklerini bu açıdan ele alacak olursak bunların dışsatım, dışışleri, dış ülke, dış merkez; altgeçit, altyapı, altçene, altıyazı, altınsıf gibi bağdaştırmalarla bu özelliği gösterdiğini görürüz.

(қаз.: Тілдегі қандай да бір сөздің негізгі сөздік қорға тән екенін анықтау үшін бірнеше негізгі белгілер бар. Олардың бірі, жоғарыда сөз еткеніміздей, ол сөздің адам баласының өміріндегі маңызды ұғымдардың атауы ретінде қызмет атқаруында (көз, ет, беру, бес, ішу... сияқты мысалдар). Екінші белгі ретінде кейбір тілші ғалымдар бір сөздің жаңа сөз тұлғаларын, күрделі сөздерді жасау мүмкіндігі, атқаратын қызметі туралы да сөз қозғауда.

Түрік тілінің *dış* (сыртқы) және *alt* (астыңғы, жерасты, төменгі) сөздерін осы жағынан қарастырсақ бұлардың *dışsatım* (экспорт), *dışişleri* (сыртқы істер), *dış ülke* (шетел), *dış merkez* (сыртқы орталық); *altgeçit* (жер асты жолы), *altyapı* (іргетас), *altçene* (астыңғы жақ), *altyazı* (суреттердің, экранның төменінде берілетін мәлімет), *altsınıf* (төменгі сынып) сияқты мысалдар арқылы осы белгіні байқаймыз) [1:18].

1.2.2. Қазіргі түрік тілінің сөздік құрамы (*Çağdaş Türkçenin Genel Söz Varlığı*)

Тілдегі сөздердің тұтас жиынтығы сөздік құрам немесе лексика деп аталады. Сөздік құрам белгілі бір халықтың тұрмыс-жағдайын, күнкөріс-тіршілігін, кәсібін түгел қамтып көрсетеді. Белгілі бір халықтың қоғамдық, шаруашылық, мәдени-тұрмысы неғұрлым күрделі болса, соғұрлым сол тілдің сөздік құрамы да бай болады деген сөз [4: 128].

Сонда қазіргі түрік тілінің сөздік құрамынан сол тілде қолданылатын сөздердің барлық қабаты орын алады. Атап айтқанда, уақыт өткен сайын, ұрпақтар ауысқан сайын аз да болса өзгеріске ұшырап, тілдегі жалпы ішкі мүмкіншілікке қарай дамып отыратын (*İç Değişme ve Gelişme*) байырғы сөздер (*Yerel Kelimeler*), өзінің мұқтажын қамтамасыз ету үшін, сөздік құрамын толықтыру үшін сыртқы әсердің салдарынан тілді дамытып, өзгертіп отыратын (*Dış Değişme ve Gelişme*) игерілген сөздер (*Alıntı Kelimeler*) мен кірме сөздер (*Yabancı Kelimeler*), халық жиі қолданатын жалпыға түсінікті сөздер (*İşlek Kelimeler*) мен жалпы халық көп қолдана бермейтін, халықтың белгілі бір тобына түсінікті (*İşlek Olmayan Kelimeler*) сөздер (көнерген сөздер (*Eski Kelimeler*), тарихи сөздер (*Tarihi Kelimeler*), жаңа қолданыстағы сөздер (*Yeni Kelimeler*) жергілікті қолданыстағы сөздер (*Ağızlar*), терминдер (*Terimler*), жаргондар (*Argolar*), сөзжасам тәсілдерінің көмегімен жасалып, тілді байытатын түбір сөздер (*Kök Kelimeler*), туынды сөздер (*Gövde Kelimeler*), күрделі сөздер (*Birleşik Kelimeler*) және т.б. болып келеді. Олардың негізгілері мыналар:

– Ономастика (*adbilim: yer adları bilimi ve kişi adları bilimi*). Кейінгі тақырыптарда қарастырылмайтындықтан, бұл тақырып туралы қысқаша мәлімет беріледі:

Топонимика (грек. *topos* – орын, *опута* – атау) – жер-су аттарын және ол атаулардың шығу төркінін зерттейтін ономастиканың бір саласы (*Yer Adları Bilimi*). Мысалы:

Gaziantep > Gazi Antep (Жеңімпаз Антеп), Kahramanmaraş > Kahraman Maraş (Қаһарман Мараш), Diyarbakir > Diyar Bekir (Бәкір өлкесі, Бәкір аймағы немесе мыс, бақыр аймағы), Tunceli > Tuñç eli (қола елі).

Сол сияқты көне грекше *polis* (қала) сөзінен әр түрлі тұлғада Түркияда біршама қала аттары пайда болды. Олар: İstanbul, Bolu, İnebolu, Gelibolu, Hayrabolu, Safranbolu, Tirebolu, Edirne (Hadrianopolis, Adrianopolis) және т.б.

Антропонимика (грек. *topos* орын, *опута* атау) – адамдардың аты-жөнін, олардың шығу тегі мен мағыналық ерекшелігін зерттеумен шұғылданатын ономастиканың бір саласы (*Kişi Adları Bilimi*). Түрік халқында балаға, негізінен, төмендегідей есімдер беріледі:

Діни есімдер: *Muhammed, Mehmet, Mahmut, Mustafa, Resul, Ali, Bekir, Ömer, Osman, Hasan, Hüseyin; Hatice, Ayşe, Fatma, Emine, Zeynep* және т.б.

Түрік есімдері: *Günhan, Ayhan, Gökhan, Orhan, Oğuz* және т.б.

Танымал адамдардың есімдері: *Attila, Gültekin, Cengiz, Timur, Kemal* және т.б.

Мереке-мейрам күндері дүние есігін ашқандардың есімдері: *Bayram, Ramazan, Kadir, Cuma, Mevlut, Muharrem, Zafar, Kurtuluş* және т.б.

Тек есімдері, көбінесе, біріккен есімдер болып келеді: *Akcan, Akalın, Akyol, Öztürk, Şentürk, Kocatürk, Çetintürk* және т.б.

Тек есімдері ретінде түркі халықтарының есімдері де беріледі: *Kazak, Kırgız, Özbek, Uygur, Türkmen* және т.б.

– түркі тілдерінің бәріне ортақ байырғы лексикасы (*yerel söz varlığı: organ isimleri, yiyecek ve içecek isimleri, giyecek isimleri, akrabalık isimleri, tabiat ve yağış isimleri, hayvan isimleri, bitki isimleri, araç ve eşya isimleri, meslek isimleri,*

zaman isimleri, renk isimleri, nitelendirme sıfatları, sayı sıfatları, adıllar, soru zamirleri, kişi zamirleri, işaret zamirleri, hareket isimleri, zarflar, fiiller және т.б);

- тіл әр уақыт даму, өзгеру, жетілу үстінде болатындықтан, тілдің ішкі әсермен өзгеруі мен баюы (*dilin iç değişmesi ve gelişmesi: kelisermen > geleceğim (келмекшімін), kele yorır > geliyor (келе жатыр), теңіз > deniz (теңіз), tabışgan > tab/ış/gan > tavşan (қоян), boyuncuk (мойыншак) > bo/yu/ncuk «мо/йы/нишак» > boncuk (моншак), kavuşak > kav/u/şak > kavşak (қиылыс), deĝenek > deĝ/e/nek > deĝnek (таяк, сырык), yanılış > yan/i/lış > yanlış (қате, жаңылыс), yigirmi > yi/gi/rmi > yirmi (жиырма) және т.б);*
- таза тіл болмайтындықтан, кірме сөздердің (*yabancı kelimeler*) көмегімен, яғни тілдің сыртқы әсермен өзгеруі және баюы (*dilin dış değişmesi ve gelişmesi*):
 - француз тілінен: *absürd* (Fr.: saçma, anlamsız), *adisyon* (Fr.: hesap), *agreman* (Fr.: hoşluk; izin, rıza; tat; süs): *uygunluk, alakart* (Fr.: listeye göre): seçmeli yemek, *amblem* (Fr.: belirtke), *angajman* (Fr. bağlantı), *animasyon* (Fr. canlandırma), *antipati* (Fr.: iticilik, sevimsizlik, soğukluluk);
 - ағылшын тілінен: *asist* (İng.: yardım, yardımcı), *billboard* (İng. duyuuru tahtası, ilan tahtası), *bounspas* (İng. sektirme pas), *branç* (İng.: kuşluk yemeği), *brifing* (İng.: bilgilendirme), *çek etmek* (İng. yoklamak), *dizayn* (İng.: çizim, tasarım), *faul* (İng.: hata), *flaş* (İng.: çakar), *fundamentalizm* (İng.: köktencilik);
 - грек тілінен: *kaos* (Yun.: kargaşa, karışıklık), *mega* (Yun.: büyük, devasa, muazzam), *panorama* (Yun.: genel görünüm);
 - итальян тілінен: *konkordato* (İtal.: iflas anlaşması), *rekolte* (İtal.: toplam ürün, yıllık ürün), *tempo* (İtal.: gidiş, hız);
 - неміс тілінен: *lumpen* (Alm.: sefil, seviyesiz);
 - латын тілінен: *medya* (Lat.: iletişim araçları, iletişim ortamı)

- архаизмдер (*eski kelimeler*: gözgü ‘ayna’; ög (ök) ‘ana’. Бірақ көнерген сөздер кейбір мақал-мәтелдерде сақталып қалған: *Öksüz kuzu kenarda yatar.* (қаз.: Жетім қозы шетте жатады), *Öksüz kuzu öveç olmaz.* (қаз.: Жетім қозыдан тұсақ шықпайды); *ot ‘ateş’*: *Ne ot var ne de ocak.* (қаз.: От та жоқ, ошақ та жоқ < асүйде қорек боларлық тағам түрінен ештеңе жоқ >); *peder ‘baba’*, *hane ‘ev’*: *hane-i peder ‘babanın evi’*; *mader ‘ana’*; *ab ‘su’*, *derya ‘deniz’*: *ab-i derya ‘denizin suyu’*, *ab-ı hayat ‘bengi su’*, *ab-ı rü ‘yüz suyu’ vb*);
- неологизмдер (*yeni kelimeler*: *ası ‘afiş’*, *belgelik ‘arşiv’*, *belirtke ‘amblem’*, *etkinlik ‘aktivite’*, *güvence ‘garanti’*, *belgegeçer*, *belgetaşır*, *bilgisayar*, *belirge ‘sendrom’*, *çökkünlük ‘depresyon’*, *kirgideren ‘deterjan’*, *yarım baş ağrısı ‘migren’*, *süregen ‘kronik’ yoğun disk ‘CD’*, *sağlıklı yaşam ‘fitness’*, *güvence akçesi ‘depozito’*, *dondurma ‘soğuk yiyecek’*, *göktaşı ‘meteorit’ vb*);
- семантика (*semantik veya anlam bilgisi*: *tek ve çok anlamlılık*, *genel ve özel anlamlılık*, *nitel ve nicel anlamlılık*, *somut ve soyut anlamlılık*, *anlam iyileşmesi*, *anlam kötüleşmesi*, *anlam daralması*, *anlam genişlemesi*, *eş*, *yakın ve zıt anlamlı kelimeler*, *eş sesli kelimeler vb*),
- тарихи лексикологияның бір тармағы этимология, яғни сөздің шығу тәркіні (*etimoloji veya köken bilgisi*: *ilmi etimoloji ve halk etimolojisi*);
- мақал-мәтелдер (*atasözleri*: *atasözlerinin biçim özellikleri*, *atasözlerinin kavram özellikleri*, *gerçek anlamlı atasözleri*, *mecaz anlamlı atasözleri*, *çelişkili atasözleri vb*);
- тұрақты сөз тіркестері (*deyimler*: *deyimlerin biçim özellikleri*, *deyimlerin kavram özellikleri*, *deyimlerin yapısı vb*);
- жаргон сөздер (*argolar*: *göçmen argosu*, *dilenci argosu*, *esnaf argosu*, *hapishane*, *tutukevi argosu*, *kabadayı argosu*, *kışla*, *asker argosu*, *kumar argosu*, *spor argosu*, *şoför argosu*, *yatılı okul*, *okul*, *öğrenci argosu vb*);
- терминология (*terim bilgisi*: *dil bilgisi terimleri*, *hukuk terimleri*, *ekonomi terimleri*, *bilgisayar terimleri*, *matematik*

terimleri, kimya terimleri, fizik terimleri, edebiyat terimleri, biyoloji terimleri, felsefe terimleri, muhasebe terimleri, finans terimleri, tarih terimleri, coğrafya terimleri, astronomi terimleri, zooloji terimleri vb);

- лексиканың морфологиялық тәсіл арқылы баюы (*kelime hazinesinin yapı bilimsel metotla gelişmesi*: -a / -e: *kanamak* (қанау), *benzemek* (үқсау); -acak / -ecek: *gelecek* (*istikbal* – келешек, болашақ), *çekecek* (қасықша – аяқ киімді киюге арналған құрал), *açacak* (ашқыш, штопор); -av / -ev: *ödev* (тапсырма), *görev* (қызмет), *türev* (туынды); -ıcı: *çalıştırıcı* (жаттықтырушы, баулушы, үйретуші), *bulucu* (детектор), *alıcı* (қабылдағыш), *uyuşturucu* (есірткі), *uyarıcı* (күні бұрын ескерту, сақтандыру); -ci / -ci, -cu, -cü, -çi, -çi, -çu, -çü: *öğrenci* (оқушы, студент), *satıcı* (сатушы), *ayakkabıcı* (аяқ киім тігіп сатушы немесе аяқкиім дүкені), *bilgisayarcı* (компьютер сатушы немесе компьютер бағдарламасын жасаушы), *işçi* (жұмысшы), *şakacı* (әзілқой), *yalancı* (өтірікші); – *lık* / -lik, -luk, -lük: *avukatlık* (адвокаттық), *kömürlük* (көмір қора, көмір қоятын жер), *hediyeilik* (сыйлық), *mevsimlik* (маусымдық), *aylık* (айлық), *bayramlık* (мерекелік), *gelinlik* (қалындық киімі, неке көйлек), *çocukluk* (балалық), *gençlik* (жастық), *arkadaşlık* (жолдастық), *açlık* (аштық), *tokluk* (тоқтық), *altılık* (алтылық), *birlik* (бірлік); -lı / -li, -lu, -lü: *sayılı* (санаулы), *bilgili* (білімді), *pahalı* (қымбат), *gölgeli* (саялы, көлеңкелі), *şehirli* (қалалық), *köylü* (ауылдық), *görgülü* (тәрбиелі, көргенді), *verimli* (күнарлы), *güçlü* (күшті, қуатты); -sız / -siz, -suz, -süz: *arsız* (арсыз), *bağımsız* (тәуелсіз), *görgüsüz* (тәрбиесіз, көргенсіз), *verimsiz* (күнарсыз), *gölgesiz* (саясыз, көлеңкесіз), *güçsüz* (әлсіз, дәрменсіз) vs.
- лексиканың синтаксистік тәсіл арқылы баюы (*kelime hazinesinin söz dizimsel metotla gelişmesi*: *alışveriş* (саудасаттық), *ateş düşürücü* (қызуды басатын дәрі), (*cuma* + *ertesi* > *cuma/ertesi* >) *cumartesi*, (*kadın* + *budu* >) *kadınbudu* (күріш қосылған котлет), *ayakkabı* (аяқ киім)

KKTC (Kuzey Kıbrıs Türk Cumhuriyeti = Солтүстік Кипр Түрік Республикасы және т.б);

- лексиканың семантикалық тәсіл арқылы баюы (*kelime hazinesinin anlam bilimsel metotla gelişmesi: Beyaz görünür, çirkin bürünür.* (қаз.: Көрікті көрінеді, көріксіз киінеді. Адам көркі – шүберек) *Bakan* (заттанған етістік) *yemez, kapın* (заттанған етістік) *yer.* (қаз.: Жүгірген алмайды, бұйырған қалмайды). *Sona kalan dona kalır.* (қаз.: Аспа асыласың, кем болма аяққа басыласың). *Baş nereye giderse, ayak da oraya.* (қаз.: Үлкен үйдегі күлсе, кіші үйдегі езу тартар).
- кері сөзжасам (редеривация), дыбыс үнемдеу арқылы сөзжасам немесе бір болмаса бірнеше дыбыстың түсіп қалуы арқылы жаңа сөздің жасалуы (*gerilemeci türetim*): *geri* (кері, кейін) + *zekalı* (ақыл, сана-сезім; зеректік, ұғымталдық, зейіндік, тапқырлық) = *gerzek* (ақыл-есі кем, ақыл-ойы дамымаған), *erken* (ерте) > *er* + *geç* (кеш) = *ergeç* (ерте ме, кеш пе, әйтеуір бір ақыр аяғында), *öncelik* (артықшылық, басымдылық) > *öncel* (негізін салушы, кұрушы, жолсалушы), *kankardeşi* (өкіл бауыр) > *kanka* (ауыз екі қолданыс: бауыр, іні), *özü* (негізі) + *ne* (не) = *özne* (бастауыш), *ne* (не) + *ise* (болса) + *ne* (не) = *nesne* (зат; . *грамм.*: толықтауыш), *ısı ot* (ыстық шөп) > *ısot* (ашы бұрыш), *Avrupa* + *Asya* = *Avrasya* (Ауразия).

Her şeyin sonu yokluk!

Bu dünya kimseye kalmaz, bilersin,
Er geç kuyusunu kazar herkesin,
 Tut ki Nuh kadar yaşadın zor belâ,
 Sonunda yok olacak değil misin?

(*Omar Hayam*)

- Калька әдісі арқылы сөзжасам (*çeviri unsurlar*): *yuvarlak masa* (дөңгелек үстел), *ölü mevsim* (*Fr. morte saison* «мертвый сезон»), парсы тілінен: *yüz suyu dökmek* (*abıru*

«абырой»: *ab-su, rü-yüz*: «абыройын айрандай төгу»), *soğuk savaş* (холодная война), *sesyazar* (фонограф), *Sovyetler Birliđi* (Кеңестер Одағы), *star* (Інг. жұлдыз), *uçan daire* (үшатын тарелке), *yađışölçer* (жерге түскен жауын шамасының мөлшерін өлшейтін аспап), *Be Yaz Saray* (Ақ үй), *beyaz eđuа* (белая техника), *Soğuk Savaş* (холодная война)

*Ülkesini, yüksek istiklalini
korumasını bilen Türk milleti dilini de
yabancı dillerin boyunduruđundan kurtarmalıdır.
Gazi Mustafa Kemal Atatürk*

1.2.3 Қазіргі түрік тіліндегі кірме сөздер (Çağdaş Türkçedeki Yabancı Kelimeler)

Тілдердің қай-қайсысы болмасын ішкі мүмкіндік арқылы, ішкі өзгеріс арқылы баюмен, толығумен қатар, басқа тілдерден сөз алу арқылы да сөз байлығын арттырады, дамиды, көршілес ел немесе көршілес ел арқылы басқа елдің мәдениетінен сусындайды. Бұны тілдің сыртқы әсердің көмегімен өзгеруі мен дамуы (*diş deđişme ve gelişme*) дейміз.

Түркі тілдеріндегі кірме сөздер саны Орхон-Енисей ескерткіштерінде 1 %-ға (басым көпшілігі қытай тілінен), Ұйғыр дәуірі ескерткіштерінде 2 % бен 5 %-дың арасы, кейде 12 %-ға дейін (санскрит, қытай, соғды тілдерінен) жуықтайды.

Қараханидтер мемлекеті дәуірінде, яғни XI ғасырда жазылған Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» атты шығармасындағы шет тілден енген сөздер саны 1,9 % болса, бұл шығармадан 150-200 жыл кейін жарияланған Ахмет Йгүнекидің «Ақиқат сыйы» атты еңбегінде 20 %-26 % аралығында болған [1: 126-127].

Қазіргі түрік халқы Кіші Азияға қоныс аударған кезеңнен бастап бүгінгі күнге дейінгі тарихтарын тілінің дамуы жағынан үш кезеңге бөліп қарастырады. Олар: Көне Анадолы түрік тілі, Осман түрік тілі және қазіргі түрік тілі. Көне Анадолы түрік тілі XIII-XV ғасырларды қамтыса, Осман түрік тілі XV ғасырдың соңында қалыптасып, өз дамуының шырқау биігіне көтеріліп,

XX ғасырдың басына (1908 ж) дейін жалғасын тапқан түрік әдеби тілі. Бұдан кейін түрік тілінің жаңа кезеңі басталады.

Осман түрік тілі әр түрлі кезеңдерді басынан өткерді. Тілдің кейбір формалары уақыт ағымына орай ішкі даму мен өзгеріске ұшырап, жаңа қосымшаларға немесе жаңа сөз тұлғаларына орын бергенімен, осман түрік тілі кезеңінде де тіл өзінің жалғамалылық қызметінен айырылған емес. Бірақ сыртқы күштердің әсерінен Осман түрік тілі кезеңінде тілдің сөздік құрамында үлкен өзгерістердің пайда болғаны белгілі.

Осман түрік тілі де шартты түрде үш кезеңді қамтиды [7: 16-22]. Алғашқы кезең – XV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдың соңғы ширегіне дейінгі уақыт аралығы. Бұл – Осман сұлтандары өмір сүрген сарай тіршілігінің өздері үшін барлық білім мен мәдениеттің қайнар көзі саналған араб-парсы мәдениеті мен әдебиетіне еліктеуі, олардан үлгі алуы, ол тілдерді жетік меңгере бастауы салдарынан араб-парсы элементтерінің түрік тіліне енді-енді ене бастаған кезеңі еді. Бірақ түрік тілінің негізгі сөздік құрамы әлі де басқа тіл элементтерінен басым болатын.

XVI ғасырдың соңғы ширегі мен XIX ғасырдың алғашқы жартысын қамтитын екінші кезеңде түрік тілі аралас тіл болудың шарықтау шегіне жетіп, араб-парсы сөздерімен, сөз тіркестерімен мейлінше шұбарланды. Лексикалық жағынан да аталған шығыс тілдерінің сөздік қоры басымдық танытты. Бұл тіл тек оқығандардың, ақсүйектердің тілі болды. Таза түрік тілінде сөйлейтін қарапайым халық түсінбейтін тілге айналды. Сондықтан да бұл тілге Осман түрік тілі (*Osmanlıca*) аты берілді. Қазірдің өзінде Осман түрік тілі туралы сөз бола қалса, көбіне *karma dil*, *karışık dil* «аралас тіл» тіркесі қолданылады.

Үшінші кезең XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басына дейін жалғасты. Яғни Танзимат кезеңінен (*Tanzimat – 1839 жылы Сұлтан Абдулмәжит кезеңінде жасалған саяси реформа және оның жүзеге асу кезеңі*) басталып Конституциялық басқару жүйесіне (*Meşrutiyet Dönemi*) дейінгі уақытты (1908 ж) алады. Бұл кезеңде тілдегі кірме сөздердің

қолданылуы сиреп, ол 1923 жылға, яғни Түркия Республикасы құрылғанға (*Cumhuriyet Dönemi*) дейін жалғасты.

Араб-парсы тілдері лексикасының, грамматикалық формаларының жұмсалуды бәсеңдеген кездің өзінде, яғни 1903 жылы Парижде Абдуллаһ Джевдет, Абдұлхалим Мемдух және Яхия Кемал үшеуі бір кездескенде, бір сөйлемді үш түрлі құрады. Бірінші Абдуллаһ Джевдет: *Isterim ölmek deragüş eyleyüb bir makberi*. Абдұлхалим Мемдух: *Bir kadri deragüş ederek isterim ölmek*. Ал талантты ақын Яхия Кемал бұл сөйлемді: *Bir kabri ben kucaklyarak ölmek isterim*. (қаз.: Бір қабірді менің құшақтап өлгім келеді) [3: 64].

Ең дұрыс құрылғаны да соңғы варианты. Берілген мысалдардан байқалғандай, араб-парсы тілдерінің лексикасымен, грамматикалық құрылысымен сусындаған зиялылардың сөйлем құрылысында бірізділік байқалмайды. Бұл сол уақытта өмір сүрген барлық зиялы қауымға тән шешімін табуы қиын мәселе болатын.

Сонымен Осман түрік тілін халық тілінен айыратын негізгі ерекшеліктер:

Жалпы халықтық лексикада жоқ *kamer / ay* «ай», *şems / güneş* «күн», *leyl / gece* «түн», *şeb / gece* «түн», *nehar / gündüz* «күндіз», *hurşid / gündüz* «күндіз» сияқты мағынасы жағынан бір-бірін қайталайтын мезгіл атауларымен қатар *dest / el* «қол», *tuş / kıl* «қыл, түк», *çeşm / göz* «көз», *dendan / diş* «тіс», *ruh / yanak* «жақ, бет», *ebr / kaş* «қас» сияқты соматикалық атаулар да поэзия мен проза тілінде орын алды. Бұл сөздердің шет тілінен енген алғашқы варианттары (сол кезеңде) жиі қолданылды.

Араб-парсы тілдерінің грамматикалық қағидаларына сай құрылған сөз тіркестері тілдің сөздік құрамынан орын алды: *gül ü bülbül / gül ve bülbül* «раушангүл мен бұлбұл», *arabiyyü'l-asl / Arab asıllı* «араб тектес», *ferhunde-ahter / uğurlu yıldız* «бақыт жұлдызы», *ayine-i can / can aynası* «жан айнасы», *ehl-i küfr/ küfür sahibi* «кәпір».

Осман түрік тілі кезеңінде түрік халқының зиялы қауымы ғылым тілі ретінде араб, (1839 жылғы Танзимат реформасынан

кейін француз), ал көркем әдебиет тілі ретінде парсы тілін пайдаланған. Сондықтан да ғылыми салалық терминдер ең аз дегенде екі вариантта жұмсалады. Бұрын *iktisat* (араб) термині жұмсалса, кейіннен оған синоним ретінде *ekonomi* (француз) термині қолданыла бастады.

Сол сияқты қазірдің өзінде жарыса жұмсалып жүрген *fail / özne* «бастауыш», *fiil / yüklem* «баяндауыш», *zarf fiil / ulaç* «көсемше», *sıfat fiil / ortaç* «есімше» сияқты терминдердің бірінші сыңары араб тілінен алынған болса, екінші сыңарлары – түріктің төл сөздерінен жасалған олардың баламалары.

Қазіргі түрік тілі синонимдерге өте бай. Өйткені түрік тілінің төл сөздерімен қатар сол мағынаны дәл беретін араб, парсы тіліндегі баламалары да жұмсалады. Бұл – Осман түрік тілінің қазіргі түрік тіліне қалдырған мұрасы десек те болады. Өйткені түрік тілінде бір сөздің түрікшесімен қатар арабшасы (*ara / teneffüs* «үзіліс»; *bunalım / buhran* «дағдарыс»; *ad / isim* «зат есім»; *önad / sıfat* «сын есім»; *adıl / zamir* «есімдік»; *belirteç / zarf* «үстеу»; *eylem / fiil* «етістік»; *bağlaç / edat* «шылау»), түрікшесімен қатар парсышасы (*baba / peder* «әке»; *anne / mader* «шеше»; *soğan / piyaz* «пияз»; *ak / beyaz* «ақ»; *kara / siyah* «қара», *pınar / çeşme* «бұлақ»), кейде түрікшесімен қатар әрі арабшасы, әрі парсышасы (*T. baş / Ar. kafa / Far. kelle* «бас»), кейде араб тілінен енген сөздер (*maskara / rezil* «масқара») бір-біріне синоним ретінде қолданылады. Бұл туралы түрік тілінде мынандай екі жол әзіл бар:

Бір адам жоғарыдан түсіп келе жатып, шығып бара жатқан жолдасына: *-Eyne?... Güca?... Kançerü?...*(Қайда?) – дейді. Анау болса, мүдірместен:

-Fevka... Bala... Yukarı...(Жоғарыға) – депті.

Бұл сұрақ-жауап әзілдің алғашқы жолындағы үш сөз де «қайда?» деген сұрау есімдігі болса, екінші сөйлемнің үш сөзі де оның «жоғарыға» деген жауабы. Бірінші сыңарлары арабша (*Eyne?... Fevka..*), екінші сыңарлары парсыша (*Güca?... Bala..*), үшінші сыңарлары түрікше (*Kançerü?... Yukarı..*) [3: 249].

Әсіресе тілдегі түбір етістіктердің орнына араб және парсы тілдерінен түбір сөздер еніп, оларға түрік тіліндегі *etmek* (ету),

olmak (болу) сияқты көмекші етістіктердің көмегімен көптеген күрделі етістіктер жасалған. Бұндай формадағы сөздерге қазіргі түрік тілінде *şeddeli kelimeler* (*şedde* – араб әліпбиінде бір дауыссыздың екі рет қайталанып оқылатынын көрсететін белгі) дейді. Олар – мыналар: *ad* < *addetmek* < араб.: *add* + түрік.: *etmek* «есептеу, ойлау, санау», *af* (араб.: кешірім, амнистия) < *affetmek* < араб.: *aff* + түрік.: *etmek* (кешіру, кешірім беру), *his* (араб. сезім) < *hissetmek* < араб.: *hiss* + түрік.: *etmek* (сезу, сезіну, аңғару, байқау), *mas* < *massetmek* < араб.: *mass* + түрік.: *etmek* (ему, ішіне алу), *ret* < *reddetmek* < араб.: *redd* + түрік.: *etmek* (қабыл алмау, қабылдамау), *şak* < *şakketmek* < араб.: *şakk* + түрік.: *etmek* (жару, бөлу, бөліп тастау), *zam* (араб.: қосымша, үстеме) < *zammetmek* < араб.: *zamm* + түрік.: *etmek* (қосу, үстеу), *zan* (араб.: пікір, көзқарас) < *zannetmek* < араб.: *zann* + түрік.: *etmek* (ойлау, есептеу, санау), *zem* < *zemmetmek* < араб.: *zemm* + түрік.: *etmek* (жазғыру, сөгу), *bahsetmek* < араб. *bahs* + түрік. *etmek* (айту, пікірін білдіру, сөз сөйлеу, баяндау, әңгімелесу) және т.б.

Түсініктілеу болу үшін арабша және түрікше біріккен күрделі етістікті, түрікшесін қазақша баламасын қатарымен былайша көрсетуге болады: *addetmek* / *saymak* «есептеу, санау»; *affetmek* / *bağışlamak* «кешіру»; *hissetmek* / *sezmek* «сезу»; *mas-setmek* / *emmek* «ему, сору»; *reddetmek* / *kabul etmemek* «қабылдамау»; *şakketmek* / *yarmak*, *parçalamak* «жару, бөлу»; *zammetmek* / *katmak* «қосу, үстеу»; *zemmetmek* / *kınamak*, *kötülemek* «жазғыру, сөгу»; *bahsetmek* / *söylemek*, *konuşmak* «айту, баяндау». Яғни тілде сол мағынаны білдіретін сөз бола тұра басқа тілдегі олардың баламаларын қолдану дәстүрге айналып отырған.

Осы айтылғандардан басқа Осман түрік тілі кезеңінде арабша, парсыша матаса байланысқан зат есімді сөз тіркестері, сын есімді сөз тіркестері өте жиі қолданысқа еніп отырған. Мысалы: *reis-i aile* / *aile reisi* / *ev sahibi* «үй иесі, отағасы», *ihtiyacı şedid* / *şiddetli ihtiyacı* «аса мұқтаждық» және т.б.

Соңғы кезеңдерде көбінесе Батыс тілдерінен, әсіресе *француз тілінен* енген сөздер қолданылуда. Олар төменде былайша берілді:

«*Türkçemizin yabancı kelimelerle istila etmesine, kamburlaşmasına, çirkinleşmesine, yabancılaştırmasına tahammül edemeyen Arif Nihat Asya, «Türkçe» başlıklı yazısında üzüntüsünü şöyle ifade ediyor. Diyor ki (қаз.: Тіліміздің құрамына шетелдік сөздердің көптеп енуіне, бұзылуына, шұбарлануына шыдай алмаған Ариф Нихат Асия «Түрікше» атты мақаласында ренішін былайша білдіреді /назарыңызға: берілген мысалдардың арасында бірен-саран араб, ағылшын, итальян, латын сөздері де бар /):*

«*Alabros (Fr. тік қиылған еркек шашы), alagarson (Fr. қысқа қиылған әйел шашы), ...ondüle (Fr. бұйра, адыр-бұдырлы), ... şampuan (İng. шампунь), briyantın (Fr. шашты жылтырату үшін жағылатын жағымды иісмай), ... bigudi (Fr. бигуди) vs».*

Bunlar berberlerin ve saç meraklılarının Türkçesi. (Бұлар шаштараздар мен шаш сән құмарларының кәсіби сөздері)

«*Kontak (Fr. 1. Түйісу, жалғасу, қосылу. 2. Жалғасу, байланысу. kontak kurmak байланыс құру), priz (Fr. Штепсель, розетка), duyu (Fr. Электр патроны), parazit (Fr. Радиодағы дауысқа кедергі келтіретін дыбыс, қыжырты), bobin (Fr. 1. Катушка; бобина, барабан. 2. Фотоленка орамы, катушкасы), anten (Fr. Антенна), oparlör (Fr. дауыс ұлғайтқыш)... »*

Elektrikçilerin Türkçesi (Электромонтер, электротехниктердің кәсіби сөздері).

«*Parafe (Fr. қысқаша қол қойылған), atase (Fr. атташе), ..., ekselans (Fr. Мәртебелі – жоғары қызметтегі шетел мырзаларына берілетін атақ), majeste (Fr. Ақ патша, патшам!), antant (Fr. келіссөз), pakt (Fr. пакт, шарт, келісім), ultimatom (Fr. ультиматум, үзілді-кесілді талап), referandum (Lat. референдум), memorandum (Lat. меморандум) vs».*

Bu da siyasetçilerin Türkçesi. (Бұл – саясатшылардың тілі)

«*Piknik (Fr. серуендеу, бой жазу, көкке шығып дем алу), suare (Fr. кешкі астан кейінгі демалыс, көңіл көтеру), kavalye (Fr. кавалер), dam (Fr.1. Дама – биде ер адамның серігі. 2. Дама (карта ойынында), ..., angaje (Fr. ауызша немесе жазбаша уәде), gardenpartı (Fr. саябақта ұйымдастырылған кешке шақыру), ... vs».*

Eğlence alemlerinin Türkçesi. (Сауық-сайран құрушылардың түрікшесі)

«*Firma* (İt. tic. фирма), *kalite* (Ar. сапа), *fiş* (Fr. талон, марка – ақша орнына жүретін жетон т.б), *prim* (Fr. марапат), *standart* (İng. стандарт), *patent* (İng. патент, өнертабысқа берілетін куәлік қағаз), *limited* (İng. шек қойылған, шектелген), *enflasyon* (Fr. 1. Инфляция – айналымдағы қағаз ақшаның шамадан тыс көбейіп кетіп құнсыздануы), *deflasyon* (Fr. дефляция), *eşantiyon* (Fr. үлгі, түр) vs».

Maliye ve ticaret adamlarının Türkçesi. (Қаржы-қаражат және сауда-саттық қызметкерлерінің кәсіби сөздері).

«*Doçent* (Alm. доцент), *laborant* (Alm. лаборант), *asistan* (Fr. ассистент, ғылыми қызметкер), *dekan* (Alm. декан), *branş* (Fr. сала, тармақ, тарау), *ordinaryüs* (Lat. esk. жоғары оқытушылық атақ), *kurs* (Fr. курс), *burs* (Fr. шәкіртақы), *paralel* (Fr. параллель), *terim* (Lat. термин) vs».

Bunlar da boy boy tahsil kurumlarının Türkçesi. (Бұлар да жеке-жеке білім ұйымдарының терминдері)

«*Sinyal* (Fr. белгі, сигнал), *marşandiz* (Fr. жүк пойызы, эшелон), *rötar* (Fr. кешігу, кідіру, тұрып қалу), *rampa* (İt. платформа), *alarm* (Fr. дабыл), *bagaj* (Fr. багаж, жолаушы жүгі, қол жүгі), *tender* (İng. тендер – паравозға тіркелген отын, су таситын вагон), *restoran* (Fr. мейрамхана), *peron* (Fr. перрон; платформа), *vagon* (İng. вагон), *gişe* (касса), *büfe* (Fr. буфет), *ray* (İng. рельс, теміржол, рельсті жол) vs».

Şimendifercilerin Türkçesi. (Теміржолшылардың кәсіби сөздері)

«*Vites* (Fr. жылдамдық), *egzoz* (İng. пайдаланылған газдың шығуы), *karoser* (Fr. шанақ, автомобиль кузовы), *taksi* (Fr. такси), *klakson* (Fr. мотоцикл және автомобиль сигналы), *direksiyon* (Fr. машина, кеме т.б. руль, тұтқа), *patinaj* (Fr. Машинаның тұрып қалуы), *viraj* (Fr. Бұрылу, бұрылып айналу) vs».

Şoförlerin Türkçesi. (Жүргізушілердің кәсіби сөздері)

«*Hal* (Fr. төбесі жабық базар), *parsel* (Fr. жер учаскесі), *trotuvar*, *bulvar* (Fr. бульвар), *kanalizasyon* (Fr. канализация), *pasaj* (Fr. пассаж – дүкендер қатары) vs».

Şehircilik ve belediyeçilik Türkçesi. (Қала және әкімшілік қызметкерлерінің кәсіби сөздері)

«*Vale* (*Fr.* карта ойынында валет, балта), *dam* (карта ойынында дама), *seans* (*Fr.* сеанс), *pas* (*İng.* карта ойынында пас, қалыс қалу) vs».

Poker masalarının Türkçesi. (Карта ойынына қатысты сөздер).

«*Pansuman* (*Fr.* таңу, орау, байлау: *pansuman yapmak* – жараны таңу), *kompres* (*Fr. tip* компресс), *kriz* (*Fr.* дағдарыс, күйзеліс, тығырыққа тірелушілік), *doz* (*Fr.* доза – дәрінің бір ішім, бірсалым мөлшері), *tüberküloz* (*Fr. tip.* туберкулез), *izolasyon* (*Fr.* изоляция, айыру, жекелеу), *konsültasyon* (*Fr. tip.* консультация, кеңес), *kllinik* (*Fr. tip.* клиника), *poliklinik* (*Fr.* емхана, поликлиника), *reçete* (*İt.* рецепт) vs».

Hekimlerin, eczacıların, hastabakıcıların Türkçesi. (Дәрігер, дәріханашы және науқасқа қараушылардың кәсіби сөздері)

«*Platform* (*Fr.* платформа), *teras* (*Fr.* терасса), *veranda* (*Fr.* веранда, дәліз), *gardırop* (*Fr.* гардероб – киім ілетін шкаф), *priz* (*Fr.* штепсель, розетка), *etajer* (*Fr.* үлдірік, этажерка), *konfor* (*Fr.* жақсы жабдықталғандық, ыңғайлылық, қолайлылық), *möble* (*Fr.* жиһаз), *şömine* (*Fr.* камин – тік мүржалы, алды ашық пеш), *antre* (*Fr.* кіру есігі: *antre ücreti* – кіру ақысы), *vazo* (*İt.* ваза), *biblo* (*Fr.* сәндік бұйым), *lavabo* (*Lat.* қол жуғыш, раковина) vs».

Modern evlerle bahçelerin Türkçesi. (Қазіргі заманғы үй іші лексикасы)

«*Profesyonel* (*Fr.* кәсіпқой), *amatör* (*Fr.* әуесқой), *lig* (*Fr.* лига, кәсіпқой футбол командасы), *fıktür* (*İng.* жарыстың нақты уақыты мен кезегін көрсететін тәртіп), *final* (*Fr.sp.* финал), *gövanş* (*Fr.* реванш, қарымта қайтару), *puan* (*Fr.* ұпай), *alpinizm* (*Fr.* альпинизм – тауға өрмелеу өнері), *kort* (*Fr.* теннис алаңы, корт), *trampfen* (*Fr.* трамплин), *pist* (*Fr.sp.* стадионда, бассейнде т.б. жүгіретін, жүзетін жол), *stad* (*Lat.* стадион), *stadyum* (*Lat.* стадион), *hipodrom* (*Yun. esk.* ипподром – ат бәйгесі алаңы), *raund* (*İng.* раунт), *nakavt* (*İng. sp.* нокаут) vs».

Sporcuların Türkçesi. (Спортшылардың терминдері)

«*Kamera* (*Fr.* камера), *ekran* (*Fr.* экран), *artistik* (*Fr.* артисттік), *götüş* (*Fr.* суреттерді өңдеу, суреттерді түзету), *enstantane* (*Fr.* фотоға тез түсіріп алу), *roz* (*Fr.* аппаратқа түсіру уақыты),

pozitif (*Fr.* оң, дұрыс, жағымды, болымды), negatif (*Fr.* теріс, қате, жағымсыз, болымсыз) vs».

Fotoğrafcıların Türkçesi. (Фотосуретшілердің кәсіби сөздері)

Танзиматпен бірге түрік тіліне ене бастаған осы кірме сөздер шамамен 100-150 жыл бойы қолданылып келе жатыр [2: 239-241].

Осындай кірме сөздер легінен жалыққан, өз тілінің болашағын ойлаған халық тілді оңайлатуға (*sadeleştirme*), түрікшелеуге (*Türkçeleştirme*), алда өсіп келе жатқан жаңа буын, жас ұрпақ үшін тілді де заманына сай қылуға (*muasırlaşma*) ниеттенеді, талпынады, ана тілін кірме сөздерден тазартқысы, өз ана тілінде таза сөйлегісі келеді. Олардың осы ойлары айтқан сөздерінде де, жазған шығармаларында да көрініс тауып отырады. Мысалы:

Arapça isteyen Urban'a gitsin (Араб тілін қалағандар Урбанға / бедуин / барсын)

Acemce isteyen İnan'a gitsin (Парсы тілін қалағандар Иранға барсын)

Frengiler Frengistan'a gitsin (Француздар Францияға барсын)

Ki biz Türk'üz, bize Türki gerektir. (Біз – түрікпіз, бізге түрік тілі керек) [5: 53].

Ағылшын тілінен енген кірме сөздер. Ағылшын тілінен түрік тіліне енген сөздердің басым бөлігі – спорт терминдері. Мысалы: *spor* (спорт), *futbol* (футбол), *aut* (аут), *gol* (гол), *voleybol* (волейбол), *basketbol* (баскетбол), *hendbol* (гандбол), *badminton* (бадминтон), *kikboksing* (кикбоксинг), *boks* (бокс), *ring* (ринг), *raund* (раунд), *nokavt* (нокаут), *nokdaun* (нокдаун), *kros* (кросс), *start* (старт), *finiş* (финиш), *taım* (тайм), *regbi* (регби), *vaterpolo* (ватерполо), *yahting* (яхта), *vinderserfing* (виндсерфинг), *jokey* (жокей), т.б.

Орыс тілінен енген кірме сөздер. Орыс тілінен түрік тіліне бар болғаны әр кезеңде қырыққа жуық сөз енген. Олар:

1) тарихи сөздер: *Bolşevik* (Bolşeviklik yanlısı kimse) < *bolşeviklik*; *Menşevik* (Menşeviklik yanlısı kimse) < *menşeviklik*; *Moskof* (*esk. Rus*; *mec.* acımasız, zalim); *boyarin* < *boyar* (Tuna bölgesinde, Transilvanya'da ve Rusya'da soylulara verilen unvan); *brıçka* < бричка > (Rusya'da üstü kapalı, kışın kızak olarak

kullanılan тек атлы, yaylı hafif araba); *çar* (*tar.* Rus имparatorlarına ve Bulgar krallarına verilen unvan), *çareviç* (çarın oğlu); *Duma* (Çarlık zamanında Rus parlamentosuna verilen ad); *kulak* (< *Tat.* varlıklı eski Rus köylülerine verilen ad); *sovhoz* ('sov /etskoe/ + hoz /yaystvo/' adının kısaltılması S.S.C.B.' de devlet eliyle yönetilen tarım işletmesi); *Glasnost* (açıklık);

2) күнделікті қолданыстағы және тұрмысқа қатысты сөздер: *semaver* > *samovar*; *step* (bozkır); *şapka* (кеçеден yapılan başlık; boru, baca vb. üst bölümünü hava etkisinden korumak için takılan başlık; *gr.* düzeltme işareti) < *şapkacı*, *şapkacılık*, *şapkalı*, *şapkalık*, *şapkasız*; *troyka* (üç atla çekilen kızak veya araba); *zanka* (iki atlı kızak); *izbe* > *izba* < жертөле, лашық > (basık, loş, nemli, kuytu yer); *kaleska* < *kolya'ska* (dört tekerleklі, hafif bir tür gezinti arabası); *kazaska* (kaynağı Kafkasya olan ve hızlı oynanan bir halk dansı); *Leh* < поляк > (Polonya halkından veya bu halkın soyundan olan kimse); *razmol* (ірі kepekli un); *mujik* (Rus köylüsü); *haraşo* (iyi, güzel);

3) ас-суға қатысты сөздер: *borç* veya *borş* (pancar, lahana ve et veya krema konularak yapılan sebze çorbası); *kapuska* («lahana», etli lahana yemeği); *pirogi* < *piruhi* < *börek* (bir çeşit hamur yemeği); *votka* (alkollü іçki);

4) қаржы-қаражат және кәсіптік мағынадағы сөздер: *kapik* (rublenin yüzde bir деđerindeki para); *ruble* (Rusya para birimi); *mazot* (akar yakıt olarak kullanılan ham petrolün damıtma ürünlerinden biri) < *mazotlama* < *mazotlamak*.

Моңғол тілінен енген кірме сөздер: Моңғол тілінен түрік тіліне 13 сөз енген. Олар: *kurultay* < құрылтай, конгресс, съезд >: (*Dil kurultayı* < Лингвистикалық конгресс >); *ulus* (халық, ұлт, ұлыс): (*ulusal* < ұлттық >; *ulusallaştırmak* < мемлекет мүлкіне айналдыру >; *ulusallık* < ұлттық ерекшелік >; *ulusçu* < ұлтшыл, ұлтжанды >; *ulusçuluk* < ұлтшылдық, ұлтжандылық >; *uluslararası* < халықаралық >; *uluslararası ilişkiler* < халықаралық байланыстар >; *uluslararasıılık* < интернационализм >; *ulussever* < отансүйгіш, патриот >; *ulusseverlik* < отансүйгіштік >, *alp* < батыр, алып >), *kaburga* (қабырға): (*kaburgaları çıkmak* veya *sayılmak* < қабырғаларын санауға болатындай өте жүдеу >).

Сонымен қазіргі түрік тілінің сөздік құрамынан түбір күйінде (*kelime kökeni ile ilgili*) араб (*Arapça: 6463*), француз (*Fransızca: 4974*), парсы (*Farsça: 1374*), итальян (*İtalyanca: 632*), ағылшын (*İngilizce: 538*), грек (*Yunanca: 399*), латын (*Latince: 147*), неміс (*Almanca: 85*), орыс (*Rusça: 40*), испан (*İspanyolca: 36*), славян (*Slavca: 24*), армян (*Ermenice: 23*), венгр (*Macarca: 19*), моңғол (*Moğolca: 13*), көне еврей (*İbranice: 9*), болгар (*Bulgarca: 8*), жапон (*Japonca: 7*), португал (*Portekizce: 4*), финн (*Fince: 2*), норвеж (*Norveç: 2*), албан (*Arnavutça: 1*), корей (*Korece: 1*) тілдерінен 14 801 сөз орын алады [8: 251].

Модульге қатысты тапсырмалар:

1. Түрік тілінің лексикологиясы туралы баяндаңыз.
2. Қазіргі түрік тілінің негізгі сөздік қорына шолу жасаңыз.
3. Қазіргі түрік тілінің негізгі сөздік құрамына тоқталыңыз.
4. Қазіргі түрік тіліндегі кірме сөздерге сипаттама беріңіз.
5. Берілген мәтіндегі кірме сөздерге талдау жасап, аудармаға назар аударыңыз.

TURAN

Nabızlarımda vuran duygular ki tarihini
Birer derin sesidir, ben sahifelerde değil
Güzide, şanlı, necip ırkımın uzak ve yakın
Bütün zaferlerini kalbimin tanininde
Nabızlarımda okur, anlar, eylerim tebcil.

Sahifelerde değil, çünkü Atilla, Cengiz
Zaferle ırkımın tetviç eden bu nasiyeler,
O tozlu çerçevelerde, o iftira amiz
Muhit içinde görünmekte kirli, şermende;
Fakat şerefle numayan Sezar ve İskender!

Nabızlarımda evet, çünkü ilm için müphem
Kalan Oğuz Han'ı kalbim tanıır tamamiyle
Damarlarımda yaşar şan-ü ihtişamıyla
Oğuz Han, işte budur gönlümü eden mülhem:
Vatan ne Türkiyedir Türklere, ne Türkistan
Vatan, büyük ve müebbet bir ülkedir: Turan

(Ziya Gökalp)

ТҰРАН

Тамырында қайнаған қан сыр шертеді тарихтан,
Үйренген жоқ ол тарихты кітаптан не халықтан!
Жүрегімнен тыңдап барлық құпиясын тегімнің,
Нәсілімнің асылдығын біліп түгел қамыққан.
Жүрек жазған шежірені жаттаудан еш жалықпан!

Аттила мен Шыңғыс жырын қаламменен жазбаған,
Қылыштары үшқын шашып, тарих жыры маздаған.
Бірақ ұлы даналарды көлеңкеде қалдырып,
Жат жерліктер жәй әшейін есіне алды азғана.
Тек Цезарь мен Ескендірді алып шықты қазбадан!

Тамырында жүрді шарлап даңқы Өгіз бабамның,
Ол бір асқақ тұлғасы еді мынау жалпақ ғаламның.
Білем: айқара ашылды еркіндіктің есігі,
Сонда Өгізді жыр етеді жүздеп емес, қалам мың.

Түркия да, Түркістан да – жаттар Өгіз ұранын,
Ол ұраным – ұлы Отаным – шетсіз-шексіз Тұраным!

(Түрік тілінен аударған Сайран-Хамза Абдуллин)

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

Негізгі әдебиеттер:

1. Aksan D. Her Yönüyle Dil Ana Çizgileriyle Dilbilim. Semih Ofset Matbaacılık, Yayıncılık Ltd Şti. – Ankara, 1998. – 244 s.
2. Bakiler Y.B. Sözüün Doğrusu 2. 12. Baskı. Sultanahmet. – İstanbul, 2011. – 302 s.
3. Banarlı N.S. Türkçenin Sırları. Kubbealtı Neşriyatı. 40. Baskı. – İstanbul, 2012. – 317 s.
4. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1997. – 255 б.
5. Çatıkkaş A. Örnekli ve Uygulamalı Türk Dili Kılavuzu. 3. Baskı. – İstanbul, 2001. – 280 s.
6. Ercilasun A.B. Başlangıçtan Yirminci Yüzyıla Türk Dili Tarihi. Akçağ Basım Yayım Pazarlama AŞ. 7. Baskı. – Ankara, 2009. – 486 s.

7. Ergin M. Türk Dil Bilgisi. 21. Baskı. Bayrak Basım / Yayımları / Tanıtım. – İstanbul, 1993.
8. Günay V.D. Sözcükbilime Giriş. Multilingual. Çemberlitaş. – İstanbul, 2007. – 311 s.
9. Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2005. – 239 б.
10. Мұсабаев Ф. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2008. – 469 б.
11. Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы, 1996. – 414 б.

Қосымша әдебиеттер:

1. Ahmet Bican Ercilasun v.b. Yabancı Kelimelere Karşılıklar. – Ankara, 1995. – 97 s.
2. Байниязов А., Байниязова Ж. Түрікше-қазақша сөздік. Editör Kenan Koç. – Алматы, 2007. – 796 б.
3. Кенан Коç, Аябек Байниязов, Вехби Башкапан. Қазақша-түрікше сөздік. Түркстан, 2003. – 637 б.
4. Türkçe Sözlük. Yeni Baskı. I-II. cilt. – Ankara, 1988. – 1679 s.
5. Володина Е. Г. Лексические заимствования из английского языка в современном турецком языке (на материале периодики) – Языки народов зарубежных стран Европы, Азии, Африки, аборигенов Америки и Австралии (индо-иранские языки; синитические языки; алтайские языки; афразийские и нигеро-конголезские языки). – М., 2007. 17-26 с.
6. İsmail Parlatur, Nevzat Gözaydın, Hamza Zulfikar. Türkçe Sözlük. 9. Baskı, 1.-2. cilt. Ankara, 1998. – 2523 s.
7. Murat Kaplan. The Most Frequently Used Verbs in English with their Russian & Turkish equivalents. 283. Almaty-2000. BOOK I.
8. Murat Kaplan. The Most Frequently Used Verbs in English with their Kazakh & Turkish equivalents. 283. Almaty-2000. BOOK II.
9. Yaşar Çağbayır. Ötüken Türkçe Sözlük. – İstanbul, 2007. – 5738 s.
10. Откупщиков Ю.В. К истокам слова. – М., 1973. – 256 с.
11. Успенский Л. Слово о словах. – Л., – 1971. – 716 с.

II модуль: 4-7 лекция

ТҮРІК ТІЛІНІҢ СЕМАСИОЛОГИЯСЫ (TÜRK DİLİNİN ANLAM BİLGİSİ)

Модульде қаралатын тақырыптар:

- 2.1. Семасиология туралы жалпы түсінік. (Anlam Bilgisi Hakkında Genel Malumat).
- 2.2. Сөз, ұғым, мағына және мағына түрлері (Kelime, Kavram, Anlam Ve Anlam Türleri)
- 2.3. Жалпы және жалқы мағыналылық (Genel Ve Özel Anlamlılık).
- 2.4. Тура мағына, туынды мағына және ауыспалы мағына (Gerçek Anlam, Yan Anlam Ve Mecaz Anlam).
- 2.5. Сөздерде ауыспалы мағына туғызудың кейбір әдіс-тәсілдері (Sözcüklere Mecaz Anlam Kazandırmanın Bazı Yolları).
 - 2.5.1. Теңеу немесе ұқсату заңы (Benzetme veya Aktarma).
 - 2.5.2. Метонимия (Ad Aktarması, Düz Değişmece, Mecaz-i Mürsel).
 - 2.5.3. Синекдоха (Ad Aktarmasının Bir Türü).
 - 2.5.4. Тұрақты метафора немесе парафраз (Dolaylama).
 - 2.5.5. Шенеу, мысқылдау, сарказм (Tariz, Dokundurma).
 - 2.5.6. Табу, эвфемизм және дисфемизм (Tabu, Güzel ve Kötü Adlandırma).
- 2.6. Бір және көп мағыналылық (Tek Ve Çok Anlamlılık).
- 2.7. Омонимдер (Eş Sesli Kelimeler Veya Eş Adlılık, Eş Yazımlılık).
 - 2.7.1. Лексика – семантикалық тәсіл немесе сөздердің мағыналық өзгерістері (Anlamsal ölçüt).
 - 2.7.2. Фонетикалық тәсіл немесе фонетикалық өзгерістер (Sesbilimsel ölçüt).
 - 2.7.3. Морфологиялық тәсіл немесе морфологиялық өзгерістер (Biçimbilimsel ölçüt).
 - 2.7.4. Омонимге ұқсас лингвистикалық құбылыстың бірі – пароним. (Söylenişi Benzer Kelimeler)

- 2.7.5. Омонимге ұқсас лингвистикалық құбылыстың екінші бір түрі – каламбур. (Ironi, Dolaylı Ve Alaylı Anlatım)
 - 2.7.6. Синонимдер (Yakın Anlamlı Kelimeler, Eş Anlamlı Kelimeler).
 - 2.7.7. Мағыналары бір-біріне жақын сөздер (Yakın Anlamlı Kelimeler).
 - 2.7.8. Тең (бірдей) мағынада жұмсалатын сөздер (Eş Anlamlı Kelimeler).
- 2.9. Антонимдер (Zıt Anlamlı Kelimeler, Karşit Anlamlı Kelimeler).

2.1. Семасиология туралы жалпы түсінік (Anlam Bilgisi Hakkında Genel Malûmat)

Лексикологияның зерттеу нысаны өте ауқымды. Оның көптеген салаларымен қатар алғашқы кезекте қарастырылатын ең көлемді де күрделі саласы – семасиология. Өйткені ол сөз мағынасын, оның түрлі әдіс-тәсілдері мен заңдылықтарын жеке немесе тілдің басқа да салаларымен байланыста қарастыратын, онымен мәнделес, мағыналас қолданылатын семантиканы зерттейді.

«Semantik-Anlambilim (İng. semantics, Alm. Semantik, Fr. sémantique). Dili anlam yönünden inceleyen bilim dalı. XIX Yüzyılda bilim dalı olarak ayrılmıştır. Amaç sözlerin gramer ve mana yönünden ayırıcı unsur kurallarını belirtmektir». (қаз.: Семантика – тілді мағыналық жағынан зерттейтін ғылым саласы. XIX ғасырда ғылым саласы ретінде қалыптасты. Мақсаты – сөздердің грамматикалық және мағыналық жағынан бір-бірінен айырмашылық және өзара байланыс ережелерін анықтау) [7: 272].

Қысқасы «Семантика (грек. *sémantikós* таңбалаушы, білдіруші) – тіл және тіл бірліктері (сөз, грамматикалық тұлға, сөз тіркесі, сөйлем) арқылы білдірілетін хабарды, заттар мен құбылыстардың мән-мазмұнын зерттейтін тіл білімінің саласы, семиотиканың негізгі бөлімдерінің бірі. Семантика сөз мағынасын, сөз құрамындағы элементтердің өзара мағыналық қарым-қатынасын, сөз мағынасы түрлерінің даму заңдылықтарын зерттейді» [ҚӘ 3: 278].

2.2. Сөз, ұғым, мағына және мағына түрлері (Kelime, Kavram, Anlam Ve Anlam Türleri)

Тіл – қарым-қатынас құралы. Ал сөз – сол тілдің материалы. Халықтың асыл перзенттері, ақын-жазушылары қажеттілік туған жағдайда, өз орнына, керегіне қарай тіліміздегі сөздерді әр түрлі мағынада қолдана білген. Мысалы: «Сөз сөзі де – Абай үшін «салмақты», ауқымды ұғым атауының бірі, осы себептен *қайран сөз, басалқа сөз, түгел сөз, жел сөз, жылы сөз, бос сөз* сияқты біршама кәнігі эпитетті варианттарымен қатар, ақын *іші алтын, сырты күміс сөз, буулы сөз, қуаты күшті нұрлы сөз, жабырқаңқы сөз* деген жаңа қолданыстарды ұсынады. Бұлар семантикалық алшақ ұғымдардың тоғысуынан жасалғандар: жабырқау – адамға тән сипат, әрі кетсе, «адам» мәнінде жұмсалатын *көңіл* сөзімен тіркесуге бейім, ал сөздің жабырқаңқы болуы – образ.

Сөз деген сөзге көп ретте Абайда *тіл* сөзі контекстік синоним болып келеді. *Тіл* сөзі де тура мағынасымен қатар, «айтылған (не айтылмақ) ой, өлең, сөз» деген ауыспалы мағыналарда қолданылғандықтан, ақын мұның да эстетикалық өрісін кеңейтеді: бұрынғы *аиы тіл, қайран тіл* сияқтылардың үстіне *мінсіз тіл, шыншыл тіл, буынсыз тіл, толғауы тоқсан қызыл тіл* деген жаңа эпитеттермен келген тіркестерді қолданады» [ҚӘ 5: 31].

Міне, жаңа тіркестердің жасалуына септігін тигізген сөз жана, басқа бір ұғымды қалыптастырып, тіліміздің баюына, әдемі, көркем болуына себепкер. Сөз мағыналарының ауысуына, әсіресе кірме сөздің әр түрлі форманы қабылдауына түрік тілінен де көптеген мысалдар беруге болады. Мысалы: *Yunus Emre'nin:*

Aceb şu yerde var m'ola (Мынау жердің бетінде)

Şöyle garib bencileyin (Мендей сорлы бар ма екен?)

Bağrı başlu gözi yaşlı (Қаңғыған желдің өтінде)

Şöyle garib bencileyin (Мендей сорлы бар ма екен?)

(Әубәкір Дастанұлы Нілібаев)

Dörtlüğüyle başlayan şiirinde «garip» in çeşitli mana zenginlikleri vardır. Böylelikle Türk'ün irfan ve gönül gücüyle fethedilmiş kelimelerden biri de bu «garip» tir. (қаз.: Юнус Эмренің осы шумағымен басталатын өлеңіндегі «garip» сөзі көптеген мағынада қолданылады. Ол – түрік халқының шын ықыласымен қабылдаған сөздерінің бірі болып саналады).

Türkçede «Gurbette kalmış (жат жерде өмір сүру), kimsesiz (ағайын-туысы жоқ), zavallı (бейшара), fakir (кедей), değişik (ерекше, бөлекше, әдеттен тыс), tuhaf (оғаш, әдеттен тыс; біртүрлі, танданарлық; күлкілі), yabancı (бөтен, бөгде, бейтаныс), içe dokunan (көңілге қаяу салатын), tesirli (әсерлі), anlaşılmaz (түсініксіз), Allah aşkı (Құдай үшін!), derviş (дәруіш; қарапайым, сыпайы, менменсінбейтін адам; диуана, мүсәпір), meczup (Құдайға беріліп, ақылынан адасқан)», vb. gibi manalar kazanmış bu «garip» sözü, ayrıca (т.б. мағыналарда қолданылған «garip» сөзі) «gariplik (оғаштық, өзгешелік), garipsemek (жатырқау, тосырқау, жатсыну).» vb. gibi kullanışlarla da Türkçeleşmiştir (т.б. түлғаларды қабылдап игерілген) [4: 94].

Қазіргі түрік тіліндегідей өнімді болмағанымен, бұл сөздің бірен-саран формасы қазақ тілі түсіндірме сөздігінен орын алған. Мысалы: *Fapin*: мүсәпір, міскін, бейшара. Жетім өскен ғаріп едім. *Fapinmik*: бейшаралық, мүсәпірлік. Ғаріптікке көз жетті, Алғаннан соң ерікті (Абай). *Fapinxana*: неол. Жасының ұлғаюына, еңбекке жарамсыздығына байланысты мемлекет қамқорлығына алынған панасыз адамдардың үйі.

«Dilin işlevini yerine getirmesi ise sözcük, kavram ve anlama dayalıdır.

Sözcük. Anlatımın temel ögesi olan seslerden kurulur. Her sözcüğün bir kavram, bir de ses yönü vardır. Sözcükler anlama ve anlatma birimidir.

Kavram. Nesnelere, canlı ve cansız varlıkların, eylemlerin zihnimize tasarladığımız biçimidir. Kavramlar soyut ve somut olmak üzere ikiye ayrılır: Zihnimize dışındaki ağaç, taş, kuş, çiçek, kalem, kitap gibi duyularımızla algıladığımız varlıkları karşılayan kavramlara somut, zihnimize yarattığımız sevgi, duygu, dostluk,

düşmanlık, güzellik, çirkinlik gibi kavramlara da soyut kavramlar denir.

Anlam. Sözcük nesneyi değil, nesnenin imgesini iletir. Her ad bir kavramı, bir anlamı canlandırır... Adsız anlam olmaz, anlamsız da ad olmaz...

...Deyimler, birleşik eylemler, birleşik adlar, ikilemeler, tamamlamalar gibi söz öbekleri sözcükle aynı özelliktedirler, tek kavramı yansıtırlar:

Aşağı ve yukarı sözcükleri tek tek kullanıldıklarında farklı kavramları anlattıkları halde, «Bundan aşağı yukarı bir ay önceseydi». Cümlesinde ikileme kurup yaklaşık kavramını anlatır.

Hanım ve el ayrı kavramların adıdır. İki kelime birleşerek (hanımeli – конифоль) bir çiçeği anlatır».

(қаз.: Тіл функциясының орындалуы сөзге, ұғымға және мағынаға сүйенеді.

Сөз түсіндірудің негізгі іргетасы саналатын дыбыстардан құралады. Әрбір сөздің беретін ұғымы мен дыбыстық жамылғышы болады. Сөз – түсіну және түсіндіру бірлігі.

Ұғым – жанды немесе жансыз заттардың, іс-қимылдардың санамыздағы сәулесі. Ұғымдар деректі және дерексіз болып екіге бөлінеді: көзімізбен көріп, қолымызбен ұстауға болатын ағаш, тас, құс, гүл, қалам, кітап сияқты заттарды білдіретін ұғымдарға деректі, ал тек санамызда орын алатын сүйіспеншілік, сезім, достық, қастық, әдемілік, көріксіздік сияқты ұғымдарды дерексіз дейді.

Мағына. Сөз заттың өзін емес, оның бейнесін білдіреді. Әр есім бір ұғымды, бір мағынаны бере алады. Ұғымсыз, атаусыз мағына, мағынасыз да ұғым болмайды.

...Тұрақты сөз тіркестері, күрделі етістіктер, күрделі есімдер, қос сөздер, матаса байланысқан зат есімді сөз тіркестерінің ерекшеліктері жеке сөзбен бірдей және бір ұғымды білдіреді:

Aşağı (төмен) және *yukarı* (жоғары) сөздері жеке-жеке жұмсалғанда, басқа мағынаға ие болса, «*Bundan aşağı yukarı bir ay önceseydi*» (Осыдан шамамен бір ай бұрын болатын) деген сөйлемдегі қос сөздің мағынасы («шамамен» дегенді білдіреді) басқаша.

Hanım (ханым) және *el* (қол) сөздері жеке-жеке ұғымдардың атаулары, ал бірігіп қолданылғанда (*hanımeli* – конифоль) бір гүлдің аты ретінде жұмсалады) [8: 551-552].

2.3. Жалпы және жалқы мағыналылық (Genel Ve Özel Anlamlılık)

Жалпы, ортақ сапаға, қасиетке, белгіге ие жанды, жансыз заттардың барлығына немесе оның үлкен бір бөліміне жалпы мағыналы (*genel anlamlı veya üstanlamlı*), ал сол ортақ сапаның, қасиеттің, белгінің біріне ие жанды, жансыз заттарға жалқы мағыналы (*özel anlamlı veya altanlamlı*) зат есімдер дейді. Мысалы:

«*Giyisi* (киім, киім-кешек)» жалпы мағыналы сөз, өйткені ол жалпы киім атаулыны қамтиды, ал онымен салыстырғанда «*pantolon* (шалбар), «*gömlek* (көйлек)» сөздері жалқы мағыналы. Сол сияқты «*insan* (адам, кісі)» жалпы мағыналы сөз болса, оған қарағанда «*erkek* (еркек)», «*çocuk* (бала)» немесе «*kadın* (әйел)», «*kız* (қыз)» жалқы мағыналы сөздер.

Жалпыдан жалқыға қарай айтылғанда, сөз мағынасы тарылады (*Türkiye* → *Ankara* → *Kızılay*), ал жалқыдан жалпыға қарай айтылғанда, сөз мағынасы кеңейеді (*Akorda* → *Astana* → *Kazakistan*).

2.4. Тура мағына, туынды мағына және ауыспалы мағына (Gerçek Anlam, Yan Anlam Ve Mecaz Anlam)

Тура мағына туралы сөз қозғағанда, «сөздің атауыш (номинатив) мағынасы» (*sözlük anlam*), «сөздің түпкі мағынасы немесе түпкі мағына» (*temel anlam*), «сөздің негізгі мағынасы немесе негізгі мағына» (*asıl anlam*) сияқты терминдер екі тілде де жарыса жұмсалады.

Bir kelimenin karşılığı ilk kavram, ana kavram: *ayak* kelimesinin asıl anlamı «insan ve hayvanda yürüme organı» dır. Bu kelimenin *masa ayağı, sandalye ayağı*, veya «*halk şiiirindeki kaftıye*» anlamlarını kazanması, anlam dallanması yoluyla sonradan oluşmuş yan anlamlardır. (қаз.: Бір сөздің беретін алғашқы, негізгі ұғымы:

аяқ сөзінің негізгі мағынасы «адам мен малдың қозғалу, жүру мүшесі» екендігі. Аталған сөздің *үстелдің аяғы, орындықтың аяғы* немесе *«халық жырындағы ұйқас»* сияқты мағыналарда жұмсалуды сөздік қолданыста кейіннен пайда болған туынды мағыналар) [ҚӘ 2: 26].

Тура мағына – ауыс мағынадай емес, сөздің не сөз тізбегінің дәл өз мәнінде қолданылатын мағынасы [ҚӘ 2: 331]. Сөздің атауыш (номинатив) мағынасы, ол тура мағына деп аталады... Сөздің тура мағынасы деген ұғымға заттар мен құбылыстардың ауыс я басқадай туынды қосымша мағыналары кірмейді. Тура мағына заттар мен құбылыстардың қазіргі кездегі тұрақты негізгі мағынасы ретінде танылады [7: 77].

Yan anlam, kelimenin asıl anlamı yanında, kullanıma bağlı olarak kazandığı yeni anlam (lar). *Baş* kelimesinin asıl anlamı dışında «bir topluluğu yöneten kimse, lider», «bir şeyin başlangıcı (*ay başı, yıl başı, satır başı*)», «temel esas» (*her işin başı sağlıktır*), «bir şeyin uçlarından biri» (*yolun iki başı*), «tane, sayı» (*iki baş sarımsak, üç baş inek, altı baş aile*), «bir şeyin yakını veya çevresi» (*ocak başı, havuz başı, mangal başı*) vb. pek çok yan anlamı vardır. *Ayak, göz, parmak, boğaz, burun* gibi organ adları da epey yan anlamlara sahiptir. Türkçemiz bu bakımdan her yönü ile zengin bir özellik taşıyor. (қаз.: Туынды мағына – сөздің негізгі, түпкі мағынасымен бір байланысы бар жаңа мағыналарда жұмсалатын сөздер. *Бас* сөзінің негізгі мағынасымен қатар «бір қоғамның басшысы, лидер», «бір нәрсенің басы (*ай басы – айдың алғашқы күні, жыл басы – жылдың алғашқы күні, азат жол*)», «ен негізгі» (*Ең басты байлық – денсаулық*), «кез-келген заттың екі ұшының бірі» (*жолдың екі басы*), «дана, сан» (*екі түйір сарымсақ, үш бас сиыр, алты кісілік отбасы*), «бір заттың маңай, төңірегі» (*от басы, қауыз маңайы, мангал басы*) т.б. көптеген туынды мағыналары бар. *Аяқ, көз, бармақ, тамақ, мұрын* сияқты дене мүшелері де көптеген туынды мағыналарда қолданыла алады. Түркі тілдері бұл жағынан өзіндік ерекшеліктерге ие) [ҚӘ 2: 238-239].

Сөз болған мәселені қазақ тілі тұрғысынан байыптасақ, келтірілген мысалдар көп мағыналы сөз тұрғысынан талданады

[12: 132; 6: 98-99]. Осы жерде сөздің туынды мағынасының да, ауыспалы мағынасының да көп мағыналылықтың бір түрі екенін ескеруіміз қажет. Өйткені жаңа мағынаға ие болған әрбір сөз сөйлем ішінде, мәтінде басқа мәнге ие болып, өзіне басқа қызметтер жүктейді.

Тура (*temel anlam*) және туынды (*yan anlam*) мағыналы сөздердің сөйлемде қолданылуы:

1. *Dilinde beyaz göğünlü yaralar oluşmuştu (temel anlam: tat alma organı).*
2. *Kilidin dili sı kıştığından kapı açılmıyordu (yan anlam: birçok aletin uzunca ve hareketli kısmı).*
3. *Topluluk içinde sakı z çiğnemek hoş bir davranış değildir (temel anlam: dişler arasında ezmek).*
4. *Ahı rdaki civcivleri at çiğnemişti (yan anlam: ayak altında kalmak).*
5. *Yağı şın etkisiyle yol birçok yerde çökmüştü (temel anlam: bulunduğu düzeyden aşağı inmek).*
6. *Tavan çökmüştü (yan anlam: üzerinde bulunduğu yere yıkılmak).*
7. *Bayı lır gibi oldu, sendeledi yere çöktü (yan anlam: çömelip oturmak).*
8. *Biraz sonra ortalı ğa koyu bir sis çökmüştü (yan anlam: inerek kaplamak) [8: 555-556].*

Ауыспалы мағыналы сөз дегеніміз сөздің тура мағынасынан тыс басқа бір мағынада қолданылуы. Туынды мағыналы сөздің тура мағыналы сөзбен аз да болса, бір байланысы болса, ауыспалы мағыналы сөздің онымен ешқандай байланысы болмайды.

Ауыспалы мағыналы (*mecaz anlamlı*) терминінің орнына кейде ауыс мағыналы (*değişmece anlamlı*) термині де жұмсалады.

Төмендегі тура (*temel anlam*), туынды (*yan anlam*) және ауыспалы мағыналы (*mecaz anlam*) сөздердің сөйлемде қолданылуына, араларындағы байланысына назар аударыңыз:

Temel anlam: *suyu nemi olmayan: Kuru* уапрақлары топлауір yakalım.

Үлгілер: 1. *Saklanmak üzere kurutulmuş taze ve yeşil karşısı*: Bize biraz *kuru* üzüm getirmişti. 2. *Döşenmemiş, çıplak*: Bu *kuru* odada ne yapacağız. 3. *Salgısı olmayan*: *Kuru* öksürük günlerce yakasını bırakmadı.

Мечаз аналмлар: 1. *Etkisi ve sonucu olmayan*: *Kuru* ваадлерле бизи кандрасағанын саныyordu. 2. *Heyecanı, süsü, tadı olmayan*: *Kuru* бир ifadeyle саатлерсе конушту дурду [8: 560].

Бир кандын тарлада *доғурууор*, бир кандын хастаханеде *доғура-миуор*.

Артк, yolun ortasını geçtik ve saçlarımızda aklar akları ve alınımızda çizgiler çizgileri *доғурууор* [9: 511].

2.5. Сөздерде ауыспалы мағына туғызудың кейбір әдіс-тәсілдері (Сөзүклере Мечаз Анам Казандырма Бази Yolлары)

Сөз жеке тұрып ауыспалы мағынада қолданылмайды. Сөйлемде немесе мәтінде жұмсалғанда ғана әр түрлі мағынаға ие болып, түрлі қызметтер атқарады.

Hz. Mevlana'nın Yedi Öğüdü

Cömertlik ve yardım etmede *akarsu gibi* ol.

Şefkat ve merhamette *güneş gibi* ol.

Başkalarının kusurunu örtmede *gece gibi* ol.

Hiddet ve asabiyette *ölü gibi* ol.

Tevazu ve alçakgönüllülükte *toprak gibi* ol.

Hoşgörülükte *deniz gibi* ol.

Ya olduğun gibi görün, ya görüdüğün gibi ol.

2.5.1. Теңеу немесе ұқсату заңы (Benzetme veya Aktarma)

Бір құбылысты немесе затты басқа бір құбылыспен немесе затпен кескін-келбетіндегі, сын-сипатындағы, түр-тұлғасындағы, қимыл-қозғалысындағы ұқсастықтарына қарай салыстыру арқылы мағынаны әсерлі қылу мақсатында қолданылатын

сипаттау тәсіліне теңеу немесе ұқсату заңы дейді. Бұл тәсіл үшін түрік тілінде кейде *teşbih* (аллегория) термині жұмсалады. Түрік тілінде теңеу көбіне *gibi, kadar, sanki* (сияқты) шылауларының көмегімен жасалады. Мысалы: *Bebek gibi kız* (Үріп ауызға салғандай қыз), *Kömür gibi gözler* (Көмірдей кара көздер), *Pireyi deve kadar büyütmeyin*. (Түймедейді түйедей қылмаңыз). *Sanki kandır şakağından akıyor*. (Самайынан қан ағып тұрғандай. Ahmed Naşim). «*Söz yuva gibidir, mana kuş gibi cisim irmak gibidir, ruh akıp giden su gibidir*» (Mevlana).

Ұқсату (*aktarma*) да теңеудің бір түрі. Мысалы: *katır gibi* (adam) <қашыр сияқты (адам) > (*inatçı biri* < қыңыр, қиқар (адам) >), *katır kuyruğu gibi* < қашырдың құйрығы сияқты > (*bir işte ilerlemeden kalmak* < ілгерілемеу, өзгермеу, дамымау >), *pire gibi* < бүрге сияқты, яғни шапшаң, епті > сөз тіркестерінің адам үшін, адамның мінезін сипаттау үшін қолданылуы ұқсату (*aktarma*) болып есептеледі.

Сөйтіп, ұқсату заңы дегеніміздің өзі – шартты нәрсе, ұқсату заңына жататын сөздер кейбір белгі, сыпаттарына қарай, орынды жерде ұқсату арқылы ғана жаңа мағынаға ие болады. Айталық *киімнің етегі* болатынын білеміз. Ол киімнің төменгі жағын көрсетеді. Ал таудың етегі дегенде *етек* деген сөздің таудың төменгі жағын көрсететіні белгілі. Олай болса, бұл сөздер өзара ұқсастық қасиеттерінен аталған екен. [ҚӘ 4: 115].

Бұлар, көріп отырғанымыздай, матаса байланысқан зат есімді сөз тіркестерінен (*Belirli İsim Tamlamaları*) жасалып түр: *şişenin ağzı* (бөтелкенің аузы), *kapının kolu* (есіктің тұтқасы), *dağın beli* (таудың белі), *dağın sırtı* (таудың арқасы), *testerenin dişi* (араның тісі) және т.б.

Бұларды қазақ тілінде *мілдік метафора* дейді [1: 11].

Кей жағдайда адамға қатысты сын есімдер мен табиғат құбылыстары атауларын тіркестіру арқылы да сөзге ауыспалы мағына үстей аламыз. Мысалы: *neşeli hava* (көңілді ауа райы), *mutlu günler* (бақытты күндер), *ölü deniz* (өлі теңіз) және т.б.

Керісінше жансызға тән сындарды адаммен немесе оның іс-әрекетімен байланыстыра берумізге де болады: *çiğ insan* (ысылмаған, піспеген адам), *pişkin adam* (тәжірибелі адам), *ham insan* (шынықпаған, төселмеген, дөрекі адам: *Ne ham adam!* <Қандай дөрекі адам!>), *hafif bir kadın* (жеңілтек әйел), *hafif davranış* (жеңіл әрекет), *keskin zeka* (жүйрік ой, өткір ақыл), *olgun insan* (тәжірибелі, ысылған, піскен адам), *tatlı dil* (тәтті тіл, жылы сөз: *Tatlı dil yılanı deliğinden çıkarır. (Atasözü)* < Жылы-жылы сөйлесең жылан інінен шығады >), *yumuşak hu* (жұмсақ мінез).

Кейбір жан-жануар атаулары ауыспалы мағынада қолданылып, адамның әр түрлі жағымсыз мінез-күлқын білдіреді. Бұған түрік тілінде *asli açık istiareler* немесе *günlük konuşmada kulanılan istiareler* (күнделікті қолданыстағы метофралар) дейді. Мысалы: *ayı* (аю: дәу, үлкен; дөрекі, тұрпайы, өрескел: *ayılık etmek* <көргенсіздік жасау>); *domuz* (доңыз, шошқа: қырсық, қыңыр, керітартпа; дүниеқор, ашқарақ: *Domuzdan toklu doğmaz. (Atasözü)* < Жаманнан жақсы тумас. >); *eşek* (есек: қыңыр; дөрекі, ақымақ: *Eşek hoşaftan ne anlar. (Atasözü)* < Жаман жақсылықтан не түсінеді.>); *yılan* (жылан: жауыз, сұм, залым адам: *yılan gibi* < жылан сияқты, залым, сұмырай >; *yılan gibi sokmak* < жылан сияқты шағып алу>: *Sen onun ne yılan olduğunı bilmezsin.* < Сен оның қандай жылан екенін білмейтін шығарсың. > және т.б.

2.5.2. Метонимия

(*Ad Aktarması, Düz Değişmece, Mecaz-i Mürsel*)

Бір сөздің алғашқы мағынасынан айырылып, басқа бір сөздің орнына қолданылуын, басқа бір ұғымды иемденуін білдіретін ауыспалы сөз, астарлы лебізге метонимия (*Yun. metonymia* <өзгертіп айту>) дейміз. Оның өзінің бірнеше жолы бар:

1. Мекен-жай, орын мен халық байланысы (Yer, Yön, Bölge, Kent, Ülke ile Görevli İlgisi). Ауыл-аймақ, қала, мемлекет аттары сөз болады, сол жерде өмір сүріп жатқан халық, адам ойға оралып, еске түседі. Мысалы:

Şimdi *Batı* bütün bu çalışmalarla rağmen gün geçtikçe gelişen Türk insanının kimliğini bulma mücadelesi içine girdiğini görüyor ve bu işi hızlandırıp üç-beş senede bitirmeyi hedefliyor (*Avrupa ulusları*) [ҚӘ 6: 308].

Türkiye, *Batı*'ya olsun, *Doğu*'ya olsun, insanlık örneği bir ülke olabilir (*Batı ülkelerine, Doğu ülkelerine*) [ҚӘ 6: 102].

Ortada bir gerçek var ise, şimdi, bu, Türk insan gücünün dışarıda özlemler içinde çırpındığı, *Türkiye*'ye faydalı olmak için can attığıdır (*Türk ulusuna*) [ҚӘ 6: 55].

2. Автор мен оның шығармасының арасындағы байланыс (Sanatçı ile Yarıp İlgisi). Белгілі қоғам қайраткерінің, өнер адамының, ақын-жазушылардың аты-жөні сөз болып, туындылары, шығармалары туралы әңгіме қозғалады. Мысалы: Gerisi, яғни *Aşık Paşa'yı* biraz daha tanıyabilmek, okuyabilmek, anlayabilmek кішінің gayretiyle мүмкін. (*Aşık Paşa'nın eserlerini*). Lise edebiyat kitaplarında, koca *Aşık Paşa'ya* ayrılan yer, sadece бір буçук sayfadan ibaret. (*Aşık Paşa'nın eserlerine*) [5: 24].

- Doğru bildin. Tebrik ederim! Okudun mu *Ömer Seyfeddin'i?* (*Ömer Seyfeddin'in eserlerini*).
- Kaşağı adlı öyküsünü anımsıyorum.
- Bir tek Kaşağı ile iş bitmez! *Ömer Seyfeddin'in* yüzden fazla hikayesi var. Onu okumamak esef edilecek bir haldir [5: 29].

3. Мазмұн мен форманың байланысы (İç ile Dış İlgisi). Мазмұн баяндалып, форма туралы түсінік пайда болады немесе форма туралы сөз қозғалып, мазмұн туралы ұғым туады.

Soba / odun-kömür: Soba'yı yakalım mı?

Evin direği / ailenin en önemli kişisi: Kızım, Ferit beyi kurtarırsanız, size ömrüm boyunca dua ederim, minnettarınız olurum, *evimin direğidir*, giderse bu dünya başıma çöker (A. İlhan).

ev / eşya: Haftaya evi taşıyacağız.

kazan / yemek, su: Bahçede büyük bir *kazan* kaynıyor. – Y.Z. Ortaç.

ayak / ayakkabı veya vücudunbelden aşağı bölümü: *Ayağına* bir pantolon çekti.

4. Себеп пен салдар байланысы (Neden ile Sonuç İlgisi).

Қорытынды баяндалып, оны туғызған себеп туралы түсінік пайда болады.

Bereket / yağmur: Bereket yağıyor. Bereket versin ki.

5. Дерексіз бен деректінің байланысы (Soyut ile Somut İlgisi). Дерексіз ұғым арқылы деректі баяндалады.

Allah (Hak) *doğrunun yardımcısidir. (Atasözü) (insan)*

Allah *namerde muhtaç etmesin. (Atasözü) (alçak ve adi insan)*

2.5.3. Синекдоха (Ad Aktarmasının Bir Türü)

Бүтіннің орнына бөлшектің, бөлшектің орнына бүтіннің, жалпының орнына жалқының, жалқының орнына жалпының қолданылуына синекдоха (*Yun. synekdoche* < қатыстыру >) дейді. Мысалы: *bir paket makarna, bir salkım üzüm, bir demet maydanoz, bir kadeh şarap, bir tane kola, bir fiske tuz, beş adet yumurta, üç kalıp dondurma, bir avuç dondurma, bir litre yoğurt, bir kilogram peynir, iki bardak meyve suyu, bir dilim ekmek, bir parça elma, bir kutu süt* және т.б. сөз тіркестері бүтіннің бөлшегі ретінде айтылғанымен, бүтіннің қызметін атқарып тұр.

1. Бөлшек пен бүтіннің байланысы (Parçam ile Bütün İlgisi). Оқиғаның баяндалуы барысында бүтіннің бөлшегі сөз болады, бүтін туралы ұғым пайда болады. Мысалы:

Çatma kurban olayım çehreni, ey nazlı hilâl!

(Құрбандығың мен болайын, жарқырай түс, жаңа айым!)

Kahraman ırkıma bir gül, ne bu şiddet, bu celâl

(Қаһарман ел нәсілімін, саған тура қарайын)

Sana olmaz dökülen kanlarımız sonra helâl;

(Қаным төгіл тәуелсіздік отын мәңгі жағайын,)

Hakkıdır, Hakk'a tapan milletimin, istiklâl!

(Сені ұлтымның қасиетгі Тәңіріне балайын)

(M.A. Ersoy)

Берілген шумақтағы *hilâl* сөзі арқылы байрақтағы жарты ай сөз болғанымен, түрік байрағы мағынасын ұғамыз.

2. Жалпы мен жалқының байланысы (Genel ile Özel İlgisi). Оқиғаның баяндалуы барысында жалпы атау айтылады, жалқы ұғым көз алдыңызға келеді. Мысалы:

ŞANLI GEÇMİŞ

– Neydi, yâ Rabbi, otuz kırk sene evvel burası?
Dağlar orman, tepeler bağ, ovalar hep tarla;
Koca mer’â dolu baştan başa *sağmallerla*. (*inek*)
İğne atsan yere düşmez: O ekin bir tûfan;
Atlı girsen gömülür buğdayın altında kafan.
Köylünün kırları tutmuş, yayılırken davarı,
Sökemezsin, sarar âfâkını yün dalgaları!
Dolaşır sal gibi göllerde hesabsız manda,
Fil sanırsın, hani, bir çıksa da görsen karada...

Mehmet Akif Ersoy

Zavallı *hayvan* bir saattir yüz okkadan fazla bir yükü sürüklüyordu. (*at, eşek veya katır*). – *Ö. Seyfettin*.

2.5.4. Тұрақты метафора немесе парафраз (*Dolaylama*)

Бір сөздің, бір атаудың бірнеше сөзбен, сөз тіркесімен астарлап, түспалдап айтылуына тұрақты метафора немесе парафраз (*Yun. paraphasis* сипаттау, сипаттама оралым) дейді. Сондықтан мұндай сөз қалыптары көпшілікке түсінікті болып келеді. Мысалы: Ұлы көшбасшы (*Ulu Önder, Büyük Kurtarıcı*) сөз тіркестері Ататүрікке қарата айтылса, Түркияның жүрегі (*Türkiyenin kalbi*) Түркияның астанасы Анкараны, жеті мұнаралы, жеті төбелі қала (*yedi tepeli şehir*) Стамбулды, бауырлас отан (*yavru vatan*) сияқты тұрақты тіркестер Кипрді білдіреді. Сол сияқты сахна театрды (*sahne – tiyatro*), мүржасыз өнеркәсіп – туризмді (*bacasız sanayi – turizm*), орман каролі – арыстанды (*ormanlar kralı – aslan*), теңіз қозысы – балықты (*derya kuzusu – balık*), қара алмас – көмірді (*kara elmas – kömür*), бұғаздардың маржаны – Стамбулды (*Boğazların incisi – İstanbul*), Анадолының ортасы – Кайсеріні (*Anadolunun orta yeri – Kayseri*), өр-

кениет тізгіні – галстукты (*medeniyet yuları – boyun bağı, kırvat*), ақ у – героинді (*beyaz zehir – heroin*) білдіреді.

Қазақ тілінде Атырау – мұнайлы астана, Алматы – оңтүстік астана, Астана – ақ орда, мұнай – қара алтын, мақта – ақ алтын, картоп – екінші нан деп аталып жүр.

2.5.5. Шенеу, мысқылдау, сарказм (*Tariz, Dokundurma*)

Бір сөздің қарсы мәндес вариантын қолдану арқылы сөйлемге мысқыл мәнін үстеу ... Мысалы: *Patronu az (çokçalışmak) çalıştırdığı için işe dayanamamış. Öyle açık (kapalı konuşmak) anlattı ki kimse bir şey anlamadı.*

Шенеу (сарказм) – ащы мысқыл, кекесін, сықақ, келеке, гректің шымшып тарту деген сөзінен шыққан. Сөзбен түйреу – етке тіс батыру дегендей мағына береді.

Шенеу бейнелеу, сөз қолдану тәсілі жағынан алғанда иронияға (кекесінге) жақын, соның бір түрі деуге болады. Мұнда да бүкпелеп, түспалдап айту, сөзді керісінше мағынада қолдану кездеседі. Алайда кекесіні мейлінше өткір, ызалы, сықақ толы болады [2: 364].

Қазақ тілінен: Қарға баласын сүйеді аппағым деп, кірпі баласын сүйеді жұмсағым деп. Аппақтығы көмірдей, жұмсақтығы темірдей. Қаңтардың аязындай ыстық қойның (Сұлт. Тор).

2.5.6. Табу, эвфемизм және дисфемизм (*Tabu, Güzel ve Kötü Adlandırma*)

Анайы, мағынасы көңілге ауыр тиетін, құлаққа ерсі естілетін сөздер мен сөз тіркестерін айтуды шектеп, оларды сыпайылап жеткізуді қалап, магиялық наным-сеніммен байланысты іс-әрекеттерді орындауды талап етіп, оларға ғылым тілінде табу (полинезия тілінен *tabou* < тыйым сөз >) және эвфемизмдер (грек. *eu* < жақсы > *phemi* < сөйлеймін >) дейді.

...Анкара қаласының маңайын мекендейтін түрік шаруаларының арасында қалыптасқан магиялық наным бойынша, бос бесікті шайқауға болмайды. Бұл тыйым бұзылса, ондай үйде еш

уақытта бала тумайды, туа қалса, шетінеп кетеді-міс. Дәл осындай тыйым қазақ арасында да жиі кездеседі. «Бос бесікті шайқама!» деген тыйымды бесігі бар кез келген үйден естіндігіміз осының дәлелі.

Түркия түріктерінің арасында күні бүгінге дейін сақталып отырған магиялық наныммен байланысты істелетін кейбір іс-әрекет босанып жатқан әйелдің толғағын жеңілдетуге бағытталған. Мысалы толғақ кезінде әйелдің өрілген шашын тарқатып, белбеуін босатып қояды; есіктер мен сандықтардың құлыптарын ашып, оқтаулы мылтық болса, оғын алып тастайды; баланың әкесі аяқ киімдерінің бауларын босатып, сырт киімдерінің түймелерін ағытады; тоспа суларды да ағытып жібереді. Осылай етсе, толғақ жеңілдейді, әйел тез босанады деп сенеді [2: 30].

Ауру-сырқауға, жастың ұлғаюына қатысты тыйым сөздер:

Tabu → *Güzel Adlandırma*:

Verem → *ince hastalık* (туберкулез → жіңішке ауру, жөтел ауруы, көкірек ауруы)

Hasta → *rahatsız* (ауру → сырқат, науқас)

Hastalanmak → *yatağa düşmek* (ауыру → төсек тарту)

Yaşlanmak → *yaşımı başını almak* (қартаю → сақал-шашы ағару)

Ölmek → *rahmetli olmak, sizlere ömür* (өлу → қайтыс болу)

Адамның табиғи қажеттеріне қатысты тыйым сөздер:

Sümkürmek → *burnunu temizlemek* (сінбіру → мұрнын тазалау)

Tualet → *ayak yolu* (туалет → дәретхана)

Әйел адамға байланысты тыйым сөздер. Түрік тілінде араб тілінен енген *avrat* сөзі құлаққа жағымсыз естілетіндіктен, оның орнына евфемизм ретінде *kadın* сөзі жұмсалады. Ал қазақ тілінде, керісінше, аталған сөздің сыпайы варианты ретінде араб тілінен енген *әйел* сөзін қолданамыз:

Avrat → *kadın* (қатын → әйел): *Avrat malı, kapı mandalı*. (Әйелдің ақшасы – есіктің тоқпағы. < Әйелдің дүниесі мен ақшасын пайдалануға болмайды, әйтпесе есіктің тоқпағы сияқты маңдайыңа күнде тиеді>).

Түрік тілінде кейбір әйел адамдар күйеуім (*kocam*) деп айтуды ерсі көргендіктен, балалардың әкесі (*çocukların babası*) деген сөз тіркесін қолданады:

Kocam → *çocukların babası* (күйеуім → балалардың әкесі).

Дисфемизм түрік тілінде *Kötü Adlandırma* (анайы ат беру) тіркесімен беріледі. Дисфемизм (лат. *dis*, грек. *dus* < қарама-қарсылықты не болымсыздықты тудыратын қосымша >; *phemi* < сөйлеймін >) – ауыс мағынаның бір түрі. Қалыпты қолданылатын зат, құбылыс атауларының неғұрлым дәрекі, тұрпайы сөздермен ауыстырып айту [ҚӘ 3: 95]. Мысалы: *çocuk* → *yaramaz* (бала → жүгірмек), *çok konuşma* → *birak şu laf salatasını* (көп сөйлеме → ләпірме).

2.6. Бір және көп мағыналылық (Tek Ve Çok Anlamlılık)

Бір мағыналылық (*грек. monos* бір + *sema* белгі), атынан да белгілі болып тұрғандай, бір ғана мағынада, яғни тура мағынада қолданылатын сөздерге тән. Тіліміздегі сөздер алғашында бір-ақ мағынада қолданылған. Уақыт өте келе тілдің қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында басқа да мағыналарға ие болған. Мысалы: *koyun* (қой), *buğday* (бидай), *ağaç* (ағаш) және т.б.

Көп мағыналылық (*грек. poly* көп + *sema* белгі) деп сөздің тура мағынасынан тыс, яғни екі немесе одан да көп мағынада жұмсалуды айтады. Көп мағыналылық термині, атынан да белгілі болып тұрғандай, жоғарыда баяндалған сөздің туынды және ауыспалы мағыналарын да қамтиды. Сөздің әр түрлі мағынада қолданылуы көбіне мәтін ішінде немесе өзімен қатар келген сөз арқылы айқындалып, анықталып отырады. Мысалы:

Binanın arkasına *geçti* (Bir yerden başka bir yere gitmek).

Bu hastalık farelerden *geçer* (bulaşmak).

Bu para artık *geçmiyor* (kullanılmamak).

Anlattıklarım kayda *geçsin* (yazmak, kaydetmek).

Bu haber anında ajanslara *geçti* (iletmek, aktarmak).

Dikmen otobüsü bu duraktan *geçmez* (uğramak).

Çocuk sınıfı teşekkür alarak *geçmiş* (başarmak) [8: 553-554].

Bayram günü halk sokaklara *döküldü* (Kır, sokak gibi yerlerde insanlar çokça birilmek).

Rüzgar zaten *dökülen* elbiselerinde onu çırılçıplakmış gibi üşütüyordu (Çok eskiymiş olmak). – S.F. Abasıyanık.

Erkek arıların takatları kesilmeye başlar, bir bir *dökülür*, ölürlü giderler (Çok yorgun, hasta olmak). – T. Buğra.

Sırtı, omuzları, dirsekleri ağrıyor, vücudu *dökülüyordu* (Yorulmak, hasta düşmek). – Ç. Altan [8: 402].

Kırdakır saçlı biri dalları kırdı.

Sana *yüz kere* söyledim, eve *yüz kilo* kömür alma, doğal gaz kömürden *yüz kat* daha iyi.

Hava çok güzel, hadi denizde *yüzelim*; ama suyun *yüzünde* durabileceksen denize girmelisin.

Şu yastığa *yüz* geçiren adamın *yüzüne* iyice bak. Biraz önce *yüz* numarada bize bıçağın keskin *yüzünü* gösteren kişi değil mi? Şimdi ne *yüzle* bize gülümsüyor? Adamda *yüz* yok ki!

Ona fazla yaklaşma, *yüzsüzün* biridir [10: 186-187].

Қорыта айтқанда, көп мағыналы сөздер бір сөз табына қатысты болып келеді. Сонымен бірге тура, туынды және ауыспалы мағыналарды қамтиды, яғни тура мағыналы сөз көп мағыналы сөзге ауысқанда, туынды немесе ауыспалы мағыналы сөздердің қызметін атқарады.

2.7. Омонимдер

(Еş Sesli Kelimeler, Еş Adlılık, Еş Yazımlılık, Sesteş)

Омоним термині қазіргі түрік тілінде *Еş Sesli Kelimeler, Еş Adlılık, Еş Yazımlılık, Sesteş* деген сөз және сөз тіркестерімен әр түрлі еңбектерде түрліше беріледі.

Ғылыми еңбектердің қай-қайсысында да жазылуы мен айтылуы бірдей, мағыналары басқа-басқа сөздерге омонимдер (*Yun. Нотопутіа* бірдей аталу, аттастық) дейді. Қазіргі қазақ тілінде «омонимдер» тақырыбы аясында *түбір омонимдер, туынды омонимдер, толық омонимдер, жартылай омонимдер, фонетикалық омонимдер, орфографиялық омонимдер, көп компонентті омонимдер, паронимдер, каламбурлар* сияқты мә-

селелер қарастырылса [12, 158-173], қазіргі түрік тілінде омонимдердің жасалуының кейбір тәсілдері төмендегідей болып келеді:

2.7.1. Лексика – семантикалық тәсіл немесе сөздердің мағыналық өзгерістері (Anlamsal ölçüt)

Тілдегі сөздер мағыналық жағынан дами келе бір-біріне омоним болады. Семантикалық тәсіл арқылы жасалғандықтан, көп мағыналылыққа жақын саналады. Мысалы:

Burun (мұрын): 1. Адамның дене мүшесі; *Burun* (геогр.: мүйіс): 2. Мұрын сияқты сүйірленіп теңізге еніп тұрған жер.

Değerli 1. Қадірлі, сыйлы, құрметті: Çok değerli bir öğretilendir. (Өте сыйлы оқытушы); *Değerli* 2. Бағалы, құнды: Bu hediye oldukça değerlidir. (Бұл сыйлық өте қымбат).

Ağız (ауыз) 1. Адамның дене мүшесі; *Ağız* (говор) 2. İstanbul ağzı (Стамбул говору); *Ağız* (уыз) 3. Yeni doğmuş memelilerin ilk sütü. (Жаңа туған сүт қоректілердің алғашқы сүті).

2.7.2. Фонетикалық тәсіл немесе фонетикалық өзгерістер (Sesbilimsel ölçüt)

Тіліміздегі көнеден келе жатқан кейбір сөздер тарихи даму барысында түрлі өзгерістерге ұшырап, сөздік құрамдағы басқа сөздермен дыбысталуы жағынан теңеседі, мағыналары сәйкеспесе де олармен бірдей айтылып, бірдей жазылады. Мысалы:

Тіл тарихында *elig* түрінде қолданылған *el* (қол) сөзі *ig* тұлғасының түсіп қалуы нәтижесінде қазіргі түрік тіліндегі *el* (жат, бейтаныс, басқа адам) сөзімен омонимдік топ құрайды. Мысалы:

Ellerin dert görmesin «құдай тілеуінді берсін, мақсатыңа жет, ойыңдағы орындалсын» мағынасындағы тілек.

Ele güne karşı «көпшіліктің көзінше, ел-жұрттың алдында» мағынасындағы сөз тіркесі.

Сол сияқты ортаңғы буынның түсіп қалуы себебінен *bigiz* сөзінің қазіргі уақытта *biz* (біз) түрінде жұмсалып, *biz* жік-

теу есімдігімен омонимдік топ құрауы да бұған мысал бола алады.

2.7.3. Морфологиялық тәсіл немесе морфологиялық өзгерістер (*Biçimbilimsel ölçüt*)

Түбір сөздерге сөзжасам жұрнақтар мен жалғаулардың жалғануы арқылы түрін өзгерткен сөздер, туынды сөздер, яғни туынды омонимдер жасалады.

«Sen gönlüme taktığım tek *gülsün*.
Yeter ki yüzün hep *gülsün*». –

(Түрік халық ауыз әдебиетінен)

деген жолдардың біріншісіндегі *gülsün* (раушангүлсің) сөзі жіктік жалғауының жекеше II жағымен (-*sün*) жіктеліп тұрған түбір сөз, зат есім (*gül*) болса, ал екіншісіндегі *gülsün* (күлсің) сөзі бұйрық райының жекеше III жағында тұрған түбір сөз (о *gül-sün*), етістік. Осылайша жіктелген екі сөз (зат есім мен етістік) бір-бірімен омонимдік топ құрап тұр. Сол сияқты,

«Mani benim ezberim
Kan ağlıyor *gözlerim*.
Ben yarın yolunu
Ölene dek *gözlerim*». –

(Түрік халық ауыз әдебиетінен)

атты жыр жолдарының екіншісіндегі *gözlerim* (көздерім) сөзі көптеліп (-*ler*), тәуелденген (-*im*) зат есім (*göz*) болса, төртіншісіндегі *gözlerim* (күтермін) сөзі ауыспалы осы шақ жұрнағы (-*r*) арқылы жасалып, жіктелген (-*im*) туынды етістік (*göz+ le*). Тағы да бір мысал:

Niçin kondun a bülbül
Karımdaki *asmaya*.
Ben yarımden ayrılmam
Götürseler *asmaya*.

(Түрік халық ауыз әдебиетінен)

Шумақтың екінші жолындағы *asmaya* (жүзім сабағына) сөзі септеліп (-*ya*), қимыл атауы қосымшасы (-*ma*) арқылы заттанып қалыптасып кеткен есім сөз. Ал төртінші жолдағы *asmaya* (асуға, дарға асуға) сөзі қимыл атауы қосымшасы (-*ma*) арқылы септелген (-*ya*) етістік (*as-*).

Қазақ тіліндегі асудан асу (*асу: зат есім; асу: етістік*), алманы алма (*алма: зат есім; алма: болымсыздық етістігі*), бөлмені бөлме (*бөлме: зат есім; бөлме: болымсыздық етістігі*), тартпадан тартпа (*тартпа: зат есім; тартпа: болымсыздық етістігі*) сияқты сөз тіркестері тұлғалас жасалған орфографиялық омонимдер, яғни жазылуы бірдей болғанмен, айтылуда екпін зат есімнің соңғы, етістіктің алғашқы буынына түсетін омонимдер.

2.7.4. Омонимге ұқсас лингвистикалық құбылыстың бірі – пароним (Söylenişi Benzer Kelimeler)

Бұлар – дыбысталуы жағынан жақын сөздер. Паронимдер туралы Г.Ш. Назарова былай дейді: «Следует разграничивать также паронимы. Это слова, близкие, но не тождественные в произношении, и различающиеся на письме: *oda*– «комната» и *ada*– «острав»; *ilik* – «костный мозг» и *ilk*– «тепло»; *olay* – «случай» и *alay* – «насмешка»; *hamle* – «ход» и *hamile* – «беременная»; *hayret* – «удивление» и *hayrat* – «добрые дела»; *haz* – «часть, доля» и *kaz* – «гусь»; *porte* – «арена» и *portre* «портрет» и др [11: 55].

Кейбір кірме сөздер де түрік тілінің байырғы сөздерімен, кейде басқа да кірме сөздерге пароним ретінде қолданылады. Олардың (әсіресе соңғы уақытта) жазылуы бірдей болғанымен, айтылуында да, мағынасында да айырмашылық бар. Өйткені олардың құрамындағы кірме дауысты дыбыстар әрі әдеттегіден жіңішкеуе, әрі созылықты айтылады. Мысалға ұсынылғандардың екінші сыңарларындағы дауысты дыбыстар әдеттегіден өзгеше айтылады:

Hala «апа – әкенің әпкесі немесе қарындасы» – *hâlâ* (соңғы уақыттағы жазылуы: *hala*) «< Ar.: әлі, қазірге дейін»; *kar* «жа-

уын-шашын түрі» – *kâr* (соңғы уақыттағы жазылуы: *kar*) «<*Far.*: пайда»; *dahi* «da, de шылауының синонимі» – *dâhi* (соңғы уақыттағы жазылуы: *dahi*) «< *Ar.*: данышпан, кеменгер, ойшыл»; *yar* «жар, су жағалауы» – *yâr* «<*Far.*: жар, сүйікті» және т.б.

2.7.5. Омонимге ұқсас лингвистикалық құбылыстың екінші бір түрі – каламбур (*Ironi, Dolaylı Ve Alaylı Anlatım*)

Сөз зергерлері, ақын-жазушылар, данышпан ойшылдар жазған шығармаларының әсерлі шығуы үшін тілдің көркемдегіш құралдарын, сөз айшықтарын шебер қолдана білген. Сөзді ретті жұмсай білу де үлкен өнер болып саналады. Сондай шығармалардың көркемдегіш құралдарының бірі – каламбур. Бұл сөздің шығу төркіні жайлы көптеген болжам бар. Солардың біріне сүйенсек, бұл – итальян халқының екі сөзінен біріккен күрделі морфема: *каламо* – «қауырсын, мамық немесе ауыспалы мағынада *қалам*» және *бурларе* – «әзілдеу, қалжыңдау, көңіл көтеру», яғни «*қаламның көмегімен қалжыңдау*», бірақ ол тілде *каламбур* сөзі ұшыраспайды. Ал аталған сөздердің итальян тілінен француз тіліне еніп, түр-тұлғасын өзгертіп, яғни кіріге бірігіп, сол тілдің игілігіне айналуы көңілге қоныңқырамайды [9: 163-164].

Дегенмен бұған қайшы пікірлер де сөз болып жүр. Мысалы:

Каламбур – француздың *calembour* (сөз әзілі) дегенінен алынған термин. Ағылшынша бұл құбылысты *pun* (пан) деп атайды. Лингвистикада каламбур дегеніміз – не біркелкі дыбысталатын, не біркелкі жазылатын әр түрлі мағыналы ойнақы сөздер, сөз әзілі, сөз қалжыңы, сөз тіркестері. Каламбур тіл-тілдің бәрінде бар, әсіресе поэзияда көбірек ұшырасады...

Мысалдар: Аяғына *қарамай*, басып алдың *қара май*. (*Мәлім*); Жадағай сөздің досы *емен*, Бұл жолы өтпей көшемен, Ауылға бардым, – қарсы алды. Былтырғы еккен жас *емен*. (*Т.ЖО*); Дәмді аспен қарным тойса деген *арман*, Мүршам аз ой ойлауға

онан *арман*; Қалқам, жаным, *қарағым*, Бетіңе келмес *қарағым* (*Сұлт. Мах*); *Тағы* сынды жан едік, *тағы* келдік тар жерге, Таңдансаң тағы болар ма?! (М.Ө) [12: 170-171].

Каламбур түрік тілінде де ұшырасады. Мысалы: *Ya ümit sizsiniz*, *ya ümitsizsiniz* (Я үміт сізсіз, я үмітсізсіз) (*Behçet Necatigil*).

Сөзүклер арасындағы ses бензеşmesi bazen de bilinçli olarak yapılır. Ses benzesmesi (*Fr.paronomase*) denilen söz sanatında, ses olarak birbirine benzeyen ancak anlam olarak birbirinden aygı sözcüklerin aynı sözce içinde kullanılması söz konusudur...

(қаз.: Сөздер арасындағы дыбыстық ұқсастық кейде біле тұрып жасалады. Дыбыстық ұқсастық (*Fr. paronomase*) деп аталатын тілдің көркемдегіш құралында дыбысталуы жағынан бір-біріне ұқсас, мағыналық жағынан бір-бірінен алшақ сөздер бір тілдік форманың құрамында орын алады):

Bu vezneye eski *vezne dar* geliyormuş / Bu vezneye eski *veznedar* geliyormuş (қаз.: Бұл кассаға бұрынғы касса тар келеді екен / Бұл кассаға бұрынғы кассир келеді екен).

Çaresiz kaldığınızda bilin ki, *çaresizsiniz* / Çaresiz kaldı ğınızda bilin ki, *çare sizsiniz* (қаз.: Шарасыз қалған кезде біліп қойыңыз, *шарасызсыз* / Шарасыз қалған кезде біліп қойыңыз, *шара сізсіз*).

İsimsizde güzel. / İsim sizde güzel. (қаз.: Есімсізде әдемі. / Есім сізде әдемі) [10: 208].

Сол сияқты *yaram az* (жарам аз) / *yaramaz* (жарамас), *kuleden* (күмбезден) / *kul eden* (күл еткен), *günah* (күнә) / *gün ah* (күн ah) сияқты бір-бірімен омоним болатын сөздерге халық ауыз әдебиетінен біреп мысал:

Sanma deęil benim *yaram az* (Ойлама сен, емес менің *жарам аз*,)
 Vana yardan gayı cerrah *yaramaz*. (Маған жардан басқа емші *жарамас*)
 Kuleden ses geliyor *kuleden* (Күмбезден бір дауыс келеді, күм-
 безден)
 O kaş, göz deęil mi (Сол қас, сол көз емес пе
 Beni sana *kul eden*. Мені саған күл еткен)
 Her nefeste eyledik yüz bin *günah* (Әрбір демде жасадық жүз мың
 күнә)

Hiçbir günaha eylemedik hiçbir *gün ah*. (Еш күнәға демедік ешбір күн *ah!*)

Bir *günah* işleyen bin *gün âh* eder. (Бір күнә жасаған мың күн *ah* дейді)

Su gelir *güldür güldür* (Су келеді сылдыр-сылдыр,

Gel de *yâr beni güldür*. Кел де жар мені күлдір)

Шығармаларын араб, парсы тілінде жазған Шығыстың ұлы шайырларының бірі Фузули да ойнақы сөз әзілін орынды қолданып отырған. Мысалы:

Gül gül dedi bülbül *güle gül gülmedi* gitti,

Bülbül *güle gül bülbüle* yar olmadı gitti.

(Гүл! Күл,#- деді, бүлбүл гүлге, гүл күлмеді, кетті,

Бүлбүл гүлге, гүл бүлбүлға дос болмады, кетті).

Бұл қос тармақты өлең шумағында (бөйіт) бірінші *gül* деген сөз раушангүл мағынасындағы зат есім болса, екіншісі (*gülmek* – күлу) – етістік. Түрік тілінде бірдей дыбысталатындықтан, бір-біріне омоним ретінде қолданылып тұр.

Каламбур сирек те болса жаңылтпаштарда (*tekerlemelerde*) да қолданылады. Мысалы:

SINIFLAR (Сыныптар)

Mini mini birler (Кіп-кішкентай бірлер),

Çalışkandır ikiler (Жұмыскерлер – екілер),

Mavi gözlü üçler (Көк көзділер – үштер),

Dayak üyen dörtler (Таяқ жеген төрттер),

Misafirdir beşler (Қонақ болған бестер),

Altılar, altınımı çaldılar (Алтылар алтынымды ұрлады),

Yediler, yemeğimi yediler (Жетілер тамағымды жеді),

Sekizler, semizdirler (Сегіздер – семіздер),

Dokuzlar, doktor oldu (Тоғыздар дәрігер болды),

Onlar bizi okuttu (Ондар бізді оқытты).

Қорыта айтқанда, түрік тіліндегі омонимдер тақырыбында сөз қозғау өте қызықты және олардың жасалу тәсілдері мен қалыптасуы әлі де қарастыруды, толықтыруды, ізденуді қажет етеді.

2.8. Синонимдер (Yakın Anlamlı Kelimeler, Еş Anlamlı Kelimeler)

Қазіргі түрік тіліндегі синонимдерді (*Yun. synonymos* аттас, мәнделес) мағыналарына қарай екі тақырып аясында қарастыруға болады:

2.8.1. Мағыналары бір-біріне жақын сөздер (Yakın Anlamlı Kelimeler)

Олар – айтылуы мен жазылуы әр түрлі, мағыналас, мәнделес сөздер десек те әр уақыт бір-бірінің орнына қолданыла бермейтін сөздер. Олар – айтылуы мен жазылуы әр түрлі, мағыналас, мәнделес, негізінен бір-бірінің орнына қолданылатын сөздер. Бұлар – көбіне түрік тілінің байырғы сөздері:

1) Етістіктен жасалған синонимдер:

Bezmek (мезі болу, түңілу, торығу, безіп кету) / *bıkmak* (тою, ығыр болу) / *usanmak* (жалығу, зерігу);

Göndermek (жіберу, жөнелту, жұмсау) / *yollamak* (жолдау, жұмсау, аттандырып салу);

Dilemek (қалау, тілеу, өтіну, жалыну) / *istemek* (қалау, іздеу, сұрау, шақыру; қыз айттыру);

Bakmak (қарау, назар аудару, көз жіберу; шұғылдану, айналысу, міндетін атқару, орындау; күту, баптау, бағып-қағу) / *seyretmek* (қарау, бақылау; тамашалау, көру) / *görmek*;

Çevirmek (аударма жасау; аудару, төңкеру, екінші жағын айналдыру, парақтау; қоршау, айналдыра қоршап тастау) / *döndürmek* (айналдыру, дөңгелету; *mes.* айналдыру, ырқына көндіру, басқа күйге түсіру; сыныпта қалдыру, емтиханнан құлату; істі басқару, жұмыс жүргізу);

Korkmak (қорқу, үрейлену, қорқақтау; алаң болу, тынышсыздану) / *ürkmek* (үрку, зәресі үшу; жүрексіну, қорқу) / *çekin-*

mek (тартыну, имену, ұялу, жасқану) / *sinmek* (жасырыну, бүгіп қалу, тығылып қалу; тартыну, қорқақтау);

Oturmak / ilişmek (шегіне отыру, жанына отыру; килігу, араласу, кірісу) / *çökmek* (жүрелеп отыру, жүрелеу, тізерлеп отыру; жалп етіп отыра қалу, жайғасу);

Gücenmek (өкпелеу, ренжу; томсыраю, бүртип қалу) / *darılmak* (ашулану, ашуға міну, ызалану) / *küsmek* (өкпелеу, ренжу, налу) / *içerlemek* (кек сақтау; өкпелеу; ашулану, ызалану);

Сол сияқты *düşmek / yıkılmak, konmak /gecelemek, söylemek / demek / konuşmak*;

2) Зат есімнен жасалған синонимдер: *hısum / akraba, yüz / beniz, ev / konut, egemenlik / bağımsızlık; savaş / kavga*;

3) Сын есімнен жасалған синонимдер:

Kır (сүр, бозғылт, боз; бурыл) / *boz / kırçıl* (ақ, бурыл <шаш, сақал>) / *kurşuni* (қою күл түсті);

Semiz / şişman / tombul / tıknaz (дембелше келген, орта бойлы, етжеңді, мығым денелі);

Сонымен қатар *ırak / uzak, öksüz / yetim, salt / tek* т.б. лексикалық синонимдер қатарын да мысалға келтіруге болады.

Бұлардың көбі сөзжасам жұрнақтары арқылы жасалатын морфологиялық синонимдер: *gösterişli / alımlı / biçimli / yakışıklı, gönüllü / istekli; gelir / yarar / çıkar / kazanç; gezdirmek / dolaştırmak; göçer / göçebe; kırılmak / darılmak; inandırma / kandırma; kökleşmek / yerleşmek; kıtlık / yoksulluk; başkan / önder; tüketmek / bitirmek; tutkun / bağlanmış; tutku / eğilim; utangaç / çekingen vb.*

Құрылымына қарай синтаксистік синонимдер де жасалады. Мысалы: *son bulmak / sona ermek; birçok / pek çok; tostağa / kaplumbağa; yola çıkmak / yola koyulmak / yola düşmek; araba kullanmak / araba sürmek; dikkat etmek / özen göstermek; iyilik yapmak / iyilik etmek; neden olmak / sebep olmak; sevgi beslemek / sevgi duymak; sorumlu tutmak / sorumlu saymak; soruşturma açmak / soruşturma yapmak; sözünü esirgememek / sözünü sakınmamak; yardım etmek / yardım yapmak; yenilik yapmak / değişiklik yapmak; yoksun bırakmak / yoksun kılmak; yüreği parçalanmak / çok acımak; yüzünü ekşitmek / yüzünü buruşturmak және т.б.*

2.8.2. Тең (бірдей) мағынада жұмсалатын сөздер (Еş Anlamalı Kelimeler – абсолютті синонимдер)

Бұлардың бірінші сыңары түрік тілінің байырғы сөзі болса, оған синоним болатын екінші (үшінші) сыңарлары кірме сөздер. Оларды шартты түрде былайша топтастыруға болады:

1. Түрік тілінің төл сөздері мен араб тілінен енген кірме сөздерден жасалған синонимдер:

Kişi – *Ar.* adam (insan)

Öğrenci – *Ar.* talebe

Öğrenim – *Ar.* tahsil

Öykü – *Ar.* hikaye

Savaş – *Ar.* harp

Varsıl – *Ar.* zengin

Yoksul – *Ar.* fakir

Yitik – *Ar.* kayıp

Yürek – *Ar.* kalp

2. Түрік тілінің төл сөздері мен парсы тілінен енген кірме сөздерден жасалған синонимдер:

Ak – *Far.* beyaz

Eli sıkı – *Far.* cimri (nekes < na-kes)

Ev – *Far.* hane

Gün – *Far.* ruz

Kara – *Far.* siyah

Su – *Far.* ab

Diñç, sağlam – *Far.* tendürüst (< ten durust)

Yemiş – *Far.* meyve

3. Түрік тілінің төл сөздері мен француз тілінен енген кірме сөздерден жасалған синонимдер:

Bakışım – *Fr.* simetri

Bakışimsızlık – *Fr.* asimetri

Edilgen – *Fr.* pasif

Elezer – *Fr.* sadist

İlke – *Fr.* prensip

Özgün – *Fr.* orijinal

4. Түрік тілінің төл сөздері мен араб және парсы тілінен енген кірме сөздерден жасалған синонимдер:

Tanrı – *Ar.* Allah – *Far.* Huda

Baş – *Ar.* kafa – *Far.* kelle (ser)

5. Түрік тілінің төл сөздері мен араб және француз тілінен енген кірме сөздерден жасалған синонимдер:

Belge – *Ar.* vesika – *Fr.* doküman

En az – *Ar.* asgari – *Fr.* minimum

En çok – *Ar.* azami – *Fr.* maksimum

Etkin – *Ar.* faal – *Fr.* aktiv

Etkinlik – *Ar.* faaliyet – *Fr.* aktivite

Ezgi – *Ar.* nağme – *Fr.* melodi

Örgüt – *Ar.* teşkilat – *Fr.* organizasyon

Sorun – *Ar.* mesele – *Fr.* problem

Toplumsal – *Ar.* içtimai – *Fr.* sosyal

Yöntem – *Ar.* usul – *Fr.* metot

Yönetmen – *Ar.* müdür – *Fr.* direktör

6. Түрік тілінің төл сөздері мен парсы және француз тілінен енген кірме сөздерден жасалған синонимдер:

Bencil – *Far.* hodbin – *Fr.* egoist

Bencillik – *Far.* hodbinlik – *Fr.* egoizm

İyimser – *Far.* nikbin – *Fr.* optimist

7. Түрік тілінің төл сөздері мен араб, парсы және француз тілінен енген кірме сөздерден жасалған синонимдер:

Kötümser – *Ar.* meyus – *Far.* bedbin – *Fr.* pesimist

Бірақ тең (бірдей) мағынада болғанымен *kafalı adam* сөз тіркесінің орнына *başlı adam* немесе *kafasız adam* сөз тіркесінің орнына *başsız adam* деп айтылмайды. Сондай-ақ *beyaz kağıt*, *beyaz cam* (теледидар экраны), *beyaz dizi*(телесериал), *beyaz peynir* (сүзбе ірімшік, брынза), *beyaz eşya*, *beyaz çimento*, *beyaz et* (тауық, балық еттері) сөз тіркестерінің орнына *ak kağıt*, *ak cam*, *ak dizi*, *ak peynir*, *ak çimento*, *ak et* сөз тіркестерін *yakışıklı adam* (келісті ер адам), *kara gün* (қиын-қыстау кезең, ауыр азапты уақыт), *kuru ekmek* сын есімді сөз тіркестерінің орнына *yakışıklı kadın*, *siyah gün*, *yaş ekmek* сөз тіркестерін қолдана алмаймыз.

Adam etmek	yerine	kişi etmek
Adamcağız	yerine	kişiceğiz
Adamcıl	yerine	kişicil
İşin adamı	yerine	işin kişisi
Adam değilim	yerine	kişi değilim

demek güzelim Türkçemize yaklaşıyor mu? [5: 57].

Сол сияқты «Dilimizde bazı sözcükler eş anlamlıdır; ancak birbirinin yerine üretilen Türkçe sözcük ile Arapça sözcük arasında daha bugünden farklılıklar oluşmaya başlamıştır. Örneğin «kalp» ile «yürek» sözcüklerinin eş anlamlı olduğu savunulabilir; ancak bu eş anlamlılık her bakımdan örtüşen bir durum değildir. Dilimizde kullanılan «kalp ağrısı» ile «yürek ağrısı», «kalpsiz» ile «yüreksiz», «kalp acısı» ile «yürek acısı» ya da «kalpli» ile «yürekli» sözcüklerinin anlamları farklıdır.

«Yürek, gönül, kalp sözlerini ele alalım. Kalbi yerine göre yürek, yerine göre de gönül sözüyle karşılayabiliriz. Ama bunların olumsuz durumlarıyla meydana gelen deyimler ayrı ayrı anlamlardadır: Yüreksiz (korkak), gönülsüz (isteksiz), kalpsiz (merhametsiz). Kaldı ki kalbe bağlı bir sıra deyim vardır: kalp kalbe karşı, kalp kır-, elini kalbine koy- vb».

Benzer durumlaki bir eş anlamlı sözcük grubu için «surat» ve «yüz» sözcükleri verilebilir. Örneğin «suratsız», «yüzsüz», «suratını ekşitmek» ve «yüzünü ekşitmek» sözcüklerinin anlamları farklıdır [10, 169].

Синонимдер қос сөздердің жасалуына негіз болады: *açık saçık* (konuşmak), *ar namus* ter temiz (utanması olmayan), *ağrı sızı*, *bet beniz* (çehre: bet benzi sararmak), *delik deşik* aramak (her yerde aramak), *deli dolu* konuşmak (ilerisini gerisini düşünmeden konuşmak), *derme çatma* eşya (gelişigüzel toplanmış), *doğru dürüst* (eksiksiz olarak), *hısım akraba* toplanmak (yakın ve uzak bütün akrabalar), *kılık kıyafet* (üst, baş ve dış görünüş) және т.б.

Түрік тіліндегі синонимдерді классификациялауды қолға алып, зерттеп жүрген ғалымдар да бар:

Түрік тіліндегі мәндел сөздерді классификациялауды қолға алған ғалым Д.Е. Челебиев абсолютті синоним деп мыналарды

атайды: «*hikaye – öykü* «әңгіме», *kelime – sözcük* «сөз», *sene – yıl* «жыл», *güz – sonbahar* «күз», *hürmet – saygı* «құрмет, ізет».

Оның айтуы бойынша стилистикалық синонимдерді 2 топқа бөліп қарастыруға болады:

1) *okul – mektep* «мектеп», *sekreter – katip* «хатшы», *kedî – çedük* «мысық»;

2) диалектизм болып келеді *hastalık – maraz* «сырқат», *çivi – mih* «мық шеге», *dudak – leb* «ерін».

Фразеологиялық оралымдар да синонимдік қатар құрайды: *zayıflamak – bir deri bir kemik kalmak* «арықтау», *öfkelenmek – kafası kızmak* «ашуға міну» [ҚӘ: 8, 391-392].

Қорыта айтқанда, түрік тілі – өзінің байырғы лексикасымен қатар кірме сөздерге, оның ішінде синонимге өте бай тіл, бір қалыпқа түскен тіл, ғылым мен білімнің барлық саласында қолданылу мүмкіндігі бар тіл, уақыт өткен сайын толығып, дамып, жетіліп отыратын тіл.

2.9. Антонимдер (*Zıt Anlamlı Kelimeler, Karşıt Anlamlı Kelimeler*)

Түр-түсті, сын-сипатты, қадір-қасиетті, бағыт-бағдарды, мөлшер мен шаманы, көлем мен салмақты, уақыт мен мезгілді, іс-әрекет пен қимыл-қозғалысты т.б. білдіретін бір-біріне қарсы мәндес сөздерді антонимдер (*Yun. Anti – қарсы, onuma – ат, атау*) дейді.

10 Түр мен түсті білдіретін қарсы мәндес сөздер: *beyaz – siyah, beyaz – esmer, ak – kara, donuk – parlak*.

20 Сын мен сапаны, көлем мен салмақты, қадір-қасиетті білдіретін қарсы мәндес сөздер: *sıcak – soğuk, aç – tok, iyi – kötü, acı – tatlı, boş – dolu, cimri – cömert, cılız – gürbüz, çalışkan – tembel, dik – eğik, duru – bulanık, eski – yeni, genç – yaşlı, güzel – çirkin, geniş – dar, fakir – zengin, aynı – farklı, alçak – yüksek, alçak gönüllü – kibirli, yaramaz – uslu, büyük – küçük, bencil – özgecil, açık – koyu, çabuk (hızlı) – yavaş, doğal – yapay, doğru – yanlış, doğru – eğri, düz – eğri, ince – kalın, ihtiyar – genç, kart – körpe, katı – sıvı, sert (katı) – yumuşak, kolay – zor, varıl – yoksul,*

pahalı – ucuz, taze – bayat, tertipli – dağınık, temiz – kirli, usta – acemi.

30 Бағыт пен бағдарды білдіретін қарсы мәндес сөздер: *batı – doğu, kuzey – güney, aşağı – yukarı, ileri – geri, arka – ön, sağ – sol, ora – bura.*

40 Уақыт пен мезгілді білдіретін қарсы мәндес сөздер: *erken – geç, gece – gündüz, geçmiş – gelecek, sabah – akşam, sabahleyin – akşamleyin, gündüz – gece, yazın – kışın.*

50 Мөлшер мен шаманы білдіретін қарсы мәндес сөздер: *az – çok, eksik – fazla, azami – asgari, seyrek – sık, tekil – çoğul, uzak (ırak) – yakın.*

6Әс-әрекет пен қимыл-қозғалысты білдіретін қарсы мәндес сөздер: *gülmek – ağlamak, gelmek – gitmek, azalmak – çoğalmak, başlamak – bitirmek, çekmek – itmek, darılmak – barışmak, hatırlamak – unutmak, inmek – binmek, batmak – çıkmak, düşmek – kalkmak, almak – vermek, övmek – yermek, sevinmek – üzülmek, toplamak – çıkarmak, giyinmek – soyunmak.*

Модульге қатысты тапсырмалар:

1. Түрік тілінің семасиологиясы туралы баяндаңыз.
2. Сөз, ұғым, мағына және мағына түрлеріне тоқталыңыз.
3. Жалпы және жалқы мағыналылық ұғымдарын түсіндіріңіз.
4. Тура мағына, туынды мағына және ауыспалы мағынаға сипаттама беріңіз.
5. Сөздерде ауыспалы мағына туғызудың әдіс-тәсілдеріне шолу жасаңыз.
6. Бір және көп мағыналылық ұғымдарын мысалдармен дәлелденіңіз.
7. Омнимдерге сипаттама беріңіз.
8. Синонимдердің ерекшеліктеріне тоқталыңыз.
9. Антонимдер туралы баяндаңыз.
10. Берілген мақал-мәтелдер мен жұмбақтардағы қарсы мәндес сөздердің қолданылуы мен мағыналық ерекшеліктерін түсіндіріңіз.

Мақал-мәтелдер:

*Aba da bir kebe de bir giyene, güzel de bir çirkin de bir sevene.
Acı söz insanı dininden, tatlı söz yılanı deliğinden çıkarır.*

*Aç ne yemez, tok ne demez.
 Ak akçe kara gün içindir.
 Akıllı köprü arayınca dek deli suyu geçer.
 Akılsız başın cezasını ayaklar çeker.
 Ak koyunun kara kuzusu da olur.
 Akşama karşı gitme, tana karşı yatma.
 Alçak yerde yatma sel alır, yüksek yerde yatma yel alır.
 Allah bir kapıyı kapatırsa ötekini açar.
 Allah sağ eli sol ele muhtaç etmesin.
 Arabanın ön tekeri nereden geçerse arka tekeri de oradan geçer.
 Ayağa değmedik taş olmaz, başa gelmedik iş olmaz.
 Aza kanaat etmeyen çoğu hiç bulamaz.
 Az söyle, çok dinle.
 Azı karar çoğu zarar.
 Eğri otur doğru söyle.
 Gelen gideni aratır.
 Öfke ile kalkan zararlar oturur.
 Acıyı tatmayan tatlıyı anlayamaz.
 Adamın alacası içinde, hayvanın alacası dışında.
 Ata dost gibi bakmalı, düşman gibi binmeli.
 Güvenme varlığa, düşersin darlığa.
 Çabuk parlayan çabuk söner.
 Derdini söylemeyen derman bulamaz.
 Derede tarla sel için, tepede harman yel için.
 Diken battığı yerden çıkar.
 Ucuzdur vardır bir illeti, pahalıdır vardır bir hikmeti.
 Ucuz olan pahalı olur.
 Var evi kerem evi, yok evi verem evi.
 Varsa pulun herkes kulun, yoksa pulun dardır yolun.*

Жұмбақтар:

*On beşinde gencelir, otuzunda kocar (Ay).
 Benim bir kızım var, gelen giden öper (Bardak).
 Bizde bir dudu var, eğri büğrü budu var, yazın gelir, kışın gider
 (Çekirge).
 Gündüz bütün gün gezer, gece boynunu eğer (Çizme).
 Altından sel geçer, üstünden yel geçer (Su Değirmeni).
 Altı kül, üstü kül, içinde sarı gül (Ekmek).
 Altı cehennem, üstü cehennem, ortası cenne (Ekmek).*

Canlı cansıza biner, cansız imansız biner (Gemi).

Gitti gelmez, geldi gitmez (Gençlik. İhtiyarlık).

Boş indi, dolu çıktı (Kova).

Sallanır girer, sulanır çıkar (Kova).

Dışı deri, içi darı (Nar).

Dağda biter, taştta biter: yazın biter, kışın yiter (Ot).

Zengin elinde, fakirin dilinde (Para).

Zengininde çok, fakirde yok (Para).

Dışarı deri gibi, içerisi darı gibi (Patlıcan).

İzi var, bizi yok (Sızı).

11. Ариф Нихат Асияның «FETİH MARŞI» атты шығармасын оқып, тақырыпқа қатысты талдау жасап жаттаңыз.

Yelkenler biçilecek, yelkenler dikilecek;
Dağlardan çektiriler, kalyonlar çekilecek;
Kerpetenlerle surun dişleri sökülecek
Yürü, hâlâ ne diye oyunda oynastasın?
Fatih'in İstanbul'u fethettiği yaştasın.!

Sen ne geçebilirsin yardan, anadan, serden....
Senin de destanını okuyalım ezberden...
Haberin yok gibidir taşıdığı değerden...
Elde sensin, dilde sen, gönüldesin baştasın...
Fatih'in İstanbul'u fethettiği yaştasın.!

Yüzüne çarpmak gerek zamanenin fendini...
Göster : Kabaran sular nasıl yıkar bendini?
Küçük görme, hor görme, delikanlım kendini
Şu kırık abideyi yükseltecek baştasın;
Fatih'in İstanbul'u fethettiği yaştasın.!

Bu kitaplar *Fatih*tir, *Selim*dir, *Süleyman*dır.
Şu mihrap *Sinanüddin*, şu minare *Sinan*dır.
Haydi artık uyuyan destanını uyandır.!
Bilmem, neden gündelik işlerle telaştasın
Kızım, sen de *Fatihler* doğuracak yaştasın.!

Delikanlım, işaret aldığın gün atandan
Yürüyeceksin... Millet yürüyecek arkandan!

Sana selam getirdim Ulubatlı Hasandan
 Sen ki burçlara bayrak olacak kumaştasın;
 Fatih'in İstanbul'u fethettiği yaştasın.!

Bırak, bozuk saatler yalan yanlış işlesin !
 Çelebiler çekilip haremelerde kışlasın!
 Yürü aslanım, fetih hazırlığı başlasın...
 Yürü, hâlâ ne diye kendinle savaştasın ?
 Fatih'in İstanbul'u fethettiği yaştasın.!

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

Негізгі әдебиеттер:

1. Айғабылұлы А. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы, 2007. – 65 б.
2. Ахметов З., Шаңбаев Т. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. – Алматы, 1998. – 384 б.
3. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен евфемизмдер: (салыстырмалы этнолингвистикалық зерделеу). – Алматы, 1995. – 176 б.
4. Banarlı N.S. Türkçenin Sırları. Kubbealtı Neşriyatı. 40. Baskı. – İstanbul, 2012. – 317 s.
5. Bakiler Y.B. Sözü'n Doğrusu 2. 12. Baskı. Sultanahmet. – İstanbul, 2011. – 302 s.
6. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1997. – 255 б.
7. Çatıkkaş A. Örnekli ve Uygulamalı Türk Dili Kılavuzu. 3. Baskı. – İstanbul, 2001. – 280 б.
8. Demir T. Türkçe Dilbilgisi. «Kurmay» Kitabevi. – Ankara, 2006. – 704 s.
9. Eker S. Çağdaş Türk Dili. Grafiker Yayınları: 7. – Ankara, 2005. – 681 s.
10. Günay V.D. Sözcükbilime Giriş. Multilingual. Çemberlitaş. – İstanbul, 2007. – 311 s.
11. Назарова Г.Ш. Лексикология современного турецкого языка. – Ташкент, 2002. – 72 с.
12. Хасенов Ә. Тіл Білімі. – Алматы, 1996. – 414 б.

Қосымша әдебиеттер:

1. Karademir E., Karademir Y. Eşanlamly ve Karşıt anlamly Kelimeler Sözlüğü. 1989. – 186 s.
2. Korkmaz Z. Gramer Terimleri Sözlüğü. Türk Dil Kurumu Yayınları. – Ankara, 2010. – 296 s.
3. Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2005. – 339 б.
4. Мұсабаев Ф. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2008. – 469 б.
5. Сыздық Р. Абайдың сөз өнері. – Алматы, 2004. – 207 б.
6. Sinanoğlu O. Bye Bye Türkçe. ALFA Basım Yayım Dağıtım. – İstanbul, 2006. – 434 s.
7. Türkçe Sözlük. Yeni Baskı. I.-II. cilt. – Ankara, 1988. – 1679 s.
8. Челебиев Д.Е. Классификация лексических синонимов в турецком языке. Ученые записки Таврического национального университета имени В.И. Вернадского. Серия «Филология. Социальные коммуникация». – Том 26(65). – №1. – Ч. 1. – 2013. – С. 389-394.

III модуль: 8-11 лекция

ТҮРІК ТІЛІНІҢ ФРАЗЕОЛОГИЯСЫ (TÜRK DİLİNİN DEYİMBİLGİSİ)

Модульде қаралатын тақырыптар:

3.1. Фразеология туралы жалпы түсінік. (Deyim Bilgisi Hakkında Genel Malûmat).

3.1.1. Түрік тілінің тұрақты сөз тіркестері (Türkçenin Deyimleri).

3.1.2. Тұрақты сөз тіркестерінің тұлғалық ерекшеліктері (Şekil Özellikleri Bakımından Deyimler).

3.1.3. Тұрақты сөз тіркесінің мағыналық ерекшеліктері (Kavram Özellikleri Bakımından Deyimler).

3.2. Түрік жазушысы Р. Н. Гүнтекиннің «Yaprak Dökümü» (Күзгі жапырақтар) атты романында қолданылған кейбір тұрақты сөз тіркестері. (Türk Yazarı R.N.Güntekin'in «Yaprak Dökümü» Romanında Kullanılmış Bazı Deyimler).

3.3. Қазіргі түрік тіліндегі мақал-мәтелдердің мағыналық сипаты (Çağdaş Türkçedeki Atasözlerinin Anlamsal Özellikleri).

3.4. Қазіргі түрік және қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің мағыналық сипаты. (Çağdaş Türk ve Kazak Dillerindeki Atasözlerinin Anlamsal Niteliği).

3.5. Махмұд Қашқаридың «Диуани луғат ат-түрк» еңбегіндегі мақал-мәтелдердің лексика-грамматикалық сипаты. (Kaşgarlı Mahmud'un «Divanü Lugati't-Türk» Adlı Eserindeki Atasözlerinin Anlamsal ve Dil Bilgisel Özellikleri).

3.5.1. Махмұд Қашқаридың «Диуани луғат ат-түрк» еңбегіндегі мақал-мәтелдердің лексика-грамматикалық сипаты. (Kaşgarlı Mahmud'un «Divanü Lugati't-Türk» Adlı Eserindeki Atasözlerinin Anlamsal ve Dil Bilgisel Özellikleri).

3.5.2. Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу біліг» атты еңбегінің тілі мен ондағы кейбір мақал-мәтелдердің сипаты. (Yusuf Balasagunlu'nun «Kutadgu Bilig» Adlı Eserinin Dili ve Bazı Atasözlerinin Özellikleri).

3.6. Қазіргі түрік тіліндегі қос сөздердің лексика-грамматикалық сипаты (Çağdaş Türkçedeki İkilemelerin Anlamsal ve Dil Bilgisel özellikleri).

3.1. Фразеология туралы жалпы түсінік (Deyim Bilgisi Hakkında Genel Malûmat)

Фразеология – (ғалымдардың пікіріне сүйенсек) гректің *phrasis* сөйлемше, *logos* ілім деген сөздерінің бірігуінен жасалған термин. Зерттеушілердің дәлелдеуінше, фразеология терминінің екі мағынада ұғуға болады. Біріншіден, тар мағынасында тұрақты сөз тіркесін (*deyim*) қарастырса, екіншіден, кең мағынасында мақал-мәтелдерді (*atasözleri*), қанатты сөздерді (*kısa ve etkili söz, tesirli ifade*), нақыл сөздерді (*nasihat ve öğüt verici söz*), афоризмге (*vecize*) айналып кеткен тіркестерді қамтиды.

Фразеологизмдердің өзіне тән негізгі қасиеттері:

1. Дайын тілдік единица ретінде жұмсалады.
2. Жалпыға бірдей танылған қолдану заңы болады.
3. Мағына бірлігі сақталады.
4. Екі сөзден кем болмайды.

Фразеологизмдердің қай-қайсысы болмасын (идиом, фраза, мақал-мәтелдер) бәрі де ең алғаш халықтың сөйлеу тілі негізінде қалыптасқан. Сондықтан олар өмірдің барлық саласын қамтып, ішкі мазмұны жағынан өте бай келеді. Фразеологизмдер алдымен адамның ой-сезімін, арақатынасын, өмір тануын білдіреді.

...Фразеология – тұрақты сөз тіркестерінің жүйесін зерттейтін тіл туралы ғылымның бір саласы.

... Тұрақты сөз тіркесінің мәселелері қазіргі таңда тіл ғылымында актуалды проблемалардың бірі есебінде зерттеліп жүр. Өйткені фразеология – тіл мәдениетін арттырып, шеберлікке үйрететін сөз өнерінің асылы. Сонымен бірге ол бір тілден екінші бір тілге аудару техникасын жетілдіреді [1: 107-108].

Ал Ә. Хасеновтің пікірінше: «Фразеологиялық тұтастық (*idiom* – идиома) – семантикалық жақтан бөлініп ажырамайтын, біртұтас мағынасы құрамындағы сыңарларының (компоненттерінің ішіндегі сөздерінің) негізгі, номинативті мағынасынан

мүлдем алшақ, мүлдем басқа мағына беретін тізбектер. Мысалы: жүрек жалғау (*abur cubur: rastgele alınan ve yenen yiyecek*); жүрек жұтқан; жүрегінің түгі бар (*aslan yürekli: cesur, atılған, gözü pek yiğit*); аузы-мұрны қисаймастан; аузынан ақ ит кіріп, кара ит шықты (*ağzını açıp gözünü yummak: kızgınlıkla ağzına geleni söylemek, hakaret etmek*); үріп ауызға салғандай (*sevimli, çok güzel*) және т.б.

Фразеологиялық бірліктер (*deyim*) – құрамындағы кейбір сыңарларының мағынасынан бүтіндей тіркес мағынасы аңғарылатын тізбектер. Мысалдар: ауырдың үсті, жеңілдің асты (*ağır aksak gitmek: çok yavaş çalışmak, hızlı ve seri iş yapılmamak*); түймедейді түйедей ету (*pireyi deve yapmak: küçük bir şeyi büyütüp mesele yapmak*); тайға таңба басқандай; соқырға таяқ ұстатқандай (*tam üstüne basmak: aranılan ve istenilen bir şeyi bulmak*).

Фразеологиялық тіркес (*istiare, metafor*) – құрамындағы сыңарларының мағыналары түсінікті, бірақ тілде сол қалпында ғана жүп жазбастан қолданылатын тіркестер. Мысалдар: асқар тау (*ulu dağ*); айдын шалқар көл (*parlak göl*); ата мекен (*ata yurt*); қыпша бел (*ince, nazik bel*); қиғаш қас; су жаңа (*yepyeni*); сүттен ақ, судан таза (*su katılmamış: orijinal biçimiyle, bozulmamış olan, katıksız*); су қараңғы (*tamamen kör*).

Фразеологиялық сөйлемшелер – семантикалық жақтан бөлуге болатын, сырттай қарағанда, еркін тіркес сияқты болып келетін, бірақ тілде сол қалпында қалыптасқан тізбектер. Бұл топқа жататындардың басым көпшілігі мақал-мәтелдер (*atasözleri*), нақыл сөздер (*nasihat ve öğüt verici söz*), қанатты сөздер (*kısa ve etkili söz, tesirli ifade*), афоризмге (*vecize*) айналып кеткен тіркестер. Мысалдар: ...шегірткеден қорыққан егін екпес (*kurttan korkan ormana girmez*); көрпеңе қарай көсіл (*ayağını yorganına göre uzat*) [9: 175].

3.1.1 Түрік тілінің тұрақты сөз тіркестері (Türkçenin Deyimleri)

Әрбір халықтың шұрайлы да тағылымды тілінде, соның ішінде түркі тілдерінде де ғасырлар бойына атадан балаға, ұр-

пақтан ұрпаққа, буыннан буынға мирас болып келе жатқан көркем сөз айшықтары болады. Олар бірнеше мыңдаған жылдар бойына халықтың ой-санасында қорытылып, халық өмірінің негізгі құндылықтарын жарыққа шығаруда маңызды рөл атқарып келеді. Солардың бірі – тұрақты сөз тіркестері. Қай тілдің де айшықты, бейнелі, тұрақты сөз тіркестері – сол халықтың тағдыр-тарихынан, басынан өткізген оқиғаларынан, жинаған өмір тәжірибесінен, балдай тәтті бақытты өмірінен, басына түскен қайғы-қасіретінен алынған сөз маржандары.

Қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестері туралы І. Кеңесбаев былай дейді: «Шу дегенде айтарымыз: фразеологияның сыр-сипатын сөз еткенде оның тіл ярустарына, тілдің құранды бөлшектеріне мүлде қатысы жоқ деп ешкім де айта алмайды. Тілдің сол бөлшектерінен түбірлі айырмасын, бас белгілерін (релеванттық қасиетін) бір-ақ ауыз сөзбен түйгенде мынадай жайт аңғарылады: 1) *мағына тұтастығы* (белгілі бір ФЕ-нің «фразеологиялық единицаның» ішіндегі сөздер бастапқы мағынасынан түгел немесе ішінара жартылай айырылып қалады да, шоғыр тіркес бір тұтас мағына береді); 2) *тіркес тиянақтылығы* (белгілі бір ФЕ-нің ішіндегі сөздер бір-бірімен жымдаса байланысады, олардың орын тәртібі нық келеді, барлық жағдайда дерлік бір шок тіркесу өз қалпын сақтайды); 3) *қолдану тиянақтылығы* (белгілі бір ФЕ әрдайым айна қатесіз, өлеңдегі қайырма тәрізді бұлжымай қайталана қолданылады). Сонымен өзімізге дейінгі барлық зерттеулерді және өзіміздің бұрын-соңды ізденістерімізді шола, қорыта, әрі тұжырымдай келіп, біз фразеологизмдерді танып-білудің жоғарыдағыдай негізгі үш принципін, яки үш критериін қолдаймыз.

Әдетте зерттеушілер тарапынан бұл аталған критерийлердің бірін – басты, шешуші, екіншісін – көмекші не қосымша, үшінші біреуін – қосалқы, не шешуші емес деген тәрізді саралау, салмақтау талабы кездеседі. Алайда бұл тәрізді пайымдаулардың дұрыс-бұрысын атап жатпай-ақ өзіміз басшылыққа алатын, негізгі, басты принцип аталған үш критерийдің тұтастығын айтамыз. Осы үш критерийді бір-бірінен жырып алмай, тұтасымен басты арқау еткенде ғана ФЕ-нің ерекше белгілерін тани аламыз. Яғни, үш тұрғыны жүйелі түрге салып, фразеологияның

басы ашық, дербес объектісін анықтаймыз. Демек, біздіңше, фразеологияны тіл білімі саласындағы дербес пән деп тани білудің өзі осы аталған заңдылықты қаншалықты мойындауға байланысты болмақ» [6: 590].

3.1.2. Тұрақты сөз тіркестерінің тұлғалық ерекшеліктері (*Şekil Özellikleri Bakı mından Deyimler*)

Қазіргі түрік тілінде тұрақты сөз тіркесіне төмендегідей анықтамалар беріледі:

- *Deyimler, kalıplaşmış kelime gruplarıdır* (Тұрақты сөз тіркестері – бір қалыпқа түскен тіркестер);
- *Deyimler kısa ve özlü anlatım araçlarıdır* (Тұрақты сөз тіркестері – қысқа да нұсқа түсіндіру құралы);
- *Deyimlerin söz dizimi bozulmaz, söz dizimi bozulan deyimler, deyim olmaktan çıkar* (Тұрақты сөз тіркестерінің қалыптасқан тұлғасы өзгермейді, қалыптасқан тұлғасы өзгерсе, тұрақты сөз тіркесі болудан қалады);
- *Deyimler en az iki kelime ile kurulur, genellikle üç beş kelimeyi geçmez ve şekil bakımından ikiye ayrılır.* (Тұрақты сөз тіркестері ең азы екі сөзден жасалады, олардың құрамы, негізінен, үш-бес сөзден аспайды және жасалуына қарай екіге бөлінеді):

10 Kelime grubu durumundaki deyimler (Сөз тіркесі формасындағы фразеологизмдер): *düşe kalka* (құлап тұрып, қиындықпен), *göz alıcı* (көздің жауын алатын, көз тартатын, сұлу), *kalın kafalı* (топас, зейінсіз, зердесіз).

20 Cümle halindeki deyimler (Сөйлем формасындағы фразеологизмдер):

Түрік тілінде сөйлем тұлғасында да тұрақты сөз тіркестері қолданылады. Олар қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерге сәйкес келеді:

İgne atsan yere düşmez (Ине шаншар жер жоқ)

Haline bakmaz, Hasan Dağı'na oduna gider (Әлін білмеген – әлек)

Koyuversem pekmez dökülür, koyuvermezsem belim бүkülür (Былай тартсам, өгіз өледі, былай тартсам, арба сынады).

Keçiye can kaygısı, kasaba et / yağ kaygısı (Қара ешкіге жан қайғы, қасапшыға мал қайғы).

Armut piş, ağzıma düş (Алма піс, аузыма түс).

Atı alan Üsküdar'ı geçti (Болар іс болды, бояуы сінді).

İt ite buyurur, it de kuyruğuna (Ит итті жұмсайды, ит құйрығын жұмсайды).

Kızım sana söylüyorum, gelinim sen işit (Қызым, саған айтам, Келінім, сен тыңда).

– *Deyimler cümle unsuru olabilir* (Тұрақты сөз тіркестері сөйлем мүшесі бола алады):

«*Öyle konuşunca, / adamcağız / küplere bindi*» (қаз.: Солай дегеннен кейін, бейшара ашуға мінді), – деген сөйлемдегі «*küplere bindi*» (ашуға мінді) тұрақты тіркесі баяндауыш (*yüklem*) қызметін атқарып тұр.

«*Olup bitenleri damarına basmadan söyleyebilirsin*» (Болған оқиғаны шамына тимей айтуыңа болады), – деген сөйлемдегі «*damarına basmadan*» (шамына тимей) тұрақты сөз тіркесі пысықтауыш (*zarf tümleci*) қызметін атқарып тұр.

Сол сияқты тұрақты сөз тіркестері, негізінен түйық етістікке аяқталады:

Ağzından kaçırılmak (абайламай айтып қою);

Abayı sermek (жайғасу; ыңғайсыз отыру);

Mumla aramak (шам алып іздеу);

Baş göz olmak (үйлену, үй иесі болу);

Başına devlet kuşu konmak (Басына бақыт құсы қону; күтпеген жерден байлыққа ие болу).

Canı burnuna gelmek (жаны мұрнының ұшына келу);

Önüне ardına bakmamak (алды-артына қарамау);

İki ayağını bir pabuca sokmak (екі аяғын бір етікке тығу);

İğne ile kuyu kazmak (инемен құдық қазу).

Зат есімді тұрақты тіркестер:

Baba ocağı (қара шаңырақ немесе адамның туып-өскен жері, отаны);

Başında torbası eksik (ойлау жүйесі төмен адам);

Bana göre hava hoş (не болса да, мен үшін бәрі бір);

Süt dökmüş kedi gibi (сүтке тиген мысықтай);

Ha Ali hoca, ha hoca Ali (екеуі де бірдей, еш айырмашылығы жоқ).

Түрік тілінде қазақ тіліндегі сияқты тәуелдік жалғаудың көмегімен жасалған тұрақты сөз тіркестері де қолданылады: *eli açık* (қолы ашық, жомарт), *eli bol* (қолы ашық, береген, жомарт), *eli dar* (ақшадан қиындық көрген), *eli maşalı* (сотқар, төбелескор), *eli geniş* (қолы ашық, жомарт), *eli bayraklı* (әдепсіз, сотқар) және т.б.

Түрік тілінде мәндес тұрақты сөз тіркестері (қазақ тілінде – мәтел) де жұмсалады:

Koyuversem pekmez dökülür, koyuvermezsem belim бүkүlür. = *Yukarı tükürsem büyük, aşağı tükürsem sakal.* (Былай тартсам, өгіз өледі, былай тартсам, арба сынады).

3.1.3. Тұрақты сөз тіркесінің мағыналық ерекшеліктері (Kavram Özellikleri Bakımından Deyimler)

Тұрақты сөз тіркестері бір ғана ұғымды, бір ғана ойды қалыптасқан формалар арқылы білдіреді. Көптеген тұрақты сөз тіркестеріндегі сөздер ауыспалы мағынада жұмсалады.

Günaha girmek (күнаға кіру) ~ күнәға бату – а) «Алла алдында жазықты болу»; б) «қылмыс жасау, ұят іс істеу».

Gözleri yuvalarından fırlamak (көздері ұяларынан шығу) = көзі шарасынан шығу – а) «таң қалу»; «қорқу».

Түрік тіліндегі тұрақты сөз тіркестерінің қазақ тіліндегі баламасын бергенде оны мақал не мәтелмен беру де тәжірибеде бар [ҚӘ 1.]. Мысалы:

At çalındıktan sonra ahırın kapısını kapamak (ат ұрланғаннан кейін қораның есігін жабу) <> *On birden sonra dükkân açmak* (он бірден кейін дүкен ашу) – «кеш қалу» ~ мәтел: Ақсақ қой түстен кейін маңырайды немесе «*Türk'ün akli sonradan gelir*» (Түріктің ақылы кейін келеді).

Кей жағдайларда қимыл есімі қосымшасының жалғануы арқылы мақал-мәтел тұрақты сөз тіркесіне ауысуы мүмкін. Мысалы:

Мақал: *Ayağını yorganına göre uzat* (Көрпеңе қарай көсіл).

Тұрақты сөз тіркесі: *Ayağını yorganına göre uzatmak* (Көрпене қарай көсілу).

Тұрақты сөз тіркестері негізінен ауыспалы мағынада қолданылады. Мысалы: *Ağziyla arslan / kuş / tutmak* (аузымен арыстан / құс / ұстау) – а) «қолдан келмес істі орындау»; ә) «өтірік мақтану» ~ аузымен құс тістеу.

Құрамындағы сөздердің мағынасынан ауытқымайтын тұрақты сөз тіркестері де бар. Мысалы: «*Dost ile ye iç, alış veriş etme*» мақалының құрамындағы сөздер тура мағынада жұмсалып тұр.

Тұрақты сөз тіркестері арқылы адамның әр түрлі көңіл күйін беруге болады. Мысалы: «Следует отметить, что ФЕ в турецком языке обозначают и/или выражают практически все эмоции человека: страх, волнение, гнев, грусть, стыд, удивление, радость и счастье, любовь, обида, зависть и ревность, сочувствие, терпение, отчаяние, месть и ненависть, недовольство и нежелание и другие.

Ateş almak- бросить в жар (от волнения, гнева); *Boğazında durmak (kalmak)* – застрять в горле, стать поперек горла (от волнения); *Ah çekmek* – ахать, охать, вздыхать, горевать, переживать; *Gök gibi gürleyip şimşek gibi çakmak* – рвать и метать, метать громы и молнии; *Çatık göz (çehre, surat)* – насупленное (сердитое) лицо; *Göklere çıkmak* – быть на верху блаженства, быть в упоении, быть на седьмом небе; *Ağzı kulaklarında olmak* – рот до ушей; *Gülmekten yerlere serilmek (yatmak)* – покатываться со смеху, хохотать (смеяться) до упаду [8, 73].

3.2. Түрік жазушысы Р.Н. Гүнтекиннің «Yaprak Dökümü» (Күзгі жапырақтар) атты романында қолданылған кейбір тұрақты сөз тіркестері (Türk Yazarı R.N. Güntekin'in «Yaprak Dökümü» Romanında Kullanılmış Bazı Deyimler)

Шығарманың тілі тұрақты сөз тіркестерімен көркемделіп отырған. Олардың бірқатары жасалуына қарай екі тағанды (*göz yummak* – көрсе де көрмегендей болу, *ateş kesilmek* – ашүмен

әрекет ету, жігермен қимылдау, *baştan çıkarmak* – басын айналдыру, *burun sokmak* – керек емес жерде араласу, *el uzatmak* – қол сұғу; қол ұшын беру, *baş koşturmak* – иық тенестіру, таласу, *kaşlarını çatmak* – қабақ шыту, ашулану, *dudak bükmek* – мұрнын тыржиты, *günahına girmek* – қиянат жасау, күнә жасау, *ağzını aramak* – сыр тарту, өзіне керек бір нәрсені айтқызу үшін сөйлесу, *kafa tutmak* – қарсы келу, бас имеу, *kalpleri kırılmak* – ренжу, *için için* – білдірмей, жасырын, *kulak vermek* – шын ниетімен тыңдау, *suya düşmek* – жүзеге аспау, орындалмау, *ödül koptak* – қатты қорқу), бірқатары үш тағанды (*yelkenleri suya inmek* – біреудің айтқанын қабылдау, мақұлдау, "gözü arkada kalmak" – болған бір оқиғаны немесе біреуді ойлау, уайымдау, *etliye, sütlüye karıştırmak* – ешкімге, ешнәрсеге араласпау, *ayakları suya ermek* – сабасына түсу, ойлану, шындыққа көзі жету, *yerin dibine girmek* – ұялу, кірерге тесік таппау, *sağlam ayakları değil* – сенімсіз, *ok uaydan çıkmak* – айтылған сөз – атылған оқ) ал кейбірі төрт тағанды (*dört başı mamur olmak* – төрт құбыласы тең болу, *ince eleyip sık dokumak* – екі шұқып, бір қарау, түп тамырына дейін қазбалау, тәптіштеу, зерттеу) болып келеді.

Мысалдардан байқалғандай, бұлар, негізінен («*için için*» тіркесінен басқасы) – етістік фразеологизмдер. Мысалға алынғандардың басым көпшілігі ауыз екі сөйлеу тіліндегі метафоралар (*Günlük konuşmada kullanılan istiareler*). Мысалы:

Ben böyle çıkışınca ister istemez *yelkenleri suya indiriyorlardı* (Мен осылай дегеннен кейін қаласа да, қаламаса да айтқаным көнеді). İsterdi ki elinden çıkacak iş, sadece kanuna değil, teamüle, insanlık ve nezaket kaidelerine de uygun, yani *dört başı mamur olsun* (İstеген ісі тек заңмен ғана емес, салт-дәстүр, адамгершілік және сыпайылық қағидаларымен де сәйкес болуын, яғни төрт құбыласы тең болуын қалайды). İcar ederse, ona ait olan vazifelerini büyüklerine de bırakabilir, *gözü arkada kalmazdı* (Қажет болса, оған керек қамқорлықты үлкендеріне тапсырса, уайым жей қоймас). Onun için asıl kabahatinin kollarını sallaya sallaya ortada dolaşmasına *göz yummak* ve namusuna kastedilen

adamı-göğsündeki yaralarıyla-hapse atmak lazım geldi (Оның негізгі айыбы еркінсіп, сайрандауын көрсе де көрмегендей болу, ар-намысына қиянат жасалған адамды жан-жарақатына қарамастан түрмеге отырғызу керек болды). *Etiliye, sütlüye karıştarmayı* öteden beri meslek edinen Ali Riza Bey, bu meselede *ateş kesilmiş*, kendini attırıncaaya kadar uğraşmıştı (Ешкімнің ісіне араласпауды бұрыннан әдетке айналдырған Али Риза мырза бұл мәселеге бар ынта-жігерімен кірісіп, өзін жұмыстан шығарғанға дейін осы іспен айналысты). Müdür Muzaffer Bey, *baştan çıkarmış* (Бастық Музаффер мырза басын айналдырды). Fakat, biraz sonra *ayakları suya erince* birdenbire irkildi, yavaş yavaş çehresini ve tavırlarını deęiştirmeye başladı (Бірақ біраздан кейін мәселенің төркініне көзі жеткенде, бірден кескін-келбеті мен қимыл-қозғалысын өзгерте бастады). Muzaffer, kendine ait işlere başkalarının *burnunu sokmasına* müsaade edecek; hayatıyla, menfaatıyla oynatacak adamlardan deęildi (Музаффер өз істеріне басқаларының килігуіне, жеке басы мен мүддесіне араласуына мүмкіндік беретін адамдардың қатарынан емес еді). Siz, buraya benim vasıtamla girmiş bir kıza el uzattınız (Сіз менің араласуыммен жұмысқа алынған қыздың ар-ұятына қол сұқтыңыз). Çünkü bu yaşında, deęil İstanbul'un, Avrupa'nın yüksek mekteplerinde okumuş gençlerle *baş koşuyor*, ihtiyar babasının en bunaldığı bir saatte imdadına yetişiyordu (Өйткені осы жастың өзінде-ақ Стамбулдың, Европаның жоғары оқу орындарында оқыған жастармен иық теңестіріп, ең қиналған кезінде көрі әкесіне қол ұшын беретін). Ali Riza Bey' in hayatta en sıkı ve acı bir gününü yaşadığını anlamıyor, *kaşlarını çatarak* somurtmakta devam ediyordu (Али Риза мырзаның өмірінде ең қиналған уақытын басынан өткізгенін түсінбей қабақ шытып, түнжырап жүр). Onun kızmaya bile lüzum görmeden *dudak büktüğünü* görünce yalvarır gibi tavır aldı (Оның ренжуді қажет деп таппай, мұрнын тыржитқанын көргенде жалынғандай болды). Ali Riza Bey, utancından *yerin dibine girmiş*, bir daha kimseyle çarşıya çıkmamaya tövbe etmişti (Али Риза мырза ұялғанынан кірерге тесік таппай, бұдан кейін ешкіммен базарға шықпауға уәде берді). Fakat sonradan anladı ki

yok yere o fakirin *günahuna girmişti* (Бірақ ол байғұсқа орынсыз қиянат жасағанын кейіннен түсінді). Ali Riza Bey, bir gün onun *ağzını aradı* (Али Риза мырза бір күні оның не ойлайтынын білгісі келді). Ali Riza Bey, gerçi bir vakit bu mantığa *kulak vermiyor* gögündü. (Расында Али Риза мырза бір кездері бұл мәселеге назар аудармағандай болды). Bu son ümit de böyle *suya düşmüş* oluyordu (Бұл соңғы үміт те осылайша жүзеге аспайтын болды). Ne uapsın ki *ok yaydan çıkmıştı* (Айтылған сөз атылған оқпен тең дегендей, не істесін). ...*Şu halde ince eleyip sık dokumaya* hakkım yok (Осы жағдайда түп тамырына дейін қазбалауға қақым жоқ).

Көп жағдайларда бір тұрақты сөз тіркесі романның бірнеше жерінде қайталанып қолданылады. Мысалы:

Söylediğine göre bu adamın kızları *sağlam ayakkabı değildi* (Айтқандарына қарағанда, бұл кісінің қыздары тәрбиелі бойжеткендер емес). Neyin nesi olduğunu adamakıllı tahkik bile etmedikleri bu adam, herhalde bir *sağlam ayakkabı değildi* (Ненің не екенін шындап тексермеген бұл адам қалай болғанда да сенімсіздік ұялатады). Ali Riza Bey, kendi gibi onlara da *için için* acıyordu, fakat sözlerine hak vermiyordu (Али Риза мырза білдірмегенімен өзіне де, оларға да жаны ашыса да айтқан сөздері тегін емес еді). İhtiyar adama öyle geliyordu ki, çocuk, karşısındakilere söz söylerken, gülümserken *için için* ağlıyor, ancak göz yaşları öyle ince ki, damla haline düşmeden buhar olup havada dağılıyor (Бала біреуге бір нәрсе айтқанда, іші қан жыласа да күлімсіреген болып, көз жасын байқатқысы келмейтін сияқты көрінді қарияға).

Eve küçük bir hizmetim oluyor diye *kafa tutmaya* kalkıyorum zannederler, *kalpleri kırılır* (Үйге аз да болса бір пайдасы тигені үшін қарсы шықты деп ренжіп жүрер). Fakat şu var ki, onlar kapı koca, ne kadar aşağıdan ağırlarsa Ferhunde o kadar *kafa tutuyor*, hiç yoktan türlü türlü güdültüler çıkarıyordu (Бірақ ерлі-зайыптылар кішірейіп сыйлаған сайын Ферхунде қарсы келіп, жоқ жерден әр түрлі ұрыс-керіс шығаратын болды).

Eski alemler bir yerden Abdülvehhap Bey' in kulağına çalınacak diye *ödü kopuyordu* (Бұрынғы ойын-сауық құрған уақыт бірде болмаса бірде Абдүлвеххап мырзаға жете ме деп қорқып жүрді).

Sen misin baba? *Ödümü kopardın!* (– Әке, сенсің бе? Қорқыттың ғой)!

3.3. Қазіргі түрік тіліндегі мақал-мәтелдердің мағыналық сипаты (Çağdaş Türkçedeki Atasözlerinin Anlamsal Özellikleri)

Қазіргі түрік тілінде мақал-мәтелдерге төмендегідей анықтамалар беріліп жүр:

- *Atasözleri kalıplaşmış cümlelerdir* (мақал-мәтелдер – қалыптасқан, құрылысы өзгермейтін сөйлемдер);
- *Atasözleri kısa ve öz olmalıdır* (мақал-мәтелдер қысқа да нұсқа, мәнді де мағыналы болуы керек);
- *Atasözleri az sözle çok şey ifade eder* (мақал-мәтелдер – тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні);
- *Atasözlerinin mecazi anlamları vardır* (мақал-мәтелдер ауыспалы мағынаны білдіреді);
- *Atasözleri, halkın yaşama deneyimlerinin sonucudur* (мақал-мәтелдер – халықтың өмірлік тәжірибесінің нәтижесі);
- *Atasözlerinin kimileri doğrudan doğruya öğüt vericidir* (мақал-мәтелдер үгіт-насихат береді);
- *Sözlerin yeri değiştirilip yerine başka söz kullanılamaz* (мақал-мәтелдердің құрамындағы сөздердің орнына басқа сөздер қолданылмайды);
- *İnsanların davranışlarına yön kazandırır* (мақал-мәтелдер адамдардың іс-әрекеттеріне бағыт-бағдар береді).
- *Çoğunlukla geniş zaman ve emir kipi kullanılır* (мақал-мәтелдер, көбінесе, ауыспалы осы шақ және бұйрық рай қосымшаларымен аяқталады).

Түрік тілінде мәндес мақал-мәтелдер де бар:

- *«Haddini bilmeyene bildirir»* немесе *«Haddini aşana, haddini bildiren çıkar»* (көп асқанға – бір тосқан). *«Acele bir ağaçtır, meyvası pişmanlık»* немесе *«Acele işe şeytan karışır»* (асыққан – шайтанның ісі).

Мағынасы жағынан бір-біріне қарама-қарсы, яғни қарсы мәндес мақал-мәтелдер де түрік тілінде қолданылады. Мысалы:

«*Derdini söylemeyen derman bulamaz*» (ауруын жасырған өледі) мақалына қарсы мағынада «*Sırrını söyleme dostuna, dostunun da dostu var, o da söyler dostuna*» (сырынды айтпа досына, досыңның да досы бар, ол да айтады досына) мақалы жұмсалады. Бірінші мақалда «сырынмен бөліс» десе, екіншісінде «сырынды шашпа» деген үгіт-насихат береді.

«*Taşima su ile değirmen dönmez*» (тасыған сумен диірмен айналмайды) десе, оған қарсы мағынадағы «*Damlaya damlaya göl olur*» (тама тама көл болады) мақалын қолданады.

Сол сияқты «*Fazla mal göz çıkarmaz*» (керек тастың ауырлығы жоқ) – «*Azıcık aşım ağrısız başım*» (аш құлақтан – тыныш құлақ).

«*Erken kalkan yol alır*» (ерте тұрған әйелдің бір ісі артық, ерте тұрған еркектің ырысы артық) – «*Acele işe şeytan karıştır*» (Асыққан – шайтанның ісі).

Кейбір мақал-мәтелдер тура мағынасында жұмсалады: «*Misafir kısmetiyle gelir*» (Қонақ келсе, құт келеді).

«*Çocuk düşe kalka büyür*» (Бала жетіге келгенше жерден таяқ жейді).

3.4. Қазіргі түрік және қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің мағыналық сипаты (Çağdaş Türk ve Kazak Dillerindeki Atasözlerinin Anlamsal Niteliği)

Халық даналығының ұйытқысы мақал-мәтелдерді (*atasözleri*), өсиетті сөздер мен көсем сөздерді (*özdeyişler*), нақыл сөздер мен қанатты сөздерді (*aforizmler*) және қалыптасқан тұрақты сөз тіркестерін (*deyimler*) жан-жақты зертеген Ә.Т. Қайдар былай дейді:

«Мақал-мәтелдерді дана бабаларымыздан қалған аталар сөзі десе де болады. Демек, бұл – ұлт даналығын араға талай ғасырлар салып, бүгінгі ұрпаққа нақыш-бояуын солғындатпай, мән-мағынасын бәсеңдетпей, көркемдігі мен бейнелілігін жоғалтпай, тұтас жеткізіп отырған Ана тіліміздің құдіретті күші. Бұл – даналықтың бір бұлағы тіл деген сөз.

Халық даналығының қайнар көзі – тіліміздегі мыңдаған мақал-мәтелдер десек, одан даналықтың басқа да қыр-сырын білдіретін басқа сөз жоқ деген түсінік тумаса керек. Даналықты білдіретін ұғым-түсініктер мен олардың атаулары тілімізде өте көп: «мақал», «мәтел», «аталы сөз», «нақыл сөз», «ақыл сөз», «қанатты сөз» (афоризм), «ұлағатты сөз», «жақсы сөз», «шешен сөз», «өсиет сөз», «орынды сөз» т.б. Осының бәрі даналық пен парасаттылықтан туындаған терең ой, логикалық (мәнтики) тұжырым, философиялық толғаныс, дүниетаным, өмір тәжірибесі, тағылым-тәлімнің баяндалған, көркем сөзбен көмкерілген, тұрақты, қалыптасқан тіркес, шағын мәтін, қысқа да нұсқа ой үзіктері...

...Халық даналығына қатысты ұғым мен атаудың санатына ең алдымен «мақал» мен «мәтел» жатады. Жоғарыда олар жалпы түрде ғана сөз болды. Дегенмен бұл сөздердің төркіні не? Неге бұл термин туыстас түркі тілдерінде бірдей емес? Мәселен ұйғыр тілінде – «мақал вә тәмсил», татар тілінде – «мәкаль һем әйтәм», түрікмен тілінде – «нақылдар ве аталар сөзи», өзбек тілінде – «мақоллар», әзербайжан тілінде – «аталар сөзү», «зәрб-мәсәл», ноғай тілінде «такпак эм айтув», алтай тілінде – «укаа сөс, кеп сөс», хакас – «сөспек», башқұрт тілінде – «мәкәл, әйтәм», түрік тілінде – «atalar sözü» т.т.

Оның басты себебі, *біріншіден*, даналыққа қатысты ұғымның кеңдігіне байланысты болса, *екіншіден*, түркі тілдерінің дербестеніп дами түсуіне және о бастағы «аталар сөзі» деген байырғы атауға әрқайсысы өздерінше балама табуынан болса керек. Бірақ одан мақал-мәтелдердің табиғаты өзгере қойған жоқ» [3: 14-15].

Қазіргі түрік және қазақ тілдеріндегі кейбір мақал-мәтелдер тұлғалық жағынан да, мағыналық жағынан да бір-біріне жақын, ұқсас және сәйкес келеді. Мысалы:

1. Мақал-мәтелдерде адамның дене мүшесі мысалға келтіріле отырып, татулық-араздық, достық-дұшпандық, береке-бірлік, шарасыздық сияқты ауыспалы мағына сөз болады. Мысалы:

– Адам мүмкіндігінің, оның қадір-қасиетінің, мінез-құлқының бірдей болмайтындығы туралы:

Beş parmak bir değildir.
(Бес саусақ бірдей емес).
Ayağını yorganına göre uzat.
(Көрпене қарай көсіл).

– Басқа түскен шарасыздықты жеңу, одан шығар жолды таба білу, шыдамдылық, төзімділік таныту туралы:

Başa gelen çekilir.
(Басқа түссе – баспақшыл).

– Сабырлылық, өзара ішкі араздықты кешіру, өкпе-назды ұмыту, сыр шашпау, ағайынға деген адалдықты, достыққа деген беріктікті сақтау туралы:

Baş yarılır börk içinde, kol kırılır yen içinde.
(Бас жарылса бөрік ішінде, қол сынса жең ішінде).

– Атқарған қызметінің, істеген жұмысының өнімінен сол адамның өзі де пайдалануы туралы:

Bal tutan parmağını yalar.
(Бал сатқан бармағын жалайды).

– Жақсы қасиеттің досқа, жаман қасиеттің дұшпанға тән екендігі туралы:

Dost başa bakar, düşman ayağa.
(Дос басқа, дұшпан аяққа қарайды).

– Шығар жолдың, табылар айланың жоқтығы туралы:

Yukarı tükürsen bıyık, aşağı tükürsen sakal.
(Былай тартсаң өгіз өледі, былай тартсаң арба сынады).

2. Адамның жүріс-тұрысы, іс-әрекеті, мінез-күлқы, қадір-қасиеті, бітім-болмысы, адаммен қарым-қатынасы жан-жануар-

ды мысалға келтіре отырып сипатталады. Олар негізінен төмендегідей тақырыпшаларға бөлінеді:

– ел басқарып отырған адамдардың (жағымсыз) іс-әрекеті туралы:

Balık baştan kokar.

(Балық басынан шіриді).

Baş nereye giderse, ayak da oraya.

(Үлкен үйдегі күлсе, кіші үйдегі езу тартар).

– Негізгі мақсатын, басты ниетін білдірмеу, сездірмеу туралы:

Isıracak it, dişini göstermez.

(Тістейтін жылқы тісін көрсетпейді).

– Күрмеуі қиын бір істен шығар жол, көмек күту, амал-айла іздеуге талпыну туралы:

Şaşkın ördek başını bırakır kışından dalar.

(Сасқан үйрек артымен сүнгиді).

Denize düşen yılanı sarılır.

(Суға кеткен тал қармайды).

– Армандау, қиялдау туралы:

Aç tavuk kendini buğday ambarında sanır.

(Тауықтың түсіне тары кіреді).

– Туындаған қиындық пен кедергіні жеңуге тәуекел ете алмау туралы:

Kuştan korkan darı ekmez; Kurttan korkan ormana girmez.

(Шегірткеден қорыққан егін екпес).

– Адам ойының, мақсатының, ниетінің құпиялылығы туралы:

İnsan alacası içinde, hayvan alacası dışında.

(Адам аласы ішінде, хайуан аласы сыртында).

- Танысу, білісу, жөн сұрасу, тіл табысу, сырласу туралы:

İnsan konuşa konuşa, hayvan koklaşa koklaşa.

(Адам – сөйлескенше, жылқы – кісінескенше).

- Жеке бастың күйін күйттеу, бөліну туралы:

Sürüden ayrılanı kurt kapar.

(Бөлінгенді бөрі жейді,

Жарылғанды жау алады).

(Саяк жүрген таяк жер).

- Жалқаулық, жатып ішерлік, бойкүйездік пен еңбекқорлық, пысықтық, сергектік туралы:

Yatan aslandan, gezen tilki yeğdir.

(Жатқанға жан жуымас, жүргенге жөргем ілінір).

(Жатқан тастың астына су бармайды).

- Бауыр етің – балаға деген махаббат, ұрпаққа деген сүйіспеншілік туралы:

Karga yavrusuna bakmış «benim ak-pak evladım» demiş.

(Қарға баласын «аппағым» дейді, кірпі баласын «жұмсағым» дейді).

- Қалыптасқан дәстүрді бұзу, килігу, орынсыз іске араласу туралы:

Vakitsiz öten horozun başını keserler.

(Мезгілсіз шақырған өтештің мойнын жүлар болар).

- Болар-болмас іске араласып, үлкен зиянға ұшырамаудың керек екендігі туралы:

Pire için yorgan yakılmaz.

(Битке өкпелеп, тоныңды отқа жақпа).

– Заңның құрығының ұзын екендігі, одан әр уақыт қашып құтыла берудің мүмкін еместігі туралы:

Bir sıçrarsın çekirge, iki sıçrarsın çekirge, üçüncüsünde geçersin ele.

(Бір секірдім құтылдым, екі секірдім құтылдым, үшіншіде тұтылдым).

(Көп асқанға – бір тосқан).

3. Адамға ескерту, үгіт-насихат, жөн-жосық, бағыт-бағдар, бірлік-татулық тақырыбын қозғайтын мақал-мәтелдер:

– жастық шақта берілген білім мен тәрбиенің маңыздылығы туралы:

Ağaç yaş iken eğilir.

(Баланы жастан,..).

– Басшылық қызметтің білімді, тәрбиелі де тәжірибелі адамға ғана тән екендігі туралы:

Ağaçtan paşa, aptaldan paşa olmaz.

(Айран ас болмас, Надан бас болмас).

– Туындаған мәселенің шешімін табуы үшін, ол туралы ағайындармен, дос-жарандармен және т.б. кеңесудің қажеттілігі туралы:

Derdini söylemeyen derman bulamaz.

(Ауруын жасырған өледі).

– Кемшіліксіз, мінсіз, төрт құбыласы түгел, сегіз қырлы, бір сырлы адамның болуының мүмкін еместігі туралы:

Dikensiz gül olmaz. Hatasız kul olmaz.

(Ай бетінде де секпіл бар;

Жаңылмайтын жақ жоқ,
Сүрінбейтін тұяқ жоқ).

– Өзімшілдік пен өркөкіректіктің, тәкаппарлық пен мен-сінбеушіліктің көпшілдікке, қарапайымдылыққа, ақылдылыққа бір жеңілетіндігі туралы:

Haddini bilmeyene bildirir.
(Әр асқанға – бір тосқан).

– Жамандыққа жақсылықпен, ерсілікке сыпайылықпен, ақылсыздыққа ақыл-айламен жауап берудің орынды болатындығы туралы:

Sana taşla varana sen aşla var.
(Таспен атқанды аспен ат).

– Адам өмірінде көрген-білгеннің, жинап-түйгеннің, жиған-тергеннің, яғни тәжірибенің үлкен орын алатындығы туралы:

Sütten ağzı yanan yoğurdu üfleyerek yer.
(Аузы күйген үрлеп ішеді).
El için kuyu kazan önce kendi düşer.
(Біреуге ор қазба, өзін түсесің).

– Халықпен бірге болу, ауыртпалықты да, қуанышты да бірге бөлісудің адамға тән басты қасиеттердің бірі екендігі туралы:

El ile gelen düğün bayram.
(Көппен көрген ұлы той).
Birlik olmayan yerde dirlik olmaz.
(Бірлік болмай, тірлік болмас).
Bir elin nesi var, iki elin sesi var.
(Саусақ бірікпей, ине ілікпейді).
Жалғыз қаздың үні шықпас, жалғыз қыздың мұңы шықпас.
Жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас.

– Әділетсіздік, тойымсыздық, көрсеқызарлық, опасыздық, ездік туралы:

–

Emanete hıyanet olmaz.

(Аманатқа қиянат жасауға болмайды).

(Аманатқа қиянат – зор ұят).

– Қанағатшылдық, көңіл тоқтығы туралы:

Az ile kanaat etmeyen çoğu bulamaz.

(Азға қанағат етпеген көптен күр қалады).

(Қанағат қарын тойғызар, Қанағатсыздық жалғыз атын сойғызар).

– Жан тыныштығы, бас бостандығы, еркіндік, басқаға тәуелсіздік туралы:

Azıcık aşıtm, ağrısız başım.

(Аш құлақтан – тыныш құлақ).

Geç olsun da güç olmasın.

(Ештен кеш жақсы).

Gülme komşuna, gelir başına.

(Күлме досыңа, келер басыңа).

Çocuktan al haberi; Bir çocuktan, bir deliden al haveri.

(Балалы үйдің ұрлығы жатпас).

Yerin de kulağı vardır.

(Үй өзімдікі деме, үй артында кісі бар).

Güzellik ondur dokuzu dondur.

(Адам көркі шүберек).

Araba devrildikten sonra yol gösteren çok olur.

(Біткен іске сыншы көп).

Alim olmak kolay, adam olmak zor.

(Ақын болу өз еркін, азамат болу міндетің).

Para dediğin el kiri.

(Ақша – қолдың кірі).

Сонымен қатар тіліміздегі мәндел мақал-мәтелдердің баламасы түрік тілінде де, қазақ тілінде де бірнеше вариантты болып келеді. Ол тіліміздегі тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні – мақал-мәтелдің молдығынан хабардар етеді. Мысалы:

– «Асығыстық» тақырыбын қозғағандар:

Acele bir ağaçtır, meyvesi pişmanlık.

Acele ile menzil alınmaz.

Acele işe şeytan karışır.

(Асыққан шайтанның ісі);

Atılan ok geri dönmez.

(Айтылған сөз атылған оқпен тең).

(Айтқан сөз – атылған оқ).

– «Аштық-тоқтық, кедейлік-байлық, барлық-жоқтық» тақырыбында жазылғандар:

Aç aul oynamaz.

(Аш бала тоқ баламен ойнамайды,

Тоқ бала аш болам деп ойламайды).

Açın karnı doyar, gözü doymaz.

(Өзі тойса да көзі тоймайды).

Aç ne yemez, tok ne demez.

(Аш не жемейді, Тоқ не демейді).

– «Салмақтылық» тақырыбында берілгендер:

Ağır kazan geç kaynar.

(Салмақты сырын білдірмес, ақырын ғана бүлк етер).

Ağır taş batman döver (yerinden oynamaz).

(Ауырлықты жер көтерер, ауыр қазанды ер көтерер) және т.б.

– «Жазмыш, тағдыр» тақырыбында жазылғандар:

Ecele çare bulunmaz.

Olacakla öleceğe çare yoktur.

(Ажалға шара жок).

4. Мақал-мәтелдерде адамның мінез-құлқына қатысты айтылатындары да айтарлықтай баршылық:

San çıktayınca huу çıkmaz.

(Сүтпен біткен мінез сүйекпен бірге кетеді).

(Жаман әдет өлгенде бір кетеді).

(Ауру қалса да, әдет қалмайды).
Yavaş atın çiftesi pek olur.
 (Үндемегеннен үйдей пәле шығады).
 (Үндеместе пәле бар, екі ұртында шала бар).
 (Жуастан жуан шығады).
Kardeş kardeşi bıçaklar, yine gelir kucaklar.
 (Ағайын өкпеге қиса да, өлімге қимамайды).
 (Ағайынның азары болса да, безері болмайды).
Sabreden derviş, muradına ermiş.
 (Сабырлы жетер мұратқа, Сабырсыз қалар ұятқа).
 (Сабыр түбі – сары алтын, Сабыр етсең – бәрі алтын).
Yaza çıkardık danayı, beğenmez oldu anayı.
Besle büyüüt danayı, tanımasın anayı.
 (Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас).
 (Есек семірсе иесін тебер).
 (Күшік асырап ит еттім, Балтырымды қанатты.
 Мылтық атуды үйреттім, Мерген болды, мені атты).

(Абай)

5. Қазіргі түрік және қазақ тілдерінде мағынасы жағынан бір-біріне қарама-қарсы мақал-мәтелдер (*çelişkili veya zıt anlamlı atasözleri*) де қолданылады:

Kervan yolda düzelir (Көш жүре-бара түзеледі). Мақалдың мәні ең басында кемшін тұстары көп бір іс (адам) бара-бара өмірдің ағымына ілесіп, жөнделіп кетеді дегенді білдіреді. «Көш жүре түзеледі < 1. Қазақ өміріне тән көші-қон салтына байланысты қалыптасқан бұл мақал: барлық жүгін тең-тең қылып, түйеге, жылқыға, сиырға артып, асығыс қозғалып, жолға шыққан көштің көп кемістігі жол-жөнекей байқалады: кейбір артылған жүк көліктің жүрісімен тербеліп, теңселіп бір жағына аууы, қисаюы мүмкін. Мұндайда ол жүкті теңестіріп, кей жерінен бұғау салып тартып, орнықтырып отыру қажет болады. Енді бірде жайылып өскен жас мал өріс аударуға қарсылық білдіріп, қиқарланып, бетін түзей алмай, көш сәнін кетіруі мүмкін. Алайда, бұл да біраздан кейін жөніне келіп, бетін түзейді; 2. Ауыс. басталған келелі істің кейбір кемшілік-кемістігі жол-жөнекей түзетіліп, жөнделіп, реттеліп, мәреге табыспен жетуі ықтимал дегенді аңғартады > » [3: 369-370].

Бұған қарсы мәндел мақал – «*Balık baştan kokar* (Балық басынан шіриді)» < 1. Шынында да, аудан алынып, күтімсіз тас-талған балық бұзыла бастайды, оның бітеу денесінің басқа жерінен емес, ауыз, көз, желбезегі, айқұлағы бар бас жағынан шіритіні байқалады...; 2. Ауыс. Бүлінетін нәрсенің бір қатары, соның ішінде адам да, не бас жақтан, яғни қоғамдық тәртіптің ел билеп отырған басшы, атақ-лауазымды адамдары жағынан бұзылуы, елге үлгі-өнеге болудың орнына жаман әдет, орынсыз қылық көрсетілуі мүмкін...>» [3: 236-237].

Сол сияқты «*Erken kalkan yol alır. Erken evlenen döl alır*» – «*Acele işe şeytan karışır*». Қазіргі қазақ тіліндегі мәндел сыңарлары: «Ерте тұрған еркектің ырысы артық. Ерте тұрған әйелдің бір ісі артық» – «Асыққан – шайтанның ісі».

«*Anasına bak kızını al, kenarına bak bezini al*» – «*Beş parmağın beşi birbirine benzemez*». Қазақ тілінде: «Анасына қарап қызын ал, аяғына қарап асын іш» – «Бес саусақ бірдей емес».

«*Tatlı dil yılanı deliğinden çıkarır*» veya «*Acı dil (söz) insanı dinden, tatlı dil (söz) yılanı inden çıkarır*» – «*Lafla peynir gemisi yürümez*». Қазақ тілінде: «Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады. Қатты-қатты сөйлесең, мұсылман дінінен шығады» – «Ауызбен орақ орғанның белі ауырмайды».

«*Düşenin dostu olmaz*» – «*Dost kara günde belli olur*». Қазақ тілінде «Жығылғанға жұдырық» – «Жақсы дос басыңды бұлт шалғанда қасыңнан табылады».

«*Fazla mal göz çıkarmaz*. – «*Azı karar çoğu zarar*». Қазақ тілінен «Керек тастың ауырлығы жоқ» – «Қанағат қарын тойғызады, қанағатсыздық жалғыз атын сойғызады».

«*Sana taşla varana, sen aşla var*» – «*Sağ olsun, var olsun, benden irak olsun*». Қазақ тілінде: «Таспен атқанды аспен ат» – «Аш пәледен қаш пәле».

«*Dost dostun eğerlenmiş atıdır*». – «*Akan suya inanma, el oğluna güvenme*». Қазақ тілінде: «Жақсы дос ерттеулі атпен тең». – «Әруақтан басқа ес жоқ, Көлеңкеден басқа дос жоқ».

6. Түрік және қазақ тілдеріндегі кейбір мақал-мәтелдердің жасалуы да, мән-мағынасы да бірдей болып, тілдің өз ішінде синонимдік қатар құрайды. Түрік тілінен:

Say beni sayayım seni.

(Сыйла мені, сыйлайын сені: Сыйға – сый, сыраға – бал).

Sev beni seveyim seni.

(Сүй мені, сүйейін сені: Әркім – сыйлағанның құлы).

Hasta ol benim için, öleyin senin için.

(Науқас бол мен үшін, өлейін сен үшін: Әркім – сыйлағанның құлы).

Perşembenin gelişi çarşambadan bellidir.

Güzün gelişi yazdan belli olur.

(Болар бала бесігінде бұлқынар,

Болар құлын желісінде жұлқынар).

Қазақ тілінен:

7. Адам өмірі оны қоршаған ортамен, табиғатпен тығыз байланыста өріліп отырған. Түркі халықтарының табиғат құбылыстарын қабылдаулары сәйкес келіп жатады. Мәселен, түріктер «*Mart ayı, dert ayı* (Март айы – адамның жиі ауыратын айы)», «*Mart kapıdan baktırır, kazma kürek yaktırır* (Март есіктен қаратады, кетпенді отқа жақтырады)» – десе, аталған мақал-мәтелдер наурыз айының көбінесе суық өтетінін, жыл бойы жағылған отынның осы кезде түгесіліп бітетінін білдіреді. Сонымен бірге «Жан-жануар, жәндіктер қысқы ұйқыдан оянады, жыл құстары оралып, ұя салады. Мал төлдеп, су бөгеліп, егіншілік жұмысы басталады. Бұл шаруаның қарбалас шағы. Күн ұзарып, түн қысқара беретін, «*жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілетін*» осы кез халық аузында «*ҰЗЫН САРЫ*» деп аталып кеткен... немесе «Халық «Ақпан қысты аластаса, Наурыз жаназасын шығарады. Наурыз – әзілқой ай, жылатады да, күлдіреді де», – дейді» [5: 133, 134].

Түріктер «*Kork aprilin beşinden, öküzü ayırır eşinden*. (Қорық сәуірдің бесінен, өгізді айырады есінен)» – десе, қазақтар «сәуір болмай, тәуір болмайды» деп жатады. Оны былайша түсіндіруге болады: «Көкек отамалы – желді, бірде қарлы, бірде жаңбырлы, ауа райының құбылмалы қолайсыз шағы, айдың 11 жұлдызында кіріп, 17 жұлдызында шығады. Есепшілердің айтуы бойынша, отамалы: «*Қара жерге келсем, қар әкелемін (боранды, жауын-шашынды қолайсыз ауа райы), қарға келсем, қар әкетемін*», –

дейді екен. Осыған орай, «Отамалы ойылған қыс» сөз тіркесі бар» [5: 135].

8. *Olmak* (болу) көмекші етістігімен де екі тілде мағынасы жағынан бір-біріне жақын мақал-мәтелдер қолданысқа енген. Мысалы:

Oldu olacak, kırıldı nacak.

Olacak oldu, boyası sindi.

(Болар іс болды, бояуы сінді).

Olmaz olmaz deme, olmaz olmaz.

(Болған жігіт «болдым» демес, «болдым» десе, болғаны емес).

9. Табу сөздердің көмегімен де тілімізде мақал-мәтелдер жасалады. Мысалы:

Eceli gelen köpek cami duvarına işer.

(Ажалды қарға бүркітпен ойнайды).

Boka nisbetle tezек amberdir.

Болар бала – б...нан.

Түс – түлкінің б...ы.

10. Қара басының қамын ойлаудан аса алмайтындардың іс-әрекеті төмендегі мақал-мәтелдерде баяндалады. Олардың кейбірінің авторлары да белгілі. Мысалы:

Evvvela mide, sonra akide. (H.R. Güğrınar)

(Әуелі – асқазан, соңыра – намаз. Ораза, намаз – тоқтықта).

Evvvela can, sonra canan. (Әуелі – жан, соңыра – сүйікті).

Қорыта айтқанда сөз тағдыры – адам тағдыры. Адам бүкіл көңіл-күйін, қуанышы мен ренішін, сүйініші мен күйінішін тек тілі арқылы, тіліндегі сөзі арқылы, мақал-мәтелдері арқылы кейінгі ұрпаққа жеткізіп отырған. Қай тілде де мақал-мәтелдің алатын орны ерекше, атқаратын қызметі зор, оның күдіретіне еш нәрсе жетпейді. Өйткені халықтың жүріп өткен жолы, басынан кешкен өмірі, бүкіл болмысы, қалыптасқан мәдениеті, дарқан даналығы, құнарлы ойы, салиқалы санасы, тұрмыс-тір-

шілігі, қадір-қасиеті, тағдыр-талайы, өшпес тарихы, салт-дәстүрі, жан сұлулығы, сезім-серігі, бәрі-бәрі сол тілі арқылы, тіліндегі тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні арқылы жалғасын тапқан.

3.5. Мақал-мәтелдердің тарихи лексикологияға қатысы

Тілдің сөздік қорынан орын алатын мақал-мәтелдер бүгін ғана пайда бола қалған жоқ. Олар да – тіл тарихының жемісі. Тілімізде бүгінгі күні қолданылып жүрген мақал-мәтелдердің көбі бұдан бірнеше ғасыр бұрын да қазіргі мағынасында және қазіргі түр-тұлғасында (аздаған дыбыстық ерекшеліктерін есептемегенде) жұмсалған. Сондықтан төменде түркі халқының ғұламалары Махмұд Қашқари мен Жүсіп Хас Хажиб Баласағұнның еңбектеріндегі кейбір мақал-мәтелдерге тоқталмақшымыз.

3.5.1. Махмұд Қашқаридың «Дуяни лұғат ат-түрк» еңбегіндегі мақал-мәтелдердің лексика-грамматикалық сұнамы (Kaşgarlı Mahmud'un «Divanü Lugati't-Türk» Adlı Eserindeki Atasözlerinin Anlamsal ve Dil Bilgisel Özellikleri)

Жалпы түркі тілдерін салыстыра зерттеу әдісін қолдану, тіл білімінде тыңнан түрен тарту алғаш рет ғұлама ғалым, түркі тілдерінің білгірі Махмұд Қашқаридың XI ғасырда жазған «Дуяни лұғат-ат түрк» (Түркі тілдерінің сөздігі) атты еңбегінен бастау алады. Осы еңбек арқылы бүгінгі түркітану ғылымының негізі қаланды десек болады. Өйткені, ол – түркі халқының тілі мен ауыз әдебиеті, тарихы мен географиясы (және т.б) жайында мәлімет беретін кең ауқымды еңбек. Еңбекте сол кезең мәдениеті мен өркениетінің дамыған белгілі бір деңгейінен хабардар ететін сөздер мен сөйлемдер, мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер, екі және төрт тармақты өлең шумақтарынан мысалдар берілген. Арада мың жылдай уақыт өтсе де, олардың көбі қазіргі түркі тілдерінің лексикалық қорынан ойып орын алады. Әрине адамзат өмірінің дамуына, өзгеруіне байланысты олардың көнергендері де бар.

Тіпті қазіргі түркі тілдерін оқытудың әдістемесі, тілді тиімді оқытудың жолдары, оның тарихы ғалым Махмұд Қашқаридың танымал еңбегінен бастау алатындығына төмендегі үзіндіден көз жеткізуге болады:

Yabancılar Türkçe'nin öğretimi konusunda yazılan ilk eser, Kaşgarlı Mahmut'un 1072-1074 yılları arasında yazmış olduğu Divânu Lûgati't-Türk'tür. Bu eserde Kaşgarlı çok başarılı bir yöntem izlemiştir. Onun izlediği yolun özellikleri kısaca şöyledir: (Шетелдіктерге түркі тілдерін оқыту тақырыбында жазылған алғашқы шығарма – Махмұд Қашқаридың 1072-1074 жылдары жазылған «Түркі тілдерінің сөздігі» атты еңбегі. Аталған шығармада М. Қашқари нәтижелі әдісті қолданған. Оны қысқаша былай баяндауға болады):

1. *Medreselerde yapıldığı gibi önce ve hemen her zaman sadece kural verme değil, önce çok sayıda örnekten hareket edip kurala ulaşma yolunu izlemiş ve günümüz yabancı dil öğretiminde benimsenen bir yöntem uygulamıştır.* (Медреселердегідей бірден ережелерге сүйенбей-ақ, алғашында көптеген мысалдар ұсына отырып, солардың негізінде бірте-бірте тіл қағидаларына баратын жолды, қазіргі уақытта да тиімді қолданылып жүрген тіл оқыту әдісін жүзеге асырған).

2. *Dil öğrenmede örneklerin, metinlerin önemini çok iyi fark etmiş, verdiği çok sayıda örneği günlük hayattan, atasözlerinden, manzum sanat eserlerinden derlemiştir.* (Тілді оқытуда мысалдар мен мәтіндердің маңызын өте жақсы түсінген және оларды күнделікті өмірден, мақал-мәтелдерден, поэзиялық шығармалардан тандаған).

3. *Türkçeyi öğretirken, Türk kültürünü de tanıtmaya, öğretme amacını gütmüş, bu konuya özel bir önem vermiştir.* (Түркі тілдерін оқыту барысында түркі халқының мәдениетімен таныстыруды мақсат еткен және оны ерекше маңызды деп санаған).

4. *Dil öğretiminde tekrarın önemini çok iyi kavradığından, önceden geçen bir kuralı gerektiğinde tekrar hatırlatmaktan çekinmemiştir.* (Тілді оқытуда қайталаудың маңыздылығын терең түсінгендіктен, бұрынғы өтілген материалды керек жерінде еске салудан жалықпаған).

5. *İzlediği bu başarılı yöntemleri buluncaya kadar çok çaba harcayan yazar, iki yıl içinde eserini üç kez yazıp beğenmemiş, nihayet kesin olarak dördüncü defa yazmıştır. Böylece o, eser yazma konusunda da kendisinden sonra geleceklere geçerli bir ders vermektedir.* (Тілді оқытудың тиімді әдістерін тапқанға дейін көп еңбектенген. Екі жылда аталған шығарманы үш рет жазып, көңіліне қонбағандықтан соңғы төртінші рет қайта жазған. Осылайша мән-маңызын жоймайтын шығарма жазу арқылы да өзінен кейінгі ұрпаққа бағыт-бағдар берді) [2: 19].

Ғалымның көздеген негізгі мақсаты – түркі тілдеріне қызығушылық танытқандарға, әсіресе сол уақыттағы (XI ғасыр) көршілес алыс-жақын халықтармен аралас-құраластың жиілеуі себебінен арабтарға түрік тілінің ешбір тілден (араб тілінен де) кем емес екенін ұғындыру мәселесі болған.

Сөздікте тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні саналатын мақал-мәтелдер де мол қамтылған. Мақал-мәтел атауы ол кезеңде *sav* терминімен берілген. Халықтың тұрмыс-тіршілігі, наным-сенімі, өмірлік тәжірибесі, туған халқымыздың образды, айшықты ойы қысқа да нұсқа шұрайлы тілмен бейнеленеді және түркі халқының көпшілігіне ортақ болып келеді. Мақал-мәтелдердің көтерген тақырыбы да сан алуан. Мысалы:

Ақыл-кеңес, өнер-білім тақырыбындағы мақал-мәтел. Адамның ақылды болуы – оның болашағына орасан зор септігін тигізетін, жетістікке жетелейтін баға жетпес қазынасы, жасампаз игілігінің негізі, өмір бойы санасына сіңірген тәжірибесі, өз ортасынан алған білімі, кейінгі жас ұрпаққа берер келелі кеңесі. Мысалы:

Алын арслан тутар, күчин сычған тутмас. Аудармасы: «Айламен арыстанды ұстауға болады, күшпен тышқанды ұстай алмайсың». Мағыналық баламасы: «Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар».

Кейде күрмеуі қиын мәселелерді шешу үшін ақыл мен әдіс-айла керек болады. Адам ақылын, әдіс-айласын орынды жұмсай білсе, алынбайтын қамал жоқ.

Отан, ел, туған жер тақырыбындағы мақал-мәтел. Өзінің ұлтын, Отанын, туған жерін сүю және оны көзінің қарашы-

ғындай қорғау – әр азаматтың қасиетті борышы. Жауынгер түркі халқының ұлтжандылығы, отансүйгіштігі ежелден қалыптасқан. Мысалы:

Киши елинде хан болғанча, Кенди елинде олтанг бол. «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол».

Мәпелеп өсірген туған елі мен туған жерін ер азамат ешқашан ұмытпауы керек. Отаны, ел-жұрты, ата-анасы алдындағы перзенттік борышын өтеуі – оның азаматтық борышы.

Еріншектік, жалқаулық тақырыбындағы мақал-мәтел. Адамзат тарихындағы кедейліктің, барлық жамандықтың, келеңсіздіктің бастауы – еріншектік. Махмұд Қашқаридың «*Диуани лұғат-ат түрк*» атты еңбегінде еріншектік те мақал-мәтел тақырыбына айналған.

Ермегүге булыт йүк болур. Аудармасы: «Еріншекке бұлт та жүк». Мағыналық баламасы: «Еріншектің ертеңі таусылмайды».

Өзіне жүктелген тапсырманы орындағысы келмейтін бойкүйез адамның сылтауы таусылмайды.

Табиғат заңдылығы тақырыбындағы мақал-мәтел.

Ағылда оглак тогса, арылда оты өнер. Аудармасы: «Ауылда лақ туса, жазықта оты бітеді» Мағыналық баламасы: «Қой егіз тапса – шөптің басы айыр туады».

Аллаһ пендесін ризығымен бірге жаратады, әркімнің өз несібесі болады.

Еш өзгеріссіз қазіргі қазақ және түрік тілдерінде баламалары бар мақал-мәтелдер де қолданылған.

Әлеуметтік тұрмыс тақырыбындағы мақал-мәтел.

Ач не йемес, ток не темес. «Аш не жемейді, тоқ не демейді», «Аç ne yemez, tok ne demez».

Тұрмысы нашар адам күнделікті өмірін, күнкөрісін ойласа, молшылықта өмір сүрген адам еріккенінен ойына келгенін істейді.

Адамның ішкі жан дүниесі тақырыбындағы мақал-мәтелдер.

Киши аласы ичтин, йылкы аласы таиштын. «Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында», «*İnsanın alacası içinde, Hayvanın alacası dışında*»

Біреудің ойымен келіспейтіндігін жасырып, сырын ішіне сақтайтын адамдарға қаратыла айтылған.

Киши сөзleşу, йылкы йыдһлашу. «Адам сөйлескенше, жылқы кісінескенше», «*İnsan söyleşe söyleşe, hayvan koklaşa koklaşa*».

Сөздің басы – сәлем. Адам баласы жөн сұрасу, қал-жағдайын білу арқылы бір-бірінің дерті мен дауасын түсіне алады.

Отағқа кызып сүге сөзлемедүк. Аудармасы: «Қолбасшыға ренжіп, әскермен сөйлеспеді». Мағыналық баламасы: «Битке өкпелеп, күпінді отқа жақпа», «*Pire için yorgan yakılmaz*».

Ашуланудың да реті болады. Ақылды адам болмашыға реніш білдірмейді.

Қонақ, қонақшылдық тақырыбындағы мақал-мәтел.

Ума келсе қут келіп. «Қонақ келсе, құт келеді», «*Misafir on kısmetle gelir, Birini yer, dokuzunu bırakır*». Аудармасы: Қонақ (он) несібесімен келеді, бірін жеп, тоғызын қалдырады.

Түркі халқы қонақты сыйлай білген, оған ерекше құрмет көрсеткен. Халықтың ата-бабасынан алған тәрбиесі тілінен орын алып, кейінгі ұрпаққа өсиет ретінде мұраға қалып отырған.

Қателесу, жаза басу тақырыбындағы мақал-мәтел.

Йазмас атым болмас, Йаңылмас білге олмас. «Жаңылмайтын жақ жоқ, сүрінбейтін тұяқ жоқ». «*Dikensiz gül olmaz, Hatasız kul olmaz*». Аудармасы: «Тікенсіз гүл (раушан) болмайды, қатесіз күл болмайды».

Пенде болған соң адам баласы қателеседі. Өте ақылды, өмірден алған тәжірибесі мол, көрген-білгені, оқып-тоқығаны көп адам ғана қателеспейді мүмкін.

Жазықсыз жапа шегу тақырыбындағы мақал-мәтелдер.

Ики боға игешүр, арада гөксинек езілір. Аудармасы: «Екі бұқа сүзиссе, арасында оқыра езіледі». Мағыналық баламасы: «Екі түйе сүйкенсе, арасында шыбын өледі». Қазіргі түрік тілінде: «*Atlar tepişir, arada eşekler ezilir*».

Ики кончгар башы бир ашачта пишмас. Бұл мақал еш өзгеріссіз қазіргі қазақ және (әсіресе) түрік тілінде қолданылады:

«Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды». *«İki baş bir kazanda kaynamaz»*.

Осы айтылғандарды төмендегілермен де толықтыра түсуге болады:

Öküz adhakı (adakı) bolğınça buzağı (buzagu) başı bolsa yeg.

«Адамның кішісі болғанша, иттің күшігі бол».

Öküz ayağı olmaktansa, buzağı başı olmak yeğdir.

Öd keçer kişi tuymas, yalñguk oğlu menğgü kalmaz.

«Бұл дүние – жалған, келген білмейді, кеткен келмейді».

немесе

«Дүниенің басы – сайран, аяғы – ойран».

Bu dünya fanidir, gelen bilmez, giden gelmez.

Beş ernğek tüz ermes.

«Бес саусақ бірдей емес».

Beş parmak bir değildir.

Suv içirmezge süt ber. (suv bermeske süt ber)

«Таспен атқанды аспен ат».

Sana taşla dokunana sen aşla dokun. (Kötülük edene iyilik et!)

Karga kazga ötgünse, butı sınıur.

«Аттыға ерем деп жаяудың шаты айырылыпты».

Karga kazı taklit etse butu kıılıır. (Tavuk kaza bakmış da kıınıı yırtmış)

Alım keç kalsa adhaklanur.

«Қолыңмен бергенді аяғыңмен жүріп аларсың».

Elinle ver ayağınla ara.

Yıgaç uçunga yel tegir, körklüg kişiğe söz gelir.

«Жақсының артынан сөз ереді».

Ağaç ucuna yel değer, güzel kişiye söz değer.

Kul yagı, it börü (Kul düşman, köpek kurttur)

«Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас».

Besle kargayı, oysun gözünü. (Yaza çıkardık danayı, beğenmez oldu anayı)

Қорыта айтқанда, түрік халқының озық ойы мен ұлттық болмысының, ділмарлық шешендігі мен көреген көсемдігінің мәйегі – мақал-мәтелдер де Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат-ат түрк» еңбегінен орын алып, бүгінгі күнге жетіп отыр

және атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан қазіргі тіліміздегі мақал-мәтелдеріміздің тарихы мен табиғатын, қалыптасуы мен дамуын елеп-екшеуге, талдап талқылауға көп көмегін тигізуде. Бұл тақырып та тарихи лексикологияның зерттеу нысанының бір тармағы болып саналады.

3.5.2. Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу біліг» атты еңбегінің тілі мен ондағы кейбір мақал-мәтелдердің сұнамы (Yusuf Balasagunlu'nun «Kutadgu Bilig» Adli Eserinin Dili ve Bazı Atasözlerinin Özellikleri)

*Bilig bil, kişi bol, bedütilg özüñ.
Ya yulki atangıl, kişide yıra.*

(Білімді бол, адам бол, өзінді өзің жетілдір,
Болмаса мақұлық атан, адамдардан жырақ жүр).
Жүсіп Хас Хажыб Баласағұн

Жүсіп Хас Хажыб Баласағұнның «Құтадғу біліг» атты еңбегіндегі кейбір бәйіттердің қазіргі қазақ және түрік тілдеріне аударылуы, тілі мен көркемдік ерекшелігінен сөз қозғасақ, «Жастық пен кәрілік туралы» толғанысында былай дейді:

*Otuz yigmişim yandru aldı elig;
Negü kılğay altmış tegürse elig?
(Қазақшасы: Елу – отыз жиғанды кері алады,
Алпыс қолын тигізсе нең қалады?)
(Түрікшесі: Otuzun yığdığımı geri aldı elli;
Ne yarasağım altmış değdirir elini?)*

Бұл бәйітте тіл тарихында *elig* түрінде қолданылған *el* (қол) сөзі *ig* тұлғасының түсіп қалуы нәтижесінде қазіргі түрік тіліндегі *el* (жат, бейтаныс, басқа адам) сөзімен омонимдік топ құрайды. Мысалы:

Ellerin dert görmesin «құдай тілеуінді берсін, мақсатыңа жет, ойыңдағы орындалсын» мағынасындағы тілек.

Ele güne karşı «көпшіліктің көзінше, ел-жұрттың алдында» мағынасындағы сөз тіркесі.

Negü kaldım erki elig men saña?

Nelük türdüj emdi bu öçke maña?

(Қазақшасы: Ей, елу, менде қалған өшің бар ма?

Етек-жеңді жұлмалап, есімді алма?) [14: 214]

(Түрікшесі: Ne yaptım sanki elli ben sana?

Ne bağladım şimdi bu öcü bana?) [11: 22]

M дыбысынан басталатын *mutlu* «дұрысында *umutlu*-бақытты, үмітті», *mışıl mışıl* «тыныш, терең ұйқы», *mırıldanmak* «міңгірлеу, мұрнының астынан сөйлеу», *melemek* «маңырау», *mızımız* «күңкіл, болбырлық» деген сөздерден басқалары түрік тіліне кірме сөздер.

Әрине *m ~ b* дауыссыздарының ауысуы (*ses deyişmesi veya ses dalgalanması*) бойынша *men, maña* сөздері, мысалдардан байқалғандай, қазіргі түрік тілінде *ben, bana* болып жұмсалып келе жатыр.

Философиялық тұрғыдан алып қарағанда, ақынның ойы бойынша, отыз – жастықтың соңы, өмірдің ортасы болса, елу – қарттықтың басы, ал алпыс өмірдің ақыры ретінде баяндалатындай... Оны төмендегі үзіндіден байқауға болады:

«Ақын Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» дастанын хижра есебі бойынша 462 жылы, яғни жаңаша жыл санау есебі бойынша 1070 жылы жазып бітірген. Бұл жөнінде автордың өз дастанында (6495 және 6623-бәйіттерде) екі рет ескертеді. Бұл көлемді дастанды он сегіз айда жазып бітіргенін автор шығарманың мәтіндерінде өзі айтады. Жүсіп Хас Хажыб бұл еңбегін жасы егде тартып қалғанда жазғаны белгілі. Ақын өзі туралы айта келіп: «Елуге де кеп қалдық... Бір кезде қара қарға едік, аққуға аппақ айналдық» (364-365-бәйіттерде) дейді» [14: 191].

Қазіргі түрік ақындарының арасында да адам өмірінің орта деңгейін Жүсіпше шамалап жырлағандар да табылып қалады. Мысалы, Джахит Сыткы Таранджы «*Yaş Otuz Beş*» (Отыз бес

жас) атты өлеңінен алынған үзіндіде өмірді, әсіресе, жастық шақты былайша бағалайды:

Yaş otuz beş! yolun yarısı eder.
Dante gibi ortasındayız ömrün.
Delikanlı çağımızdaki cevher,
Yalvarmak, yakarmak nafîle bugün,
Gözünün yaşına bakmadan gider.

(Қазақшасы: Отыз бес жас! Неге өмірден түңілдің...
Жас Дантедей ортасы ма өмірдің ?!
Жауһары ма асау толқын көңілдің ?!
Осы жаста жалыну да бекер,
Көз жасыңа қарамай-ақ өтер)...

Талантты ақын, көрнекті қоғам қайраткері табиғат көріністерін «Көктем» (*Bahar*) өлеңінде былайша суреттейді:

*Yağız yir yıpar toldı kafur kitip,
Bezenmek tiler dünya körkin itip.*
(Қазақшасы: Қара жер ағы кетіп, жұпар шашты,
Безенбек болып дүние көркін ашты) [14: 197].
(Түрікшесі: Yağız yer miskle doldu, kafur gitti,
Dünya görke bürünerek bezenmek istiyor) [15: 113-114].

Көне түркі тіліндегі *yir*, *bir* сөздері қазіргі қазақ тілінде *жер*, *бер*, қазіргі түрік тілінде *yer*, *ver* болып, бұрынғы қысаң дауыстылардың ашық дауыстыға ауысқанын байқаймыз. Осындай заңдылыққа орай, көне түркі тілінде «i» (и) – мен жазылып келген сөздер қазіргі уақытта түрік тілінде «ә» – мен айтылады, «e» – мен жазылады. Мысалы: көне түркі тілінде *бирмек*, қазіргі түрік тіліндегі айтылуы – *вәрмек*, жазылуы – *вертек*; көне түркі тілінде *димек*, қазіргі түрік тіліндегі айтылуы – *дәмек*, жазылуы – *демек*. Бұл Анадолы говорында анық байқалады: *él* «ел, халық», *bél* «бел», *géce* «түн», *érken* «ерте», *yédi* «жеті», *érmiş* «әулие, киелі адам», *gécmeк* «өту», *yémek* «тамақ», *étmek* «жасау, істеу», *yér* «жер, орын».

*İrinçig kışığ sürdi yazkı esin,
Yaruk yaz yana kurdi devlet yasın.
(Қазақшасы: Қаһарлы қысты куды көктем лебі,
Жарқын жаз дәулет құрды, өктемдеді).
(Түрікшесі: Sefil kışı sürdü götürdü bahar esintisi,
Aydın bahar yine kurdu saadet yayını).
Kurmuş yığaçlar tonandı yaşıl,
Bezendi yipün, al, sarıg, kök, kızıl.
(Қазақшасы: Қу ағаштар жасыл тонын жамылды,
Безеніп: көк, жасыл, сары тағынды) [14: 197].
(Түрікшесі: Kurmuş ağaçlar donandı yeşille,
Bezendi mor, al, sarı, yeşil, kızıl renklerle) [15: 113-114].*

Көне түркі тілінде *uluğ; қаруғ > қаріғ; саріғ, өліг; кішік > кіçük; таріғ* қазіргі түрік және қазақ тілдерінде қатарымен *ulu* «ұлы», *karı* «есік», *sarı* «сары», *ölü* «өлік, мүрде», *küçük* «кіші, кішкентай», *tarı* > *darı* формаларында қолданылып, дауыссыз *к* (*к, з, э*) дыбыстарының ықшамдалғаны байқалады. Осылардың арасынан қазіргі түрік тілінде *küçük* «кіші, кіші + кене + тай > *kiş(i)ken(e)тай* > *кішкентай*» сөзі бүгін қалыпты қолданыста жүрсе, ал қазіргі қазақ тілінде *ұлық, кішік* сөздері мақал-мәтелде сақталып қалған: *Ұлық болсаң, кішік бол.*

*Kaz, ördek, kugu, kıl kalığı tuda,
Kakılayu kaynar yokarı kodı.
(Қазақшасы: Қаз, үйрек, шіл, аққулар қалықтады,
Қиқулап, биік-төмен шарықтады).
(Түрікшесі: Kaz, ördek, kugu, yaban ördeği göğü kapladı,
Ötüş bağırtısıyla yukarı aşağı kaynaşıyorlar).
Kayusu kopar, kör, kayusu konar,
Kayusu çapar, kör, kayusu suv içer.
(Қазақшасы: Қайсысы ұшып, қайсыбірі қонады,
Бірі ойнаса, бірі суға қанады) [14: 197].
(Түрікшесі: Bak, kimi kalkıyor, kimi konuyor,
Bak, kimi yüzüyor, kimi su içiyor) [15: 113-114].*

Жүсіп Хас Хажыб Баласағұнның «Құтадғу біліг» атты еңбегінде қолданылған кейбір мақал-мәтелдердің қазіргі қазақ және

түрік тілдеріне аударылуы, тілі мен көркемдік ерекшелігіне тоқталатын болсақ, аталған шығарманың, оның авторының атының әлемге жайылғанын бір-ақ мақалдан аңғаруға болады. Мысалы:

*Уқуш көркі тіл ол, бу тіл көркі сөз,
Кіші көркі йүз ол, бу йүз көркі көз.
(Қазақшасы: Ақыл көркі – тіл, тілдің көркі – сөз,
Кісі көркі – жүз, жүздің көркі – көз.
«Өнер алды – қызыл тіл»
Көз – нұрдың ұясы, Көңіл – сырдың ұясы).
(Түрікшесі: Akıl süsü dildir, dilin süsü söz,
İnsanın süsü yüzdür, yüzün süsü de göz)*

«Ескерткіш көшірмелерінің бір шеті Мысырдан, енді бір шеті Венадан шығуы, сонымен қатар көне Сарайшық қаласынан табылған XIII ғасырдың ескерткіші деп есептелінетін қыш құмырада «Ақыл көркі – тіл, тілдің көркі – сөз. Кісі көркі – жүз, жүздің көркі – көз» деген «Құтты біліктің» бір бәйітінің жазылуы аталған ескерткіштің түркі әлеміне өте танымал болғанын, Тұран шахнамасы атанғанын, «Махабхарата», «Шахнама», «Златоуст», «Домострой», «Сиасатнаме», «Құпия шежіре» т.б. сияқты әлемге әйгілі түркі халқының орта ғасырдағы ұлы жазба ескерткіш екенін дәлелдейді» [12].

Сонымен қатар «Құтты біліктегі» даналық сөздер әр түрлі мәселені өзіне арқау етеді. Олардың қазақ тілінде мағыналық баламалары берілсе, түрік тіліндегі аудармалары әдебиеттерден, тіл тарихын зерттеушілердің еңбектерінен алынды. Даналық сөздердің кейбіреулері: ілтипат көрсету, құрметтеу, қадірлеу, сыйластық тақырыбына жазылған мақал:

*Өзінде улугка тапуг кылса өз,
Өзінде кішігке сүчіг тутса сөз.*

(Бұл мақалдың қазақша баламасын «Үлкенге құрмет, кішіге ізет», – деген тұлғалық жағынан қысқарған мақалмен беруге болады)

*(Түрікшесі: Kendinden büyük olana saygı göstermeli,
Kendinden küçük olana tatlı idare etmeli sözünü)*

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, сөз құдіреті, сөз қадірі тақырыбын қозғайтын мақал:

*Кіші көңлі бағ ол, йашарғу сувы,
Бу беглер сөзі бірле едеу савы.*

(Қазақша баламалары: Жүздің көркі – сақал,
Сөздің көркі – мақал;
Аталар сөзі – ақылдың көзі;
Көңіл жақсы болғаны – өмір жақсы
болғаны).

(Түрікшесі: *Kişinin gönlü bir bahçedir, onu yaşatan su,
Beylerin sözü ile iyi savlarıdır*)

Адам баласының басына қонған бақыт пен байлықты қадірлей білуі керек екенін ескертетін мақал:

*Келір қут тута білмесе сен барыр,
Бірүр нең ййү білмесе сен алыр.*

(Қазақша баламасы: Бақыт – қолға қонған құс,
Байлық – қолға ұстаған мүз:
Қатты ұстасаң, сынып кетеді,
Бос ұстасаң, еріп кетеді).

(Түрікшесі: *Kut gelir, onu tutmasını bilmezsen gider,
Mal verir, yemesini bilmezsen, alır*)

Қазақ тіліндегі дисфемизм термині түрік тілінде *Kötü Adlandırma* (анайы ат беру) тіркесімен беріледі. Дисфемизм (лат. *dis*, грек. *dus* < қарама-қарсылықты не болымсыздықты тудыратын қосымша > ; *phemi* < сөйлеймін >) – ауыс мағынаның бір түрі. Қалыпты қолданылатын зат, құбылыс атауларының неғұрлым дөрекі, тұрпайы сөздермен ауыстырып айту [13: 95]. Мысалы: *çocuk* → *yaramaz* (бала → жүгірмек), *çok konuşma* → *birak şu laf salatasını* (көп сөйлеме → лепірме). Жүсіп Баласағұн дастанының аудармасында да осындай сөздердің қолданылғанын байқаймыз:

Жүрт алдында аузыңды бақ, лепірме,
Кісі үйінде сөз қадірін кетірме...

Осы айтылғандарды түркі әлемінің ғұламасы, соңына өлмейтін сөз, өшпейтін із қалдырған ақын Жүсіп Хас Хажыб Баласағұнның мына сөзімен қорытындылайық:

Уруғлук кіші өлсе урғы калыр.

(Қазақшасы: Жақсының аты өлмейді,
Ғалымның хаты өлмейді).

(Түрікшесі: Soylu biri ölse dahi soyu kalır)

3.6. Қазіргі түрік тіліндегі қос сөздердің лексика-грамматикалық сипаты (Çağdaş Türkçedeki İkilemelerin Anlamsal ve Dil Bilgisel Özellikleri)

Фразеологизмдерге идиом, фраза, мақал-мәтелдер жатады. Сонымен бірге қалыптасқан тиянақты фразеологиялық топқа жататын сөздердің бір саласы – қос сөздер [1: 107-108].

Түрік тіліндегі қос сөздердің табиғаты, негізінен, төмендегідей болып келеді:

Қайталама қос сөздер (*Aynı sözcüğün tekrarıyla oluşan ikilemeler*):

Hızlı hızlı(тез-тез), *yavaş yavaş* (жай-жай, жаймен), *sabah sabah* (ала таңмен), *renk renk* (түрлі-түсті), *sessiz sessiz* (айқай-шусыз, даусыз-дамайсыз), *bağıra bağıra* (айқай-шумен, улап-шулап) және т.б.

Түрік тіліндегі мағыналас, мәндес қос сөздер (*Eş anlamlı ikilemeler*):

Güçlü kuvvetli (күшті-қуатты), *karı koca* (ерлі-зайыпты), *hısım akraba* (туған-туысқан), *şan şöhret* (атақ-даңқ), *yorgun argın* (шаршап-шалдығып), *ite kaka* (қағып-соғып), *eş dost* (жора-жолдас), *gelenek görenek* (салт-дәстүр), *üst baş* (үсті-басы), *sağ salim* (аман-есен, аман-сау), *az buçuk* (жалғыз-жарым), *mal mülk* (мал-мүлік), *don gömlek* (киім-кешек) және т.б.

Түрік тіліндегі қарсы мәндес қос сөздер (*Karşıtlı anlamlı ikilemeler*):

Bata çıka (батып-шығып, жығылып-сүрініп, құлап-тұрып), *ölüp dirilmek* (өліп-тірілу), *sebepler sonuç* (себеп-салдар), *sabahlık*

akşamlik (ертелі-кеш), *gece gündüz* (күндіз-түні), *eğilip doğrulmak* (иіліп-бүгілу), *düşe kalka* (кұлап-тұрып, жығылып-сүрініп), *gide gele* (келіп-кетіп), *gülüp ağlamak* (жылап-сықтау), *dost düşman* (дост-дүшпан), *genç ihtiyar* (жас-кәрісі) және т.б.

Бір сыңары мағыналы, екінші сыңары мағынасыз қос сөздер (*Biri anlamlı diğeri anlamsız ikilemeler*):

Çoluk çocuk (бала-шаға), *çanak çömlek* (ыдыс-аяқ), *ufak tefek* (ұсақ-түйек, кішігірім), *arada sırada* (анда-санда), *yurtuk pırtuk* (жамаулы-жасқаулы), *yarım yamalak* (жарым-жартылай), *eski püskü* (ескі-күскы), *falan filan* (пәленше-түгенше), *tek tük* (жалғыз-жарым), *ufak tefek* (ұсақ-түйек) және т.б.

Септік, тәуелдік жалғаулары арқылы қосарланған қос сөздер (*İsim hal ve iyelik ekleriyle yapılan ikilemeler*):

Baş başa немесе *baş baş* (бетпе-бет), *bire bir* (бірге-бір), *teke tek* (жекпе-жек), *boşu boşuna* (бостан-босқа), *peşi peşine* (бірінен соң бірі), *göz göze* (көзбе-көз), *sağdan soldan* (оңнан-солдан, жан-жақтан) және т.б.

Түрік тіліндегі екі сыңары да мағынасыз қос сөздер (*İki unsuru da anlamsız ikilemeler*):

Karman çorman (тас-талқан), *ıvır zıvır* (мән-мағынасыз), *abur cubur* (жүрек жалғау) және т.б.

Тұрақты сөз тіркестерінің құрамында қолданылған қос сөздер (*Deyimleşmiş İkilemeler*):

Yere göge sığmamak (жер-көкке сыймай), *kurda kuşa yem olmak* (ит-күсқа жем болу), *ilerisini gerisini düşünmek* (алды-артын ойлау), *sağını solunu bilmemek* (оңы-солын түсінбеу), *karı koca hayatı yaşamak* (ерлі-зайыпты өмір сүру), *parlayıp sönmek* (күйрықты жұлдыздай жарқ етіп жоқ болу)

Модульге қатысты тапсырмалар:

1. Түрік тілінің фразеологиясы туралы жалпы түсінік беріңіз.
2. Түрік тілінің тұрақты сөз тіркестері туралы баяндаңыз.
3. Тұрақты сөз тіркестерінің тұлғалық ерекшеліктерін түсіндіріңіз.
4. Тұрақты сөз тіркесінің мағыналық түрлеріне тоқталыңыз.

5. Түрік жазушысы Р.Н. Гүнтекиннің «Yaprak Dökümü» (Күзгі жапырақтар) атты романында қолданылған тұрақты сөз тіркестеріне талдау жасаңыз.
6. Қазіргі түрік тіліндегі мақал-мәтелдердің мағыналық ерекшелігіне тоқталыңыз.
7. Қазіргі түрік және қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерге салыстырмалы сипаттама беріңіз.
8. Махмұд Қашқаридың «Диуани луғат ат-түрк» еңбегіндегі мақал-мәтелдердің лексика-грамматикалық сипатына тоқталыңыз.
9. Берілген тұрақты сөз тіркестерін мысалдарымен бірге оқып, сөйлемде қолданыңыз:

Yerinde duramamak: Çok mutlu olduğu için devamlı bir şeyler yapıp sakın kalamamak. «Tatilde İstanbul’ a gideceklerini öğrenen çocuklar, sevinçten yerlerinde duramıyorlardı».

Hırs uyanmak: Öfke ve kızgınlığa kapılmak. «Elindeki resmi bir türlü yapamayınca, içinde bir hırs uyandı ve resmi param parça etti».

Öfkesini çıkarmak: Haksız yere birine sataşmak. «Babasına kızan çocuk öfkesini köpeğinden çıkardı».

Nefesi kesilmek:

1. Çok korkmak. «Birden karşımda iri bir köpek görünce, korkudan nefesim kesildi».

2. Hayran kalmak, çok beğenmek. «Müzedeki sanat eserlerini görünce hayranlıktan nefesim kesildi».

Ödü kopmak: Çok korkmak. «Ayağım altındaki yılanı görünce ödüm koptu».

Dayak yemek: Birisi tarafından dövülmek. «Bu adam her gün karısından dayak yer».

Hüngür hüngür ağlamak – Hıçkırma hıçkırma ağlamak: Sesli bir şekilde ağlamak. «Cenaze evden çıkarken herkes hüngür hüngür ağlıyordu».

Alaca karanlık: Yarı karanlık. «Sabah alaca karanlıkta yola çıktık»

Kuşatma ordusu: Bir yeri almak amacıyla o yerin etrafını saran ordu. «İstanbul’ u almaya gelen kuşatma ordusu, birkaç gün dinlendikten sonra saldırıya geçti».

Havanın bozması: Havanın iyiye birден kötüleşmesi. «Akşama doğru hava bozdu ve yağmur başladı».

Harp düzeni: Askerlerin savaşmak için oluşturdukları düzen. «Ordu savaş başlamadan harp düzenine girdi».

Saf düzeni: Çok sayıda insanın omuzları birbirine değecek şekilde ayakta durması. «Beden eğitimi dersinin başında bütün sınıf saf düzeninde sıraya geçiyoruz».

Savaş narası: Askerlerin savaşırken bağırmaları. «Askerler savaş naraları atarak düşman üzerine saldırdılar».

Tuzla buz etmek: Bir şeyi paramparça etmek. «Elindeki bardağı yere çarparak tuzla buz etti».

Gülmekten katılmak: Bir şeye kahkahalarla gülmek. «Sarhoş adamın haline çevredeki insanlar gülmekten katıldılar».

Sır olmak: Bir şey veya bir kimsenin akıl almaz bir biçimde ortadan yok olması veya kaybolması. «Bir anda ortadan kayboluverdi. Sanki sır oldu».

Göz yummak: Kusurları görmezden gelmek, hoş görmek, izin vermek. «Çocukların her hatalarına göz yummak eğitim yönünden sakıncalıdır».

Nur inmek: Işığın bir yere inmesi. «Bu mezara her gece nur iner»

Yemin etmek: Allah adına söz vermek. «Yalan söylemediğine yemin eder misin?».

Dağa çıkmak: Eşkivalık etmek, devlete başkaldırmak.

Endişeli olmak: Düşünceli, kaygılı olmak, üzüntülü olmak. «Bugün çok endişeli görünüyorsun. Bir şey mi oldu».

Israr etmek: İnat etmek, direnmek. «Onunla gitmem için çok ısrar etti».

Muhasara etmek: Kuşatma, sarma, çevirme. «Osmanlı ordusu kale ya şehirleri muhasara etme konusunda gerçekten çok iyiydi».

Teminat etmek: Güvenmesini sağlayıcı davranışta bulunmak. Güvence vermek. «Bu iş için 100 milyonluk teminat verdi»

İtaat etmek: Söz dinlemek. «Askerlerin en önemli görevi itaat etmektir».

Faka (Fak. Ar.: tuzak, kapan) basmamak: Aldanmamak, tuzağa düşmemek. «Hiç faka basmayan kurnaz bir insandı».

Miskin miskin gitmek: Tembel tembel gitmek. «Yolda sallana sallana miskin miskin gidiyordu».

Toy bulmak: Gençliği sebebiyle beceriksiz ve görgüsüz bulmak. «Beni toy bulduğunuz için mi işe almıyorsunuz».

10. Балық шаруашылығына қатысты тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдерді қазақ тіліне аударыңыз:

- *Balıkçının parası puldur, karısı dul.*
- *Attım ağzına takılsın boğazına.*
- *Ayak ıslanmayınca balık tutulmaz.*
- *Balığın iyisi gözünden belli olur, insanın iyisi sözünden.*
- *Balık canlı, et kanlı yenir.*
- *Balık tavada, taklacı havada belli olur.*
- *Balık baştan kokarmış.*

- *Battu balık yan gider.*
- *Cambaz iptе, balık dipte gerek...*
- *En pahalı balığı amatör balıkçılar yer.*
- *İnsanın iyisi sözünden, balığın iyisi gözünden belli olur.*
- *İyilik yap denize at balık bilmezse Halık bilir.*
- *Su balıksız olur, balık susuz olmaz.*

11. Мал шаруашылығына, үй жануарларына және жабайы жануарларға қатысты тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдер мағынасын түсіндіріңіз:

Aç tavuk kendini buğday ambarında sanır (Тауықтың түсіне тары енеді).

Ağaca çıkan keçinin dala bakan oğlağı olur (Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер).

Ağılda oğlak doğsa ovada otu biter (Қой егіз туса, шөптің басы айыр бітеді).

At yiğidin yoldaşdır (Ат – ер қанаты).

Balık baştan kokar (Балық бастан шіриді).

Yatan aslandan, gezen tilki yeğdir (Жатқанға жан жуымайды, жүргенге жөргем ілінеді).

Uyuyan yılanın kuyruğuna basma (Жатқан жыланның құйрығына баспа).

Sürüden ayrılanı kurt kapar (Бөлінгенді бөрі жейді).

Serçeden korkan darı ekmez (Шегірткеден қорыққан егін екпейді).

Keçi nereye çıkarsa oğlağı da oraya çıkar (Бала көргенін істейді).

Koyun can derdinde, kasap et derdinde (Қара ешкіге жан қайғы, қасапшыға мал қайғы).

Karga yavrusuna bakmış, benim ak-pak evlâdım demiş (Қарға баласын аппағым дейді, Кірпі баласын жұмсағым дейді).

İt ite buyurur, "it "kuyruğuna (Ит итті жұмсайды, ит құйрығын жұмсайды).

İt ürür kervan yürür (Ит үреді, керуен көшеді).

12. Раушан гүліне қатысты тұрақты сөз тіркестері және мақал-мәтелдермен танысыңыз:

Gül gibi (өте әдемі);

Gül gibi bakmak (уайым-қайғысыз өмір сүру);

Gül gibi geçinmek (тату-тәтті, ұрыс-керіссіз өмір сүру);

Gül üstüne gül koklatamak (біріншіге қоса екіншісін ұнатып қалмау).

Dikensiz gül olmaz, Hatasız kul olmaz (Жаңылмайтын жақ жоқ, сүрінбейтін тұяқ жоқ).

13. Қазіргі түрік тіліндегі қос сөздердің лексика-грамматикалық сипатына тоқталып, қазақ тіліне аударыңыз:

I -Yapı Ve Kuruluş Bakımından İkilemeler:

1. Yansımadan kurulan ikilemeler

Bebek mışıl mışıl uyuyordu.

Cam şangur şungur kırıldı.

2. Türkçe ve yabancı sözcüklerle kurulan ikilemeler.

Güçlü kuvvetli bir delikanlıydı.

Hal hatır sormak için eve kadar geldi.

3. Sayılarla yapılan ikilemeler

Sekiz on kişi üstümüze saldırdı.

Üç beş kuruş kazanmaya çalışıyor.

4. Tamlamalarla yapılan ikilemeler

Güzeller güzeli bir kız aklımı çeldi.

Kahramanlar kahramanı Atatürk

5. Pekiştirmeli ikilemeler

Temiz mi temiz bir otelde kaldık.

Güzel mi güzel yemekler yapmış.

6. Aynı türden sözcüklerle yapılan ikilemeler

Yıldan yıla yaşılanıyorum (isimlerle)

Kendi kendinize zarar vermelisini (zamirlerle)

Yarım yamalak konuşmasını anlamıyorum (sıfatlarla)

Güle oynaya okula gitti. (ulaçlarla)

Haydi haydi kazanır bu çalışmayla. (ünlemlerle)

Durur durur hatırlar eski günleri (eylemlerle)

7. Yakıştırma sözcüklerle yapılan ikilemeler. (m'li) ikileme

Şaka maka derken gerçek oldu.

Bu zamanda memur ev mev alamaz.

II-Анлам Бақымандан Ікілемелер:

1. Анламı гүклendirмек için yapıлан ікілемелер.

Dün akşam güle güle bir hal olduk.

Onu yalvara yalvara ikna ettik.

2. Анламı қоғалтмак için yapıлан ікілемелер.

Bu yumuk yumuk eller geleceğe uzanıyordu.

Ev ev dolaşır kitaplarını pazarlıyordu.

3. Aynı anlamlı sözcüklerle yapıлан ікілемелер

Gecenin ilerlemiş saatinde ses seda kesilmişti.

Evlerine gidince yüz surat vermedi bize.

4. Yakın anlamlı sözcüklerle kurulan ікілемелер.

Akil fikir bırakmadı ki insanda.

Eş dost bizi hiç yalnız bırakmaz.

Hısım akraba sizi soruyor.

5. Karşıt anlamlı sözcüklerle kurulan ікілемелер.

Er geç benim sözlerime geleceksin.

Uzak yakın tüm akrabalar bizde toplandı.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

Негізгі әдебиеттер:

1. Қазақ тілінің стилистикасы. Балақаев М [және басқ.] – Алматы, 2005. – 256 б.
2. Hacettepe Üniversitesi Türkiyat Araştırmaları Enstitüsü. Türkiyat Araştırmaları. – Ankara, Güz 2004. sayı 1. – 220 s.
3. Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы, 2004. – 559 б.
4. Kaşgarlı Mahmud. Divanü Lûgat-it-Türk. Çeviren Besim Atalay. TDK: 521. –Ankara.
5. Кейкін Ж. Қазақы атаулармен байламдар. – Алматы, 2002. – 256 б.
6. Кенесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977. – 711 б.
7. Silahdaroğlu F. (Düzenleyen). Divanü Lügati't-Türk'ten Derlemeler ve Uygulamalar. Ümit Yayıncılık Matbaacılık. – Ankara, 1997. – 210 s.

8. Тузлу (Гарифуллина) А.М. Лексико-фразеологические средства выражения эмоций в турецком языке. Филология и культура. Philology and culture. – Казань, 2012. – №3 (29).
9. Хасенов Ә. Тіл Білімі. – Алматы, 1996. – 414 б.
10. Yazgan M. Türk Atasözleri, Deyimleri ve Bilmeceleri. – Алматы, 2008. – 296 б.
11. Dilaçar A. Kutadgu Bilig İncelemesi. Türk Dil Kurumu Yayınları. Yüksek Öğretim. – Ankara: Kurulu Matbaası, 1995. – 203 s.
12. Исабекова Ү.К. «Құдатғу білік» – орта ғасырды қазіргі тілімізбен сабақтастырушы тарихи ескерткіш. А. Ясауи университетінің хабаршысы. №2-3, 2010. 102-107 бб.
13. Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2005. – 339 б.
14. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы, 2005. – 336 б.
15. Türkay K. A. Dilaçar. Türk Dil Kurumu Yayınları. – Ankara: Ankara Üniversitesi Basımevi, 1982. – 266 s.

Қосымша әдебиеттер:

1. Аманжолов А.С., Құрманбаева Ш.Қ. Түрікше-қазақша фразеологиялық сөздік. – Алматы, 1999. – 44 б.
2. Kavas Y. Açıklamalı Örneklі Deyimler ve Atasözleri Sözlüğü. «Ötüken». – İstanbul, 2000. – 304 s.
3. Мансурова О.Ю. Турецко-русский словарь пословиц. – М., 2005. – 94 с.
4. Рысбаев Ә. Түрікше-қазақша, қазақша-түрікше қысқаша фразеологиялық сөздік / А. Назарова, Ә. Құсайынова. – Алматы, 2009. – 211 б.

IV модуль: 12-13 лекция

ТҮРІК ТІЛІНІҢ ЭТИМОЛОГИЯСЫ (TÜRK DİLİNİ KÖKEN BİLGİSİ)

Модульде қаралатын тақырыптар:

4.1. Этимология туралы жалпы түсінік (Köken Bilgisi Hakkında Genel Bilgi).

4.2. Фонетикалық принцип (Sesbilimsel Prensip).

4.3. Морфологиялық принцип (Biçimbilimsel Prensip).

4.4. Семантикалық принцип (Anlambilimsel Prensip).

4.5. Тарихи принцип (Tarihi Prensip).

4.6. Этимологияның түрлері (Köken Bilgisi Türleri)

4.1. Этимология туралы жалпы түсінік (Köken Bilgisi Hakkında Genel Malûmat)

Этимология термині гректің *étymon* – ақиқат, сөздің шын мағынасы + *logos* – білім сөздерінің кіріге бірігуінен жасалған. Салыстырмалы-тарихи әдістің негізінде түп төркіні, алғашқы көрінісі мен мағынасы көмескіленген жеке сөздер мен қосымшаларға талдау жүргізетін тарихи лексикологияның бір саласы. Тілдер арасындағы аса күрделі қарым-қатынастарды, түрлі байланыстарды зерттеу арқылы тілдердің даму дәрежесінің біркелкі бірдей болмайтыны анықталады.

Этимология – наука об истинном (или первоначальном) значении слов. ... А этимология, как всякая другая наука, удовлетворяет естественное влечение человеческого ума к познанию истины [16, 415].

Штаны. В тюркских языках «иштон», «ичтон» – «нижние штаны», «кальсоны»: «ич» значит «внутренний, исподний», а

«тон» – «одежда»; отсюда и наше слово. Едва ли не единственный из русских людей, поэт А.К. Толстой в XIX веке пытался создать единственное число от «штаны», утверждая, что один из его персонажей в волнении, торопливо одеваясь, «натягивал за штаном штан». Он был прав в том отношении, что, судя по родительному падежу – «штанов», слово это принадлежит к существительным мужского рода: «штан», а не «штана». Но в язык это смешное единственное не вошло [16, 703].

Köken bilimi, bir dildeki kelimelerin şekil yapıları ile anlamları arasında bağlantı kuran, o kelimelerin yapı ve anlamlarını kökenlerine doğru izleyerek ilk defa hangi köklere dayandıklarını hangi kavramları yansıttıklarını ve zaman içinde hangi evrelerden geçerek ne gibi gelişmeler gösterdiklerini inceleyen ve köken bilgisi ile ilgili diğer konuları araştıran dil biliminin dalı [6, 150].

Сонымен сөз төркінін анықтаудың бірнеше принципі бар:

4.2. Фонетикалық принцип (Sesbilimsel Prensip)

Бұл принцип этимологиялық зерттеуден әрбір тілдің немесе бір топтағы туыс тілдердің дыбыстық жүйесіне тән (сингормализм – үндестік пен ассимиляция, дыбыс алмасу мен дыбыс сәйкестігі, дыбыстың түсіп қалуы мен қосымша дыбыстың пайда болуы, дыбыстардың қосарлануы (геминанация) мен әлсіздеуі (редукция), дыбыстардың ұзаруы мен қысқаруы, орын алмастыру (метатеза) мен апокопа, элизия мен парагогия, флексия мен фузия т.б) сан алуан фонетикалық заңдылықтарды қатаң ескеруді талап етеді. Өйткені сөз табиғатына тән дамудың эволюциялық үдерістері осы заңдылықтарға байланысты [8, 472-473].

Сөз басында дауыссыздың пайда болуына (протеза <фран. *prothéze* «алдынан түру, қосылу» – *Başta ünsüz türemesi*) келетін болсақ, түрік тілінде дауыстыдан басталатын кейбір төл сөздер мен кірме сөздердің алдынан *h*, *v*, *y* дауыссыздарының бірі келеді. Мысалы: *aşlamak* > *haşlamak* «қайнату, пісіру», *ücrâ* > араб. *hücrâ* «говор. алыс, сырт көзден таса, адам аздау жер», *urmak* > *vurmak* «үру, ату, жаралау», *üzmek* > *yüzmek* «малдың терісін сыпыру, сыдыру», *ilki* > *yülki* «жылқы», *ıldız* > *yıldız*

«жұлдыз». Сонымен бірге көне түрік тілінен бері *ökreç* > *ögrec* > *örküç* және *öyük* > *üyük* болып қолданылған зат есім қазіргі түрік тілінде *hörgüç* «өркеш», *höyük* «үйілген топырақ, төбе, қорған» формаларында жұмсалады.

Кейбір сөздерге сөз тудыратын жұрнақтардың жалғануы немесе екі түбір сөздің кіріге бірігуі (*қаунашмасы*) бір дауыстының түсіп қалуына, кей жағдайда сөз тұлғасының өзгеруіне себепші болады: *diri* + *lik* «тірі + лік» > *dir/i/lik* «тір/i/лік» > *dirlik* «тірлік», *umut* + *lu* > /u/ *mutlu* > *mutlu* «бақытты», *ağa* + *bey* > *a/ğa/b/ey/* > *abi* «аға», *şu* (*сол, осы*) + *imdi* «енді» > *ş/u/imdi* > *şimdi* «қазір, тап қазір» және жоғары + ғы «жоғар/ы/ғы» > жоғарғы, т.б.

Тіл тарихында үш буынды болып функциясын атқарған кейбір сөздер қазіргі түрік тілінде бір буынын түсіріп қолданылып жүр. Мысалы: *tabışgan* > *tab/iş/gan* > *tavşan* «қоян», *boyuncuk* «мойыншақ» > *bo/yu/ncuk* «мо/йы/нишақ» > *boncuk* «моншақ», *kavuşak* > *kav/u/şak* > *kavşak* «қиылыс», *değenek* > *değ/e/nek* > *değnek* «таяқ, сырық», *yanılış* > *yan/i/lış* > *yanlış* «қате, жаңылыс», *yigirmi* > *yi/gi/rmi* > *yirmi* «жиырма», *karındaş* > *kar/in/daş* > *kardeş* «бауыр, іні, қандас» және т.б. Қазақ тілінде де -ақ/ -ек жұрнағымен айтылған формада бірен-саран туынды сөз жасалады. Мысалы: бүйірек > бүй/i/рек > бүйрек.

Кіріге біріккен (*қаунашты*) кейбір сөздерде бір дауыстының (бір буынның), кейде екі дауыстының түсіп қалуы байқалады. Бұған түрік тілінде *hece қаунашması* немесе *büzülme* (буынның кіріге бірігуі) дейді. Мысалы: *kayın* + *ana* > *kay/i/nana* > *kaynana* «қайын ене»; *biri* + *birine* > *bir/i/birine* > *birbirine* «бір-біріне»; *kahve* + *altı* > *kahv/e/altı* > *kahvaltı* «таңғы ас»; *ne* + *için* > *n/e/için* > *niçin* «не үшін»; *ne* + *ise* + *ne* > *ne/i/s/e/ne* > *nesne* «1) зат, нәрсе; 2) грамм. толықтауыш»; *cuma* + *ertesi* > *cuma/e/rtesi* > *cumartesi* «сенбі»; *pazar* + *ertesi* > *pazar/e/rtesi* > *pazartesi* «дүйсенбі»; *ne* + *asıl* > *n/e/asıl/* > *nasıl?* «қалай? қандай?»; *ne* + *ise* > *ne/i/se* > *neyse* «не де болса, қалай болғанда да»; *ne* + *ara* > *ne/a/ra/* > *nere?* «қай жер?»; *ne* + *eyle* > *ne/e/yle?* > *neyle?* «немен?»; *ne* + *eylersin* > *ne/e/ylersin?* > *neylersin?* «не істейсің? қайтесің?»; *bu* + *ara* > *bu/a/ra* > *bura* «осы жер»; *şu* +

ara > *şu/a/ra* > *şura* «сол жер»; *o + ara* > *o/a/ra* > *ora* «ана жер»; *ecza* «дәрі-дәрмек жасауда қолданылатын химиялық заттардың жалпы аты» + *hane* «парсы тілінде: үй, орын» > *ecza/ha/ne* > *eczane* «дәріхана»; *posta* + *hane* > *posta/ha/ne* > *postane* «*nouma*»; *sütlü* + *aş* > *sütl/ü/aç* > *sütleç* «сүт, қант және күріш қосылып дайындалатын тәтті тағамның бір түрі»; *bulama* «қою жүзім шырыны» + *aş* > *bulama/a/ç* > *bulamaç* «қамырдан дайындалатын тағам, үн ботқасы»; *kavurma* + *aş* > *kavurma/a/ç* > *kavurmaç* «қуырылған бидай»; *ovma* «илеу» + *aş* > *ovma/a/ç* > *ovmaç* «қамырды уқалап, үгіп қосып дайындалатын сорпа»; *pek* «өте, тым, бек» + *iyi* «жақсы, игі» > *pek/iy/i* > *peki* «мақұл, жақсы, жарайды»; *ay немесе ey* «бірден қуанғанды немесе қорыққанды білдіретін көңіл-күй одағайы» + *oğul* «құл» > *ayo/ğul* > *ayol* «көбінесе әйелдер қолданатын шақыру одағайы» және т.б.

Протеза немесе сөз алдынан басы артық дауыстының қосылуына (*Başta ünlü türemesi, ön seste ünlü türemesi*) төмендегі сөздер мысал бола алады: *Ramazan* (<*Ar*) > *Iramazan* «Рамазан», *Recep* (<*Ar*) > *İrecep* «Ережеп», *Rus* > *Urus* «орыс», *Rum* (<*Ar. ru:m*) > *Urum* «Ұрым, Рим», *ruz* (<*Far. ru:z* «күн») > *oruç* «ораза», *skala* (<*İt*) > *iskele* «кемежай, айлақ», *station* (<*Fr*) > *istasyon* «бекет, станция» және т.б. Осылардың алдыңғы төртеуі сөйлеу тілінде ғана қолданылса, соңғы үшеуі әдеби тілде де осылай орныққан.

Қазақ тіліндегі *стол* (< *орыс*) > *үстел*, *русь* (< *орыс*) > *орыс*, *ромал* (<*Ar*) > *орамал*, *руза* (<*Far*) > *ораза* сөздері де осы жолмен қалыптасқан. Ал ауызекі тілде ғана айтылып, жазуда ескерілмейтін сөздер мыналар: *ырақмет* «рақмет», *ылайық* «лайық» және т.б.

Кейде түрік пен қазақ тілдері арасында да метатезаға мысал бола алатын сөздерді кездестіруге болады. Мысалы, қазақша *жұмақ-соғды* тілінде, одан көне түркі тілінде *үшпақ* (*neïiш, жұмақ*), түрікше (*esk*) *uçmak*, мәндес сынары *cennet* «жәннат», сол сияқты *eşki* (түріктердің қолданысында сол тілдің дыбыстық заңдылығы бойынша: *eşki /eчки*) сөзін түріктер *keçi* дейді. Бұл жерде екеуі екі басқа сөз емес, бір сөздің ішіндегі дыбыс-

тардың орын алмастырып формасын өзгертуі ғана. Сол сияқты *қаһарман* мен *kahraman*, *өкпе* мен *öfke*, *таңба* мен *damga*, *көбелек* пен *kelebek* сөздерінде де ортадағы екі дауыссыз бір-бірімен орын ауыстырып қолданылған. Сондай-ақ қазақ тіліне араб тілінен енген *әйел* «ауел» мен түрік тілінде *aille* «семья» құрамындағы дыбыстары орын алмастырған түбірлес сөздер. Өйткені ноғай тілінде де *авел* «семья» мағынасында қолданылады [7, 23]. Түрік тіліне басқа тілдерден ауысып кіріге біріккен кейбір сөздердің құрамында қатар тұрған дыбыстардың орын алмастыруы арқылы қалыптасқаны байқалады. Мысалы, *çeyrek* (*ширек*) сөзі парсы тілінің *чехор йек* (*төрт және бір*) деген сан есімдері. Метатезаға ұшырамай қолданылған жағдайда бұл сөз *черйек* болуы керек еді.

4.3. Морфологиялық принцип (Biçimbilimsel Prensip)

Этимологиялық зерттеудің бұл принципі сөздердің тұлғалық өзгерістеріне байланысты заңдылықтарына негізделеді. Сөздердің морфологиялық тұлғасын айқындау, әдетте, сол тілдің өзіне тән сөзжасау, сөз өзгерту модаль-үлгілеріне сәйкес перспективті хәм ретроспекті бағытта синхронды әм диахронды планда қарастырылады. Лексемаларға жасалатын морфонологиялық талдаудың басты мақсатын, мәселен, түркі тілдерінің жалғамалық (агглютинативтік) құрылысына сәйкес, олардың құрамындағы ілкі түбір, жай түбір, туынды түбір және грамматикалық тұлғалардың ара-жігін ажырату болып саналады. Талдаудың бұл түрінде көбіне-көп сөзді морфемаларға бөлшектеу әдісі қолданылады. Ол негізінен сөз түбірінің «өлі», «тірі» екендігін және синтетикалық не белгілі сөз табына қатыстығын жаңа сөз туындату «қабілетін» анықтауға мүмкіндік береді. Қысқасы, морфологиялық принцип-критерий сөзжасам үдерісіне негіз болушы көптеген модель-үлгілер мен сан алуан грамматикалық тұлғалардың ішінен этимологиясы анықталуға тиісті лексиканың табиғатын тап басып тану үшін, өзіне ұқсас басқа сөздерден айыру үшін қажет [8, 473].

Жалпы өлі түбір этимологиясы туралы сөз қозғағанда, Файнетдин Мұсабаев былай дейді: «Қазіргі қазақ тілінде өлі түбір деп аталатын көптеген сөздер бар, яғни түбірдің бұрынғы мағынасы ұмытылып, қандай сөзден қалай жасалғаны мәлімсіз. Мысалға *арбау* деген сөзді алайық: мұның *у* деген қосымшасы етістіктің түйық райының жұрнағы екенін, *-ба* етістік жасайтын жұрнақ екенін білеміз. Ал *ар* деген түбірдің қазіргі күнде мағынасы белгісіз. Мұны *ар-ұят* дегенмен шатыстырмау керек, олар өзіне басқа.

Ар деген түбір көне түркі тілінде (VI-VIII) *арбау* деген мағынада қолданылған. Мысалы: *сучік сабын йымишақ ағып арып – судай сөзге жұмсақ арбап сыйлықпен* деген еді. Осындағы *арып* дегеннің түбірі – *ар*, *-ып* – жұрнақ. Бұл сөз Махмұд Қашғари еңбегінде де жұрнақсыз *ар* болып жазылған, мағынасы – арбау, алдау. Осы *ар* деген сөзбен қатар *ал* деген сөз де алдау деген мағынада қолданылған (мысалы, *ал тілім емес, шын тілім* дегенді салыстыр).

Ал дегеннің *айла*, *алдау* мағынасында қолданылғанын Махмұд Қашғаридың сөздігінде жазылған мына мақал дәлелдейді: *Аушы неше ал білсе, айығ (аю) сонша жол біледі*. Бұл, әрине аю аулайтын кезде туған мақал. Осы сөз бертін келе *әл-әдіс* мағынасына ауысып, онан әрі күш мағынасына қарай беттеп барады. Мысалы, «*Әлім жоқ дұшпанменен алысатын, ат қайда сұр қызылмен шабысатын*» деген халық әніндегі *әл* деген сөз *күш*, *қуат* мағынасында қолданылып тұр. *Ал* деген түбір жіңішкеріп, *әл* болып өзгерген сияқты... » [11, 98].

Жоғарыдағы мақал қазіргі түрік тілінде де қолданылады: *Avcı ne kadar al bilse, ayı o kadar yol bilir; Avcı ne kadar hile bilse, ayı o kadar yol bilir* [11, 9].

4.4. Семантикалық принцип (Anlambilimsel Prensiп)

Сөздердің мағынасын анықтауда семантикалық принцип этимологияның негізгі критерийлерінің бірі болып саналады. Өйткені мағынасыз сөз болмайтыны белгілі және ол мағына сол

сөздің дыбыстық һәм морфологиялық (яғни фонеморфологиялық) тұлғасына тікелей қатысты. Сөздердің осы бір күрделі табиғатын тануда әрқашанда оның мағынасын зерттеуге дұрыс бағыт-бағдар көрсетіп тұратын бейне бір нысана сияқты. Сонымен қатар этимологиялық зерттеулерден сөздің, сөз тіркесінің семантикалық табиғатына тән өзіндік заңдылықтарды да тап басып, саралай білу талап етіледі. Этимолог үшін сөздің о бастағы тура (номинативтік) мағынасы мен ауыс (туынды, келтірінді, жасанды) мағыналарының ара-жігін айыра білу – ғылыми этимологияның бір шарты. Сөз мағыналарының көнеруі, күңгірттенуі, ұмыт болуы, тоғысуы, іштей жіктеліп, көп мағынаға, тіпті дами келе, бір текті (гомогенді) омонимдерге айналуы т.б. сөз табиғатына тән семантикалық заңдылықтар – этимологиялық принцип [8, 473].

Аптадағы жеті күн атауының біреуінің және басқа да көптеген біріккен, кіріге біріккен күрделі сөздердің негізгі сыңары ретінде қолданылып жүрген, көне парсы тілінен түрік тіліне де, қазақ тіліне де енген «*çehor, çar*», яғни төрт сан есімі *сәрсенбі* «*çarşamba*» сөзінің құрамында келіп, «*аптаның төртінші күні*» деген мағынаны білдіреді. Өйткені түрікше «*çar*», қазақша «*сәр*» көне парсы тілінде «*төрт*» сан есімі болса, түрікше «*şamba*», қазақша «*сенбі*» Орта Шығыс халықтарының көне тілдерінде «жарық шығаратын аспан денесі», яғни «күн» дегенді білдіреді. Себебі, Мыңбай Өтежанұлы Исқақовтың «Халық календары» атты еңбегінде: Шумерше күн – «Шамму», көне еврей тілінде аспан – «Хамму», вавилонша Күн – «Шамаш», көне сирия тілінде Күн – «Шәмші», арабша Күн – «әш-Шәмсі», – дейді [5, 22].

Қазақ халқының түсінігі бойынша, сейсенбі – сергелдеңге ұшырататын күн болса, жұма – ауырлық әкелетін күн. Әділ Құрманжанұлы Ахметовтың «Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер» атты салыстырмалы этнолингвистикалық еңбегі бойынша: «Хакастар аптаның үшінші күнін «сарсых күн», яғни «так күн» деумен қатар «ырыс чох күн», яғни «ырысы жоқ күн» деп атаған. Бұл күні жолға аттану, шөп шабу немесе жер жырту жаман ырымға саналып, олай етуге тыйым салынатын болған» [2, 65].

Сонымен бірге қазақ халқында «сәрсенбі – сәтті күн» деген сенім-наным қалыптасқан. Түрік тілінде «*çarşamba*» сөзімен байланысты қолданылатын тұрақты тіркестер, керісінше, қолайсыз, ыңғайсыз, тәртіпсіз, жүйесіз іс-әрекеттерді білдіреді. Оны төмендегі тұрақты тіркестерден байқауға болады: «*Çarşamba pazarı*» тәртіпсіз іс-әрекет бейнеленгенде, «*çarşamba pazarına çevirmek*» араластыру, сындыру, шашу, төгу мағыналарында қолданылады. «*Çarşamba karısı gibi*» үсті-басы алқам-салқам, шашы ұйпа-тұйпа әйел адамның сипаты ретінде айтылады.

Негізінен парсы тілінің сан есімдері «бір»: *eka* > *yek* > *жек*; «екі»: *du* > *di* > *дү* > *дүй*; «үш»: *se* > *ce* > *сей*; «төрт»: *cihar* > *çehor* > *шар* > *сәр*; «бес»: *penç* > *per* > *бей* тұлғаларына ауысып, жалпы түркі тілдерінің көпшілігіне, соның ішінде түрік және қазақ тіліне де енген.

Жалпы қазақ тілінде аптадағы жеті күннің бесеуінің атауы «*шембе*» сөзінің алдына аталған көне парсыша сан есімдерінің келуі арқылы «*йекшембе*» > *жексенбі*, «*дөшембе*» > *дүйсенбі*, «*сешембе*» > *сейсенбі*, «*чехаршембе*» > *сәрсенбі*, «*пенджшембе*» > *бейсенбі* болып жасалса, түрік тілінде бұлардың, жоғарыда әңгіме еткеніміздей, «*çar + şamba* > *çarşamba*» *сәрсенбі* және «*penç* > *per* + *şembe* > *perşembe*» *бейсенбі* деген екі түрі ғана қолданылады. Түрік тіліндегі аптаның қалған күндерінің атаулары, *Cuma* (*Ar.* жинау, жиналу), *cuma + ertesi* > *cumartesi* (*Ar.* + *T.* жұма ертесі), яғни *сенбі*, *pazar* (*Far. ba* «тағам, тамақ» + *zar* «орын») *жексенбі*, *pazar + ertesi* > *pazartesi* (*Ar.* + *T.* базар ертесі), яғни *жексенбінің ертесі күні*, *дүйсенбі*, *йек ве йек* > *жеке*, *жекпе-жек* және *salı* ибрани тілінде «үшінші күн», яғни *сейсенбі*. *Сейсенбінің алғашқы буыны «сей, си > три»* де, атап өткеніміздей, «үшінші» деген мағынаны білдіреді.

Бұдан басқа «чехар» сөзі түрік тіліндегі «*çerçeve*» (парсы тілінде «*чар-чубе*») – «төрт шыбық», яғни рама мағынасында жұмсалып, ауыспалы мағынада ойлау алаңының шегі деген ұғымды білдіреді. Бұл сөз тек түрік тілінде ғана қолданылады. Ал қазақ тілінің де, түрік тілінің де сөздік қорында «ширек және *çeyrek*» сөздерінің бар екені бәрімізге мәлім. Бұл парсы тілінен ауысқан «*чехар немесе чар*» (төрт) және «*иек*» (бір)

есептік сан есімдерінің бірігуінен жасалып, «төрттің бірі» деген мағынаны білдіреді. Бұл екі сөздің қазақ тіліндегі вариантында біріккен сөздің екіншісінің бірінші дыбысы «и» түсірілсе, түрік тіліндегі вариантында айтуды жеңілдету үшін сөз ішіндегі қатар келген екі дыбыстың өзара орын ауыстыруы, яғни «*çeryek*» емес, «*çeyrek*» болып, метатеза құбылысы байқалады.

Екі тілде де бір-бірімен тұлғалас, бір-біріне ұқсас «*çarşı*» және «шаршы» сөздері қолданылады. Олар парсының «*чар-су*» (*чар* – төрт және *су* – тарап) деген екі сөзі болса, қазіргі түрік тілінде төрт тараптан жиналғандардың сауда-саттық жасайтын орны, ал қазіргі қазақ тілінде қабырғалары тең тік төрт бұрышты геометриялық дене, квадрат деген ұғымды білдіреді. «*Çarşı*», яғни сауда-саттық орнымен байланысты түрік тілінде мынандай тұрақты тіркестер қалыптасқан: «*Çarşı pazar dolaşmak*» – сауда-саттық орындарын аралау. Мысалы:

Yemekten sonra erkekler işlerinin başlarına döndüler, ev sahibesi misafir kadını çarşı pazar dolaştırıyordu. (қаз.: Тамақтан кейін ер адамдар жұмыс басына оралды, үй иесі (әйел) қонақ әйелге сауда-саттық орындарын аралатпақшы еді) (R.H. Karay) «*Çarşı iti ev beklemez*» – басы бос, аяғы барғанша жүріп қалғандар тәртіпке көнбейді деген мағынада қолданылады.

Түрік тіліндегі «*çardak*», қазақ тіліндегі «шардақ және шарбақ» яғни төрт бұрышты қоршаулардың атауларының да парсы, араб тілінен енгендігі жайында түрік тілінің II томдық түсіндірме сөздігінде [15, 278] және Айтым Әбдірахмановтың «Қазақстанның жер-су аттары» атты еңбегінде [3, 123] айтылады. Бұл жерде «шар» (чехар) төрт сан есімі, ал «бақ» парсы тілінен енген әр түрлі ағаш өсірілетін жердің атауы.

Осы айтылғандардан басқа «*чехар*», яғни төрт сан есімінің көмегімен жасалған қазақ тілінің сөздік қорында шартарап (төрт тарап, төрт жақ, әлем, төрткүл дүние, т.б), шарайна (төрт бұрышты үлкен айна, трюмо), шаршылы (төрт бұрышты), шаршылық (төрт қабырғалық), шаршы бойлы (дембелше келген, төрт-бақ), шаршы топ (төрт тараптан жиналған топ, алқалы жиын) деген біріккен сөздер мен сөз тіркестері қолданылады.

Парсының «*чіллә*» (қырық) деген сөзінен жасалған түрік және қазақ тіліндегі сөздер мен сөз тіркестері баршылық. Түрік тілінің II томдық түсіндірме сөздігінде: «*çile* (шілде) парсы тіліндегі *чилле*, *чихил* «40» сөзінен алынған. Дәруіштердің 40 күн мерзімінде өздеріне қойған қиыншылыққа шыдау және шақтап тамақтану уақыты» делінген [15, 310].

Ал Тоғанбек Тілеубекұлы: «Қырық санының көп қолдануы өте ертедегі шумер абыздары арқылы бізге де жетіп отыр. Сандар туралы мифтик ұғымдардың адам санасына орнығып қалғаны сонша, ол тіпті XX ғасырда өмір сүріп жатқан ұрпақтарға да өз әсерін тигізіп, өткеннен елес береді. Магия өнеріне ден қойып, берілген адамдар абыздарға көп ақы төлеп бүкіл ғұмырын осы магия құпиясын игеруге арнаған. Магия өнерін үйрену үшін төзім керек болған, оған көп адамдар шыдай алмай, есі ауысып, ауруға душар болған. Бұл оқудың әр бөлімін 40 күндей 40 метр жер астында дұғаларды жаттауға арнаса, тамақ ішпей сумен қоректенген», – дейді [14, 45].

Яғни, осы айтылғандардан шығатын қорытынды о баста «шілде» сөзінің діни ұғымдармен, әр түрлі наным-сенімдермен байланысты туындағаны байқалады. Қалай айтқанда да «шілде» сөзінің мағынасы 40 күн мерзіміндегі қиындыққа төзу, шыдау болып табылады. Өйткені, 26 маусым мен 5 тамыз аралығын қамтитын жаздың ең ыстық қырық күн жазғы шілде болса, 27 желтоқсан мен 3 ақпан аралығын қамтитын қыстың қырық күні қысқы шілде деп аталатыны белгілі.

Екінші мағынасы жаздың ең ыстық айының атының осылай аталатындығы болып отыр.

Қазақ тіліндегі шілде сөзінің көмегімен туындаған, біріккен, күрделі сөздер мен тұрақты тіркестерге төмендегі мысалдарды келтіруге болады:

Шілдеде мұз қатырған – ызбарымен жұртты шошындырған, ықтырған; қатал, озбыр; шілде түсті – қырық күндік ыстық түсті; шілдеқоңыз – шілде айында шығатын қанатты қоңыз; шілделік – аптап ыстықта шырылдап ұшып жүретін қос қанатты жәндік [8, 754].

Үлкен шілде, кіші шілде тіркестеріндегі *шіл* (*чил*), «Ғайып ерен қырық шілтен» дегендегі *шілтен* (*чил-қырық + тен-тән*, қырық дене), *шілтер* (*чил-қырық + тер-тор*), *шаруа* (*чехор-төрт + на-аяқ*) т.б. көптеп қолданылады.

Түрік тілінде «*çile*» сөзі дәл қырық күн мерзімдік азапты білдірмегенімен, бейнет, мехнат, қиыншылық басына түскен адамдарға айтылады: «*çile çekmek*» – азап көру, қиналу, қиыншылық көру. Мысалы: «*Aşkın olmaz mı çile çekmezi, Çilenin olmaz mı boyun bükmezi*» (қаз.: Ғашықтың болады қиындық көруі, Қиындықтың болады мойнын июі). (*Seyrani*)«*Çile çıkarmak (ve ya doldurmak)*» – азапты, бейнетті бір істің немесе жағдайдың бітуін, аяқталуын күту. Мысалы: *Yirmi beş senedir Beykozdeki o tekke gibi evde çile dolduruyorum.* (қаз.: Жиырма бес жыл бойы сол дәруіштің үйі сияқты жерде азапқа төзіп келемін) (*R.N. Güntekin*).

«(*Birini*) *Çileden çıkarmak*» – өте ашуландыру. Мысалы: *Bu gürlütlü annemi çileden çıkarmış olacak ki gecelikte yukarı çıkmaya kalktı.* (қаз.: Бұл айқай-шу шешемді ашуландырса керек, іш киіммен жоғары шығуды ойлады) (*H.E. Adivar*).

Бұл айтылғандардан басқа түрік тілінде «*çileye girmek*» (дәруіштердің 40 күн мерзімінде өздеріне қойған қиыншылыққа шыдау және шақтап тамақтану уақыты), «*çilecilik*» (діни мақсатпен әдет-ғұрыптарына сене отырып, табиғи бейімділік пен дене қалауларын жеңу үшін әр түрлі қиындықтарды әдейі бастан өткізу), «*çilekeş*» (ренжітетін, қиындық туғызатын жағдайға тап болған адам және т.б) сияқты сөз тіркесі мен туынды түбірлер қолданылады.

Сол сияқты парсының *аб* (*су*) сөзінің қатысымен екі тілде де көптеген сөздер жасалған. Мысалы, *ab-ı hayat* (*ab* – парсы тілінде *су + hayat* – араб тілінде өмір, яғни қазақша абылхаят, өмір суы, кәусар), *ab-ı rü* (*ab-су + rü-рой*, арай, жүз, яғни қазақша абырой, жүздің суы, ар-ұят), сол сияқты қазақ тілінде мұрап (өмір + ап / аб, су әміршісі), шалап (шала + су, сусын).

Түрік тіліндегі «*alaca*» ала, бірнеше түстің аралас жұмсалуды нәтижесінде пайда болған түс және тоқыма, яғни аралас түсті мата, кілем мағынасында жұмсалатын сөз. Мысалы, «*Hayvanın*

alacası dışında, insanın alacası içinde» (Мал аласы сыртында, адам аласы ішінде), *«alaca-bulaca»* (түрлі-түсті), *«alaca karga»* = *сақсаган* (сауысқан), т.б.

Осы сөз қазақ тілінде де сол мағынада жұмсалады. С. Мұқанов «Қазақ қауымы» атты тарихтық және этнографиялық шолуында былай дейді: «Алаш» деген сөзге бұрынғы бір аңызда былайша түсінік беріледі: Аламан деген ханның бір ұлы анасынан алапес болып туыпты. Соны ұнатпаған хан, атын «Алаша» қояды да, қасына жүз жігіт қосып, шешесі мен Алашаны Ұлытаудан асырып тастайды. Сонда ержеткен Алаша өз бетімен хандық құрып, ел болып кетеді. Алаша өлгенде Ұлытаудан ағатын «Қара кеңгір» өзенінің бойына көміліп, қабірінің үстіне мазар салынады. Сол «Алаша-хан» атты әдемі жасалған мазар, Ұлытаудағы Кеңгір бойында әлі күнге дейін қаз-қалпында сақталуы» [10, 25].

Сонымен бірге «алапес» ауруын түрік тілінде халық арасында *«alaca»* деп атайды.

Алаш, алаша, алты алаш сөз тұлғаларының мағыналары бір-бірінен алшақтамайтын тәрізді.

«Алапес» сөзі – біріккен сөз. Сөз құрамындағы «пес» парсы сөзі. Парсы тілінде *«nucm»*, түрік тілінде *«post»* тұлғасында қолданылып, *«aң tepici»* деген мағынаны білдіреді. Түрік тілінде *«post elden gitmek»* – өлтірілу немесе жоғары қызметтен айырылу, *«post kavgası»* – жоғары дәрежедегі қызметке таласу, *«post deldirmek»* – оққа ұшу, *«post kurtarmak»* – өлу қаупінен құтылу деген тұрақты сөз тіркестері жиі қолданылады. *«Pucm»* сөзінің *«nec»* болып қолданылуы, біріншіден, басқа тілден енген сөздің дыбыс үндестігіне бағынбауы болса, екіншіден, парсы тілінен тілімізге енген *dost, rast, джуфт* деген сөздер де дос, рас, жұп болып жұмсалуда. Аталған сөздер (*dost, rast, çift*) түрік тілінде айтылуда қазақ тіліне ұқсағанымен, жазылуда түпнұсқадағы қалпын сақтайды.

Төменде парсы тілінен түрік және қазақ тіліне еніп, төл сөздеріміздей қолданылып келе жатқан сөздердің мақал-мәтел мен тұрақты сөз тіркестерінің құрамында қолданыстары берілді:

Çirkefe (*çirk* – кір + *ab* – су: кір су, шалшық) *taş atma, üstüne sıçrar*. (Кір суға тас лақтырма, үстіңе шашырайды).

Eşek hoşaptan (*hoş* – хош, жақсы, тәтті + *ab* – су: тәтті су, компот) *ne anlar* (Есек компоттан не ұғады. = *ayıs*. Ақымақ жақсылықты түсінбейді).

Hoşafın yağı kesilmek: söyleyecek söz, verecek karşılık veya yaracak bir şey bulamayacak bir duruma düşmek. (Ешқандай амал-айла жасай алмай).

Hoşafına gitmek: alay hoşuna gitmek. (Жанына майдай жағу).

Paçası (*pa* – аяқ + *ça* – кішірейту мәнін үстейтін жұрнақ: кішкене аяқ, балақ, шалбардың балағы) *düşük: giyimine dikkat etmeyen, pasaklı*. (Үсті-басына қарамайтын, ұқыпсыз, салақ).

Paçasını çekecek (veya toplayacak) hali olmamak: güçsüz, beceriksiz olmak. (Балағын түруге шамасы келмеу, әлсіз, олақ).

Paçayı kaptırmak: 1) yakalanmak, ele geçmek (үсталу, қолға түсу); 2) *kariştiği, ama sonradan ayrılmak istediği bir işten kendini kurtaramamak* (өзі араласқан ісінен құтыла алмай); 3) *dilediği gibi davranamamak* (қалауынша әрекет ете алмай).

Paçayı kurtarmak: kendini bir deritten, tehlikeden veya zor durumdan kurtarmak. (Өзін қауіп-қатерден, қиын жағдайдан құтқару)

Sehpaya (*si* – үш + *pa* – аяқ: үш аяқ) *çekmek: asarak öldürmek, dar ağacına çekmek, asmak*. (Асып өлтіру, дар ағашына асу)

Seyrek (*si* – үш + *yek* – бір: үште бір) *git dostuna, kalksın ayak üstüne*. (Аяғынан тік тұрып қарсы алсын десең, досыңа сирек бар)

Şeşi (*şeş* – алты) *beş* (бес) *görmek: «yanlış görmek, şaşkına dönmek» anlamında alay yolu söylenir*. (Алтыны бес деп оқу – кателесу).

Ser (*bac*) *verip sır vermemek: sır vermeyen, dürüst ve güvenilir olma*. (Басын кессе де сырын айтпау).

4.5. Тарихи принцип (Tarihi Prensip)

Этимологиялық зерттеулерге қажет тіл заңдылықтарына қатысты жоғарғыдағы үш принципке қосымша төртінші тарихи принцип, яғни тарихи фактор тағы бар. Этимологияның тарихи лексикологиямен, этнолингвистика және этнография т.б. тоғы-

сар бір туысы осы. Өйткені тіл абстракция емес, ол – белгілі этностың туындысы, ал этнос болса, белгілі бір геосаяси аумақта, тарихи кеңістікте жасап келген феномен. Оның болмысын анықтайтын өзіндік дүниетанымы, салт-дәстүрі, өмір тіршілігі, кәсібі т.б. рухани-материалдық мәдениеті болмақшы. Міне, бұл фактордың бәрін этимологиялық зерттеулерде аттап өтуге болмайды. Бұл аталған этимологиялық принцип-критерийлер өзара тығыз байланыста, қатыстырыла қолданылады. Бұл заңдылықтардың бәрі түгел ескеріліп, бір-бірін толтырып тұрғанда ғана шын мәніндегі ғылыми объективті этимология дүниеге келмекші [8, 473].

Лексикологияның бір саласы – сөздердің шығу төркіні мен арғы тегін зерттейтін, олардың ең алғашқы мағынасы мен тұрпатын анықтайтын, тілдің тарихын танып білуге көмектесетін этимология саласы екенін жоғарыда баяндаған едік.

Шығу тегі бір халықтардың тілдерінің тарихын салыстыра, індете зерттеумен шұғылданатын тіл білімінің бір саласына салыстырмалы-тарихи тіл білімі дейміз. Оның туысқан тілдердің тарихын, өзгеруін және дамуын зерттейтіні белгілі. Салыстырмалы-тарихи тәсілдің көмегімен туыстас тілдердің жүріп өткен жолын, бүгінін зерттеуге, ұқсас сөздердің этимологиясын, өзгеру, даму ерекшеліктерін, олардың сөзжасамдағы орнын ажыратып айқындауға болады.

Түркі тілдерінің арасынан тек қазіргі түрік тілі мен қазіргі қазақ тілінің көптеген сөздерінің түп төркінін салыстырмалы-тарихи әдістің көмегімен анықтауға мүмкіндік бар. Түрік тіліне парсы тілінен енген *bū* (иіс) + *-sitān* (жер) > *bostan* (1. жеміс-жидек бақшасы; 2. Қауын-қарбыздың ортақ аты) сөзінен туындаған *bostanlık* (жеміс-жидек бақшасына арналған жер) деген сөз қазақша бостандық, яғни қазіргі қазақ тілінде мағынасы өзгерген және кеңейген.

4.6. Этимологияның түрлері (Köken Bilgisi Türleri)

Этимология кейбір ғылыми еңбектерде ғылыми этимология және халықтық этимология болып екіге бөлінсе [16, 179], кейбі-

реуінде ғылыми, қызықты және халықтық этимология болып үшке бөлінеді [8, 473].

Ғылыми этимология – сөздің шығу төркінін ғылыми еңбектерге, ғылыми дәлелдерге сүйеніп, көз жеткізе талдауды айтады. Ғылыми этимология түрік тілінде *İlmi Köken Bilgisi* терминімен берілсе, халық этимологиясы *Halk Köken Bilgisi* немесе *Halk Yakıştırması* деп аталады.

Халық этимологиясы құбылысын ағылшындар *polk (popular) etymology*, француздар – *etymologie populaire*, немістер *welks etymologie* деп атайды. Кейбір лингвистер мұны жалған (орысша – «ложная», ағылшынша *false*) этимология деп те атайды. Шындығында, бұл – жалған емес, сөз мағынасын бірсыдырғы ерекшеліктерімен қолданып, түсініп-түсіндіру тәсілінің бірі.

Халық этимологиясы – тілдегі кездейсоқ, басы артық, «еш-бір пайдасыз» құбылыс емес; бұл – тіл-тілде сөз тапқырлыққа мезгейтін, сөз мағынасын өзінше дәл түсіндіруге немесе қабылдауға талаптанудың бір түрі [16, 189].

«Стамбул» сөзінің ғылыми этимологиясымен салыстыра талданған халық этимологиясы туралы төмендегі пікірді ұсынуға болады. Doğan Aksan: «...İstanbul adı genel olarak «şehir doğru, şehir» anlamındaki Yun. / eis ten polin/ köküne bağlandığı halde kimi kaynaklarda İslambol olarak kullanılmış bulunmaktadır» [1, 103-104] (Истанбул есімі негізінен «қалаға қарай, қалаға» мағынасындағы гректің / eis ten polin/ түбірінен шықса да кейбір деректерде «ислам бол» мағыналы күрделі сөз түрінде қолданылған), – деп Evliya Çelebi Seyahatnamesi (1314/15 baskısı, I, 45; 49; Destarı Salih Tarihi, Ankara, 1962, 43) атты еңбекке сілтеме жасайды.

«Görüşmecî – Böyle açıklanınca insan ister istemez kabul etmek zorunda kalıyor. Peki, bazen bir sözcük halkın dilinde değişerek bambaşka bir kılığa bürünemez mi? Söz gelimi «İstanbul» kentini adı «İslambol»ken, çarpıtılarak «İstanbul» yapılmış.

Dilbilimci – Ne yazık ki söyledikleriniz gerçeği yansıtmıyor. Tam tersine, kentin adı «İstanbul»ken «İslambol» diyenler çıkmış. Biliyorsunuz kentin kurucusu, İmparator «Konstantin». Bu bakımdan, kente de «Konstantinopolis» denmiş. Eski Grekçede «polis»

«kent» demek. Halk ағзında ise «poli», «boli», «bolu» biçimleri gelişmiş. Nitekim bugün şu yer adlarında bu «polis» «kent» kökeni sezilebilmektedir: «İnebolu, Gelibolu, Hayrabolu, Safranbolu, Tirebolu» Böylece «şehir, kente» anlamına, «İstanbul» için kısaca «stin bolin» biçimi kullanılmış. Bu biçim de zamanla «istin bolin», «istan bol» gibi ara-biçimlerden geçerek «İstanbul» olmuş

Görüşmeci – Peki, «İslam bol» biçimi nereden çıkmış o halde?

Dilbilimci – Bir dile aykırı gelen her sözcüğe belli kökenler yakıştırma eğilimi her dilde var. Örneğe «buldozer»e «yoldüzer» denmesi. Bunun gibi «İstanbul»a da «İslambol» diyenler çıkmış. Belki de ilk başlarda Müslüman bol olmayan bir kent olduğu için böyle bir yakıştırma hoşа gitmiş, uygun kaçmış; kimi çevirelerde benimsenerek bugüne kadar da yaşamış. Böyle bir işleme dilbilimde Halk yakıştırması denmektedir; her dilde görülen bir şeydir» [4, 27].

Модульге қатысты тапсырмалар:

1. Этимология туралы өз пікіріңізді білдіріңіз.
2. Фонетикалық принципке сипаттама беріңіз.
3. Морфологиялық принцип туралы баяндаңыз.
4. Семантикалық принципке тоқталыңыз.
5. Тарихи принципке шолу жасаңыз.
6. Этимологияның түрлеріне тоқталыңыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Aksan D. Her Yönüyle Dil, Ana Çizgileriyle Dilbilim. III. Bölüm. Ankara, 1998. – 756 s.
2. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. – Алматы, 1995. – 414 б.
3. Әбдірахманов А. Қазақстанның жер-су аттары. – Алматы, 1959. – 219 б)
4. Dil Dergisi. Özcan Başkan Özel Sayısı. – Ankara, ağustos. – 1994. – 158 s.
5. Исқақов М. Халық календары. – Алматы, 1980. – 22 б.
6. Korkmaz Z. Gramer Terimleri Sözlüğü. – Ankara. Türk Dil Kurumu, 2010. – 296 s.

7. Калмыкова С.А., Саруева М.Ф. Грамматика ногайского языка. Ч. 1: Фонетика и морфология. – Черкесск, 1973. – 318 с.
8. Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы, 1999. – 754 б.
9. Қазақ тілі (энциклопедия). – Алматы, 1998. – 508 б.
10. Мұқанов С. Қазақ қауымы. – Алматы, 1995. – 162 б.
11. Мұсабаев Ф. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2008. – 469 б.
12. Откупщиков Ю.В. К истокам слова. – М. – 1973. – 256 с.
13. Silahdaroğlu F. (Düzenleyen). Divanü Lügati't-Türk'ten Derlemeler ve Uygulamalar. Ümit Yayıncılık Matbaacılık. – Ankara, 1997. – 210 s.
14. Тілеубекұлы Т. Сандар әлеміне саяхат. – Қарағанды, 1999. – 180 б.
15. Türkçesözlük. Ankara, 1988. I. c. – 278 s.
16. Хасенов Ә. Тіл Білімі. – Алматы, 1996. – 414 б.
17. Успенский Л. Слово о словах. – Л., 1971. – 716 с.

V модуль: 14-15 лекция

ТҮРІК ТІЛІНІҢ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ (TÜRK DİLİNİN TERİM BİLGİSİ)

Модульде қаралатын тақырыптар:

5.1. Терминология туралы жалпы түсінік (Terim Bilgisi Hakkında Genel Malûmat).

5.2. Түрік тіліндегі лингвистикалық терминдер мәселесі мен олардың жасалу тәсілдері (Türkçedeki Dil Bilgisel Terim Sorunları ve Terim Yarma Yolları).

5.2.1. Лингвистикалық терминдердің морфологиялық тәсіл арқылы жасалуы (Dil Bilgisel Terimlerin Yarı Bilimsel Metodu).

5.2.2. Лингвистикалық терминдердің синтаксистік тәсіл арқылы жасалуы (Dil Bilgisel Terimlerin Söz Dizimsel Metodu).

5.3. Хамза Зүлфікар: Түрік тілінің кірме терминдері және оларды түріктендіру туралы (Hamza Zülfikar: Türkçedeki Yabancı Terimler ve Onları Türkçeleştirme Hakkında).

5.1. Терминология туралы жалпы түсінік (Terim Bilgisi Hakkında Genel Tanıtım)

Терминдер – ғылым мен техниканың, өнер мен білімнің әр саласына тән арнайы сөздер, тілдің лексикалық қорындағы белгілі бір сөздердің сөзжасам тәсілдері арқылы жасалып, жаңа мағынаға ие болу қабілеттілігі бар туынды сөздер мен екі, үш немесе төрт сыңардан құралған сөз тіркестері, мүмкіндігінше бір (дара) мағынада жұмсалатын (екіүшты мағына бермейтін) нақты да ықшам сөздер, адамның көңіл-күйіне, қуаныш-ренішіне әсер етпейтін бейтарап сөздер, ғылыми сала мамандары арасында жиі, қарапайым халық арасында сирек қолданылатын сөздер.

Ал осы ғылым мен техниканың әр саласында жұмсалып келе жатқан әр халыққа тән отандық (ұлттық) және ортақ ұғымды білдіретін халықаралық (әлемдік) терминдерді, олардың беретін мағыналары мен атқаратын қызметін, жасалу тәсілдері мен құрылымдық сипатын, шығу төркіні мен қайнар көздерін, халықаралық ерекшелігі мен тарихи өзгерістерін, қолданылу жиілігі мен бір қалыпқа түскен жүйелілігін зерттеп зерделейтін, ғылыми терминдер сөздіктерін талдап талқылайтын ғылым саласын терминтану немесе терминология дейді.

Жалпы термин туралы төмендегідей пікірлерге көңіл аудару керек:

«Лингвистические основы терминологии» [26] провел сравнительный анализ слова «термин» в различных европейских языках. Ученый отметил, что для передачи слова «термин» используются схожие формы написания и произношения. Так, в английском языке – term, немецком – terminus или term, французском – terme, итальянском – termine, испанском – termino, португальском – termo, финском – termi, чешском, русском, словацком – termin» [26, с. 9]. Ряд исследователей относит происхождение и значение этого слова к латинскому, другие – к греческому языку. В.Н. Шевчук отмечает, что в период средних веков латинский вариант terminus стал переводиться как «определение, обозначение» от старо-французского terme в значении «слово» (см. подробнее в [1, с. 13]). Однако многие ученые (М.Ф. Хиджази, А.В. Суперанская и соавторы и др) полагают, что латинское слово terminus, где термин обрел свое терминологическое значение, связано с греческим словом termo в значениях край, предел; исход, результат; конечный столб на ристалищах [ҚӘ 2, 16-17].

Түрік ғалымы Хамза Зүлфикар терминдерге төмендегідей анықтама берген:

1. *Anlamları dar ve sınırlı olan terimler, bilim dallarının, sanat ve meslek kollarının mensupları arasında kısa yoldan anlaşmayı sağlayan sözlerdir.* (Мағыналары тар және шектеулі болып келетін терминдер – ғылым, өнер және кәсіби салалармен шұғылданатын адамдардың қарым-қатынас құралы).

2. *Terimlerin en başta gelen özelliklerinden biri bir bilimsel kavrama tek karşılığın bulunmasıdır.* (Терминдердің ең негізгі ерекшелігі – бір ғылыми ұғымның атауы болу).

3. *Terimlerin anlamları sabittir ve cümle içinde olsa bile değişik anlamlarda kullanılamazlar.* (Терминдердің мағынасы тұрақты және сөйлемде сол мағынасында қолданылады).

4. *Terimlerin bildirdiği anlam yoruma açık değildir ve karşıladıkları kavramı net, açık ve kesin bir biçimde bildirirler.* (Терминдердің білдіретін мағынасы жорамалдауға, өз бетімен түсінік беруге жол бермейді және ұғымы дәл, анық және нақты болады).

5. *Terimler halkın söz varlığında yer almaz ama halk ağzında kullanılıp da sonradan terim özelliği kazanmış kelimeler vardır.* (Терминдер қарапайым халық лексикасынан орын алмайды, бірақ жергілікті ерекшелікте қолданылып, кейіннен термин ретінде жұмсалатын сөздер бар) [3, 20-21].

Сонымен қатар, жалпы алғанда, терминдерден мынандай ерекшеліктерді іздеуіміз керек:

1. *Meslekler, sanatlar ve bilimler, insanlığın var oluşuyla başladığına göre, terimlerin tarihi de, insanlık tarihinin başlangıcına kadar uzanır.* (Кәсіп, өнер және ғылым адамзаттың пайда болуымен тікелей байланысына қарағанда, терминдердің тарихы да адамзат тарихымен үштасады).

2. *Terimler, aynı dil ailesi içinde bir birlik gösterebileceği gibi, aynı lehçeler veya aynı ağızlar içinde de kullanım alanı bulmuş olabilir. Söz gelimi, bağcılık terimleri Erzincan ağzıyla Manisa ağzında farklılık gösterebilir.* (Терминдер бір тіл семьясы ішінде бір мағынада қолданылса да, диалектілер арасында басқа-басқа мағыналарда жұмсалуды ғажап емес. Реті келгенде айта кету керек, Ерзинджан диалектісі мен Маниса диалектісі терминдері бір-бірінен өзгеше болуы мүмкін).

3. *Meslekler, sanatlar ve bilim dallarına ait terimleri, aynı alanı paylaşmayan kişilerin, mutlaka bilmesi gerekmez.* (Кәсіп, өнер және ғылым салаларына тән терминдерді сол салалармен шұғылданбайтын адамдардың міндетті түрде білуі талап етілмейді).

4. *Terimler, tıpkı deyimler gibi, az kelime ile kurulup, geniş anlamlara doğru uzanır.* (Терминдер де тұрақты сөз тіркестері сияқты бір сөзбен көп мағынаны білдіре алады).

5. *Terimlerde anlam kayması ve anlam genişlemesi olmaz. Yani her terimin kullanım alanında tek karşılığı olmalıdır.* (Терминдерде мағынаның ауысуы немесе кеңеюі болмайды. Яғни, әрбір терминнің қолданылатын саласында бір ғана баламасы болуы шарт).

6. *Terimlerde, yan anlam veya mecaz anlamı da bulunmaz. Her terim kendi asıl anlamını korur.* (Терминдерде туынды немесе ауыспалы мағына болмайды. Әрбір термин өзінің тура мағынасында жұмсалады).

7. *Terimlerin, aynı konuyla ilgilenen bilim ve sanat adamları arasında, ortak kullanım alanı bulması gerekir. Bu açıdan, fertler tek başlarına terim yapamazlar veya yapılan terim toplumun malı olamaz* (Терминдердің бір саламен шұғылданатын ғылым мен өнер адамдарына ортақ болуы керек. Осы тұрғыдан алғанда жеке тұлға өз тарапынан термин жасай алмайды немесе термин жасаған жағдайда, ол термин қоғамға қызмет етпейді).

8. *Her terimin kendi ana dilinden gelen kelime ve yapımlarıyla oluşturulması, o terimin anlaşılır olmasını sağlar ve öğretimde bir kolaylık, tasarruf ve güzelliği beraberinde getirir.* (Әрбір термин ана тілдегі сөз және сөзжасам жұрнақтары арқылы жасалуы, жалпыға түсінікті, жеңіл, ыңғайлы да әдемі болуы шарт).

9. *Terimler, türetilirken doğru yol izlenmeli; kullanımdan kalkmış veya kullanım alanı dar bir çevrede kalmış kelimelerle, işlevi az olan eklerden, terim türetme yoluna gitmemelidir.* (Терминдерді жасағанда дұрыс жолдың таңдалуы, яғни қолданыстан шыққан немесе қолданылу шеңбері тар сөздер мен өнімсіз жұрнақтардың көмегімен терминжасамға жол беруге болмайды).

10. *Türetilen terim, bir kakofoni yaratmamalı; akıcılığı ve ritmi olmalıdır.* (Термин ретінде қолданысқа енген сөз какофония туғызбай, жатық та қолданысқа ыңғайлы болуы керек).

11. *Terimler, ait oldukları bilim ve sanat dallarına özgü olmalı; bilim ve sanatlar arasında bir karşılığa yol açmamalıdır.* (Терминдер өздері қолданылатын ғылым мен өнер саласына тән болып, ыңғайсыздық туғызбауы керек) [Türk Dilinde Terimler: 75, 76].

5.2. Түрік тіліндегі лингвистикалық терминдер мәселесі мен олардың жасалу тәсілдері (Türkçedeki Dil Bilgisel Terim Sorunları ve Terim Yapma Yolları)

Қазақ тіліндегі сияқты түрік тілінде де ғылым салаларының атаулары болатын терминдер соңғы 80-90 жыл ішінде қалыптаса бастады. Олардың арасында Батыс тілдерінен енгендері де, араб, парсы тілдерінен ауысқандары да, түрік тілінің сөзжасам тәсілдері арқылы жасалғандары да кездеседі. Қазіргі таңда да түрік тілінің лингвистикалық терминдері тілші ғалымдар тарапынан өркелкі қолданылады.

Мәселен, Батыс тілдерінен (грек-латын) енген төмендегі терминдердің мағыналық баламасы түрік тілінде бірнеше мән-дес сөз және сөз тіркестері арқылы берілген:

10 *Semantique* (семантика), *anlambilim*, *anlam bilgisi*, *mana bilgisi*, *semantik*0

20 *Metathese* (метатеза), *yer deęişimi*, *yer deęiştirme*, *göçüşme*, *atlama*, *ses aktarımı*, *metatez*0

30 *Diphthonge* (дифтонг), *ikili ünlü*, *ikili vokal*, *ikiz sesli*, *çift ünlü*, *diftonge*0

40 *Diction* (дикция), *söylem*, *söyleyim*, *diksiyon*0

50 *Syntaxe* (синтаксис), *sözdizim*, *söz dizimi*, *cümle bilgisi*, *dizimleme*, *tümcebilim*, *dizimbilim*, *sentaks*0

60 *Lexicographie* (лексикография), *sözlük bilimi*, *sözlükçülük*, *lugat bilgisi*, *sözlük yazarlığı*, *leksikografi*0

70 *Voyelle* (вокализм, дауысты дыбыс), *ünlü*, *sesli*, *ünlü ses*, *ünsel*, *özgü*, *fonem*, *vokal*0

80 *Consonne* (консонант, дауыссыз дыбыс), *ünsüz*, *sessiz*, *konsonant*0

90 *Nominatif* (номинатив, атау септік), *yalı n hal*, *salt hal*, *doęru hal*, *asıl hal*, *kim hali*, *nominatif (hali)*0

100 *Datif* (барыс септік), *yönelme hali*, *verme hali*, *yaklaşma hali*, *girme hali*, *yakınlık durumu*, *kime hali*, *datif (hali)*0

110 *Accusatif* (аккузатив, табыс септік), *yükleme hali*, *yapma hali*, *belirtme durumu*, *etkilenme hali*, *kimi hali*, *akkuzatif (hali)*.

Келтірілген мысалдардан байқалғандай, грек-латын кірме сөздерінің түрік тіліндегі баламасын беруде ала-құлалықтар байқалады.

Түріктер Шығыс тілдерінен араб тілін ғылым тілі, ал парсы тілін көркем әдебиет тілі ретінде қабылдады. Осындай себептерге байланысты араб тілінің лингвистикалық терминдері түрік тілінде көптеп қолданыла бастады. Терминдердің арабша қолданылуы түрік тілінің ғылым тілі ретінде жұмсалыуына кедергі жасап қана қоймай, түрікше ойлауға, сөйлеуге мүмкіндік бермеді.

Араб және парсы тілдерінің 1924 жылдан бастап түрік мектептерінде оқытылмауына байланысты ол тілдерден сөздердің қолданылуына кедергі жасала бастады. Алғашында араб тілі терминдерімен қоса олардың мағынасын түсіндіретін түрікше терминдер қолданылды. Осылайша түрікше терминдердің жасалуы жолға қойылды. Бірақ, жоғарыда әңгіме еткеніміздей, бір терминнің баламасы бірнеше мәндес сөздермен беріліп отырды және бүгінге дейін солай қолданылып келе жатыр. Мысалы:

10 *Cümle-i basite* (жай сөйлем), *basit cümle, yalı n cümle0*

20 *Kelime-i basite* (түбір сөз), *basit kelime, yalı n kelime, kök, temel kelime0*

30 *Bina* (етіс), *bina, çatı0*

40 *Lisan – i edebi* (әдеби тіл), *edebi dil, edebiyat dili, yazın dili0*

50 *Fiil* (етістік), *eylem, fiil0*

60 *Cümle-i fiiliyye* (етістікті сөйлем), *eylem cümlesi, fiil cümlesi0*

70 *Masdar* (тұйық етістік, қимыл атауы), *eylem ismi, fiil ismi, ad fiil, ad eylem, kılış adı, isim-fiil, mastar0*

80 *Zamir-i işaret* (сілтеу есімдігі), *gösterme zamiri, işaret zamiri, im adılı0*

90 *Ahval-i isim* (зат есімнің септелуі), *hal, durum, isim hali, ad durumu0*

100 *Heca* (буын), *hece, seslem0*

110 *İmla* (емле), *yazı lı, yazım, sağıyazı, imla0*

120 *İsim* (зат есім), *isim, ad, varlı k adı0*

130 *Mukayese* (салыстыру), *karşı laştırma, mukayese0*

140 *Kelime* (сөз), *söz, sözcük, kelime0*

150 *Sı fat-i adediyye-i kesriyye* (бөлшектік сан есім), *kesir sayı sıfatı, kesir sayılan, kesirlik sayı*.

Осы мысалдардан ұққанымыз, арабша күрделі атаулардың грамматикалық қалыбы, бір-бірімен тіркесу ерекшелігі түрік тілінде қолданылмағанымен, көптеген терминдер (*basit cümle, kelime, bina, edebi, fiil, masdar, zamir, m.б*) сол күйі пайдаланылады және олар түрік тіліндегі баламаларымен толық синоним (*kelime-söz, lisan-dil, fiil-eylem, işaret-gösterme, imla-yazış, isim-ad, zamir-adıl, sıfat-önad, v.b.g*) бола алады.

Түрік тіліндегі лингвистикалық терминдер өзінің ішкі даму мүмкіндігін пайдалана отырып, төмендегідей сөзжасам тәсілдері арқылы жасалады:

5.2.1. Лингвистикалық терминдердің морфологиялық мәсіл арқылы жасалуы (Dil Bilgisel Terimler Yarı Bilimsel Metodu):

-ma / -me: *abartma* (әсірелеу), *daralma* (тарылу), *dudaklaşma* (лабиалдану), *göçüşme* (ауысу, метатеза), *ikizleşme* (геминация), *incelme* (жіңішкеру), *kalınlaşma* (жуандау), *karşılaştırma* (салыстыру), *kaунаşma* (кірігу), *kısaltma* (қысқарту), *küvetlendirme, pekiştirme* (күшейту), *türetme* (сөзжасам, сөз туындату) және т.б.

-m / -im, -im, -um, -üm: *anlam* (мағына), *bağlam* (контекст), *büküm* (флексия), *çekim* (септеу, жіктеу), *deyim* (тұрақты сөз тіркесі), *seslem* (буын), *iletişim* (коммуникация).

-ici / -ici, -ucu, -ücü: Бұл жұрнақ көбіне төмендегідей күрделі терминдердің бірінші сыңарына жалғанып, күрделі терминнің жасалуына себепші болады. *Bağlayıcı ünsüz* (дәнекер дауыссыз), *akıcı ünsüz* (үнді дауыссыз), *sızıcı ünsüz* (ызың дауыссыз), *gerileyici benzeşme* (кейінді ықпал), *ilerleyici benzeşme* (ілгерінді ықпал), *ayrıcı işaret* (диакритикалық таңба).

Бұлардан басқа өнімсіз немесе құранды жұрнақтар арқылы да тіл білімі терминдері жасалған.

-m+ -daş: *anlamdaş* (мағыналас); -m + -tı: *alıntı* (кірме); -ç: *bağlaç* немесе *bağlama edatı* (жалғаулық шылау); -li: *canlı* (өнімді, тірі); -üm + -lü: *bükümlü* (қопармалы); -me + -li: *eklemeli* (жалғамалы) және т.б.

Соңғы уақытта Батыс Еуропа тілдерінен енген «*parantez*» сөзі бөліп көрсетуден (*ayırmaktan*) «*ayır + aç > ayıraç*» (жақша), «*rapor*» сөзі жазудан (*yazmaktan*) «*yaz + it > yazıt*» (жазба), «*tablo*» сөзі сызудан «*çiz + elge > çizelge*» (сызба, кесте) болып жұмсалуда.

5.2.2. Лингвистикалық терминдердің синтаксистік тәсіл арқылы жасалуы (Dil Bilgisel Terimlerin Söz Dizimsel Metodu):

Екі сөздің тіркесуінен жасалады: *ahenk vurgusu* (музыкалды екпін), *açık hece* (ашық буын), *açık ünlü* (ашық дауысты), *ad bilimi* (ономастика), *akraba diller* (туысқан тілдер), *alt dudak* (төменгі ерін), *ana cümle* (басыңқы сөйлем), *ara cümle* (қыс-тырма сөйлем), *eski kelime* (көнерген сөз) және т.б.

Үш сөздің тіркесуінен жасалады: *asıl sayı sıfatı* (есептік сан есім), *çift dudak ünsüzü* (қос ерін дауыссызы), *halk köken bilimi* (халық этимологиясы), *genel dil bilimi* (жалпы тіл білімі) және т.б.

Төрт сөздің тіркесуінен жасалады: *eş zamanlı dil bilimi* (синхрониялық тіл білімі), *art zamanlı dil bilimi* (диахрониялық тіл білімі), *geçmiş zaman sıfat fiili* (өткен шақ есімшесі), *gelecek zaman sıfat fiili* (келер шақ есімшесі) және т.б.

Батыс тілдерінен енген кейбір біріккен сөздер мен түбір сөздердің түрікше баламалары сөз тіркестерімен ауыстырылуда. Мысалы: «*kartvizit*» сөзі онда жұмысқа, іске қатысты мәлімет берілетіндіктен «*iş kartı*» (мекен-жай жазылған карточка); «*faks*» сөзі белгілі бір құжаттың жеткізілуі мақсат етілетіндіктен «*belge geçer*» (мәлімет өткізетін, мәлімет өткізуші) болып қолданылады.

5.3. Хамза Зүлфикар: Түрік тілінің кірме терминдері және оларды түріктендіру туралы (Hamza Zülfikar: Türkçedeki Yabancı Terimler ve Onları Türkçeleştirme Hakkında)

Ғылыми ұғымдар жүйесін түрік тілі тұрғысынан бір ізге салып реттеу, сөзжасам тәсілдерін пайдалана отырып жаңа атау-

лар, ғылым тілін жасау да түрік тілші ғалымдарының алдында тұрған басты мәселе болып саналады.

Сол себептен де Джелал Нури «Türk İnkılabı» атты кітабында:

«*Telgraf, uzakyaz; fotograf, ışık yaz; fonograf, ses yaz; teleskop, uzakgör; mikroskop, ufakgör; eczahane, ilaçlık; termometre, ısıölçü; hidrometre, nemölçü; sismometre, sarsölçü; vinç, çeke; asansör, çıkacı; pardesü, üstlük; lokomotif, çeker; psikoloji, canbilgi; meteoroloji, havabilgi; biyoloji, hayatbilgi; antropoloji, insanbilgi, vb*», – дейді.

Bu örneklerin yeni harflere geçilmeden ve dil inkılabından önce önerilmiş olması ilgi çekicidir. Bu terimlerden *ısıölçü (termometre), nemölçü (hidrometre), ses yaz (fonograf)* örnekleri *ısıölçer, nemölçer, ses yazar* şeklinde bugün dilde yerini bulmuş, birleşik yazılmalар Türkçe terimlerdir [1, 7].

«Біреуі Шығыс тілінен, екіншісі Батыс тілінен алынған мән-дес сөздерді бір жерде қолдануға етіміз үйренген. *Antibatı* (Батысқа қарсы бағытталған) сөзіндегі сияқты түрік сөздеріне Батыс тілдерінен енген сөз алды жұрнақтарын қосатындар – қате қолданысты түсінбейтіндер.

Müstahsil сөзінің орнына *üretici* (өндіруші) есімінің оп-оңай қалыптасуы, бұған қарсы *rüya* сөзінің орнына түрікше *düş* (түс) сөзінің қолданылмауы мамандарды ойландырмайды. Тағы бір қызық нәрсе – төркіні арабша *beraat* (ақтау, айыпсыз деп табу), *terhis* (әскерден қайтару), *irsaliye* (тауарлар тізімі) сөздерін халықтың білуі және орынды қолдануы. Араб негізді *acele*, парсы негізді *çabuk* сөздерінің түрікше баламасы *ivedi* (асығыс, тығыз, шұғыл) сөзін ығыстырып, оның орнына қолданылуы. *İvedi* сөзінен туындаған *ivedilikle* (шұғыл түрде) сөзі түбіріне қарағанда жиі қолданылады. Ауруханаларда әбден орныққан *acil* (шұғыл) сөзіне барлық жұмыс бітіп, тек осы қалғандай *hızlı bakı* (шұғыл қарау) дейтіндер де табылады.

Sigorta (сақтандыру), *gazete* (газет), *prospektüs* (даңғыл), *deplasman* (сырт алаң – командалардың басқа жерге жарысқа баруы), *parametre* (параметр), *bandrol* (этикетка) сияқты қазіргі түрік тілінде жүздеген Батыс төркінді кірме сөз бар. Бұларды

неге жат көрмейсіз, бұларға неге балама іздемейсіз деп сұрағанымызда бұндай сөздердің халықаралық деңгейде қолданылатыны жайында жауап аламыз. Алайда халықаралық сөздерге *metre* (метр), *santim* (сантиметр), *baz* (негіз, база), *alkol* (спирт), *hidrojen* (водород), *oksijen* (кислород), *potasyum* (калий), *bor* (бор), *otobüs*, *elektrik* дегендерді жатқызамыз.

Біздегі басқа бір келеңсіз жағдай – түрік тілі мамандарының тіл мәселесін көтермеуі. Анкара мен Стамбул қалаларын қоспағанда, басқа қалалардағы университеттерде қызмет атқарып жүрген түрік тілі оқытушыларының түрік тілінің өзекті мәселесі жайында теледидарға сұқбат бергенін байқамадық. Әр түрлі мамандық иесінің тіл туралы өз ойын айтуына, пікір білдіруіне, теледидар талқылауларына қатысуына құқығы бар. Осы сияқты мәселелер медицина, әскерлік, зілзала немесе құқық тақырыбына сөз болғанда, жағдай өзгеріп сала береді. Ондай сұқбатқа шақырылғандар – халыққа танылған, аты шыққан белгілі мамандар. Ал тілге келгенде біреудің қате сөйлегенін екіншісі дұрыс дейді, сонымен жабулы қазан жабулы күйінде қалады. Олардың ойынша, түркітану мәселесі, түрік тілі талқыға салатын ғылым саласы емес.

Түрік тілі мен әдебиеті оқытушы-профессорлары университет іс-шараларында белсенділік таныта алмай тыс қалуы, ондай шараларға маманданбаған, тәжірибесі аз біреулер шақырылуы мүмкін. Мұндай ұстаным кейде идеологиялық мәселе болуымен қатар «тіл тақырыбында бәрі де сөйлей алады, тіл мәселесін бәрі де біледі, оның кем-кетігін орнына келтіре алады» деген түсініктен туады. Негізінде көптеген қате бағыт-бағдар берудің тәркінінде көп жылдар сол салаға еңбегі сіңген, өмірлік тәжірибесі мол адамдардың пікіріне құлақ аспау, оларды керек қылмау жатады.

Тек жоғары оқу орнында емес, орта мектептерде де мамандыққа қажетінше көңіл бөлінбейді. Тіл және әдебиет, география факультетінен және басқа да әдебиет факультеттерінен білім алып, түлеп ұшқандардың көбі мектептерде сабақ бере алмайды. Оқытушы зәрулігі басқа мамандық иелерімен қамтамасыз етіледі. Мектептерге арналған оқулықтарда жіберілген қателіктер

– маманға көңіл бөлмегендіктің, оқулықтарды маман дайындамағандықтың нәтижесі. Университетке түсу сынақтарында жыл сайын түрлі қателерге тап боламыз. Маман тағайындауда студент уақытындағы белсенділік пен жетістіктер, сол кезде алған жоғары бағалары ескерілмейді.

Шет тілдерден аударылған еңбектерді оңай түсіну мүмкін емес. Түсініксіздіктің негізгі себебі – аударма жасағандар түрік тілін сол тілдің маманы дәрежесінде білмеуі. Біздегі көрініс, өкінішке орай, осындай.

Бізде саясатшылар, үкіметшілдер тіл тақырыбына иілмейді. Ататүрік бастап беріп, Исмет Инөнү жалғастырған ағым мәні мен маңызын жойып алды.

Әдеттену – басқа мәселе. *Reseptör* (радиоқабылдағыш) сөзіне *almaç* балама бола алатынын айтқанда, зиялы қауым үйренген сөзіне *almaç* сөзін айырбастамайды. Химик «анализден» (*analiz*) бас тартпайды, қалыптасқан көптеген тәжірибелердің атына байланысты екенін айтып, оның баламасы *çözümleme* сөзінен ат-тонын ала қашады. *Çözümleme*, біріншіден, Шығыс төркінді *tahlil*, екіншіден, Батыс төркінді *analiz* баламасы ретінде алынып отыр. Түрік тілі мен әдебиеті оқытушыларының кейбіреуі *cümle tahlili* (синтаксистік талдау) десе, кейбіреуі *cümle çözümlemesi* терминін қолданады. Қазіргі уақытта университеттерде оқытушы-профессорлардың жоғары лауазымға көтерілуі немесе тағайындалуы үшін халықаралық журналдарда жарияланымда *atf analizi* (сілтеме анализі) терминімен «анализ» сөзі басқа бір салада қолданыла бастады.

